

12016

334610

Рахымхан Сәлменұлы

# ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ



ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ



Рахымхан Сәлменұлы

# ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

*Өлеңдер жинағы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122-1

КБЖ 84 (5 Қаз)-5

С 28,

### Сәлменұлы Р.

Жүрек қалауы: өлеңдер жинағы / Р. Сәлменұлы. — Алматы: Қазақ университеті, 2015. — 357 б.

ISBN 978-601-04-0714-5

«Жүрек қалауы» атты өлеңдер жинағы Ұлы Отан соғысында қаза болған Сәлмен Қалиақпарұлының рухына арналады.

Автор Отан, туған жер туралы тақырыптарға қалам тартып, бата тілектер жазған.

Жинақ көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Қаз)-5

© Сәлменұлы Р., 2015

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

ISBN 978-601-04-0714-5





Мен осы еңбегімді  
Ұлы Отан соғысында қаза болған Әкем —  
Қалиақпарұлы Сәлменге арнадым.  
Топрағың торқау болсын Әке.

## АВТОРДАН

Мен өлең жазуға құмар болған адам емеспін, анда-санда ойыма келген өлең шумақтарын кейбір кезде қағазға түсіріп қалдыратын әдетім бар еді.


Еліміз тәуелсіздік алып, қазақ елі болып, өз жеріміз жаңа астанамыз — Астана қаласы қалыптаса бастағаннан бастап менде Отаныма деген сүйіспеншілік арта түсті.

Сонымен қоса көз алдымда болып жатқан келеңсіз қағидаларды да көре отырып, мұны да ескерусіз қалдыруға болмайтынын түсіндім.

Еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгі Ел» — деген идеясы мені біржола баурап алды, қатты толқытты. Жасыма қарамай бір тың дүниеге қол созғандай болдым. Бойыма шабыт бітті, сол сәттен бастап, қолыма қалам алып, өзімше жаза бастадым. Өмірдің кейбір өткен сәттері де ойға түсті. Аз болса да барымды жинақтай бастадым. Мен ақын емеспін, осы жинағымда кейбір ретсіз жағдайлар болуы мүмкін, сол үшін алдын ала, осы жинағымды оқыған оқырмандардан кешірім сұраймын. Егер де менің жазғандарым кейбір адамдардың ойымен ұштасып өзінің нақтылы қажеттілігін тауып жатса, онда құба-құп, қуанамын.

Зор құрметпен осы жинақтың иесі

# Отан, Жер



Қазақстан 2050. МӘҢГІЛІК ЕЛ

## МӘҢГІЛІК ЕЛ

---

Жырланбай ақындардан жыр қалған ба?  
Бойына шабыт келіп толғанғанда.  
Асқары биік айдыңды даналардың  
Болғаны бұл дүниеде ол жалған ба?

Талдап бір кітаптарды қолға алсаңыз  
Ойларды одан алған толғансаңыз  
Бәрі бар дүние-мүлік, танымдары  
Қызықтап бұл өмірді шарласаңыз.

Толтырып, топшылап бар ойларыңды,  
Бастасаң ойда жүрген жайларыңды.  
Табасың одан асыл қазынаны  
Келер күн, одан арғы тойларыңды.

Шарқ ұрып араласаң жерді көкті,  
Бағдарлап бейқам жатқан ойды-бетті.  
Сансыз жыр шиырылғып үн қатады  
Білдіріп тарих тілін сөйлеп кетті.

Мен мұңдалап алдыңнан шығар биік  
Жотадан көрінеді арқар, киік.  
Желмаямен алдыңнан желе жортқан  
Табасың Асан қойған жерді ұйық.

Қай заман, сол заманнан өтті заман  
Дөңбекшіп жерде жатты тозаңдардан  
«Әділет қайдасың?» – деп жоқ іздеген  
Өгіпті тобыменен талай Арлан.



Бәріңе мәлім болған өткен тарих,  
Жыр еткен ақындарың бар ақиық.  
Білместің, надандардың, көрместердің  
Болмайық соқыр сезім кел таныық.

Тарихтың көз жіберсең қойнауына  
Мән берсең оқып тұрып байлауына  
Көресің, таң боларсың, ұғынарсың  
Жүргендей Адам-ата жайлауында

Арман көп ақтаратын барлық сырды  
Олар да тарих бетін былай бұрды  
Төпелеп, қатігездік, жауыздықпен  
Мойныңа құрық салды оңды-солды.

Көнбедік, кедергіге төтеп бердік  
Одан да талай-талай таяқ жедік  
Бөлшектеп жерімізді тілгіледі  
Бұралтып тілімізді оны көрдік

Жалғанның ақиқаты дінге сендік  
Ендігі жерімізде болмас желік  
Орнатып «қазақ» деген ұлы елді  
Есесін, еселеп, есеп бердік

Елім бар Қазақ елі, тарих білген  
Замана бірлігімен ойып тілген  
Жерім бар, шет қиырсыз, шекарасыз  
Барлығы осы елімнің тілін білген

Мәңгілік бізді тосқан ғасырлар бар  
Жольңды сызып берген жасындар бар  
Елімнің мәртебелі, ел иесі  
Нұрсұлтан Назарбаевтай асылдар бар.



Елімнің болсын десең абыройы  
Достық пен қуаныштың ертең тойы  
Сайланып сан жылдарды оздырарсың  
Кемеңгер заманымның ақыл ойы.

Дарынды жастарым бар ойы толған  
Алланың сыйы болып бақыт қонған  
Тілеймін мен сендерге аманшылық  
Қарыштап жасай берші алға қадам.

Елімнің ұлы жеңіс атырабы  
Бәріңді, сол жеңіске, шақырады  
Байлығы ұшан-теңіз қол тимеген  
Халқымның игілігі үшін жатыр әлі.

Меңгеріп сол байлықты көрсет ерім  
Мойныңнан мен көрейін аққан терін  
Бүгін сен «Мәңгі елдің» күәсі бол  
Мейман дос, құрыш-қайрат күрескерім.

Бесжылдық жоспарыңмен алдың белді  
Төрт жылы орындалды, кезек келді  
Асырып ел байлығын топшыладың  
«Үздік» деп бұл жеңіске баға берді.

Тұрмадың бір орында қарыштадың  
Алдына шықтың міне жарысты алдың  
Межелі елу елдің қатарында  
Көріңдің биігінен табыстардың.

Ендігі біздің меже «Мәңгілік ел» – деген  
Мәңгілік боларына халқым сенген  
Қолға алдың екі мың елу стратегиясын  
Сөз тыңдап теледидардан көзім көрген.



Сенемін сенің өсу жолдарыңа,  
Жетілген сенімді еңбек тұрлауыңа.  
Бойыңда ұлы халқым күш жігерің,  
Ешкімнің төзбейсің сен қорлауына.

Жоспарың белгіленген айқын да, анық  
Келеді, күннен-күнге, айқындалып.  
Елімнің болашағы Мәңгі болмақ  
Сеніммен қарасаңыз жүрек жарып.

Жасай бер менің елім, Мәңгі елім,  
Жайнай бер суым, көлім, асқар белім.  
Жерім бар жер жанаты аталатын  
Қойнауынан ақтарылған қанша кенім.

Айбынды асқары биік Астанам бар  
Және де толып жатқан бас қалам бар  
Барлығы тарих бетін жазған дана  
Келешек ел билеуші жастарым бар

Білмеген, түсінбеген жерлерім бар  
Жаз өтіп, сарғыш тартқан күздерім бар  
Жазылмай өткен кеткен қала берсе  
Артымда мені жалғар іздерім бар

Тарихтың тереңіне бойламадым  
Жас келді жайлауына жайламадым  
Ойымды терең ұғып түсінерсің  
Болса егер, түпсіз терең, ойда арманың

22 қаңтар 2014 жыл  
Семей қаласы

Жүрек қалауы



# ДАЛАМНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнадым

---

Дүбірлеп өткен қай заман  
Дүрлігіп көшкен ел аман  
Жаратушы бір Алланың  
Қолдауын тапқан басты арман.

Қарасай батыр елінде,  
Төрткүл дүние төрінде.  
Келіпті сәби айдарлы  
Алты қарыс маңдайлы.

Түсінде анасы көреді  
Бабасы аян береді.  
Ақбоз атпен жорытып  
Сәбиіне тақау келеді.

Тегін емес деп бұл түсті  
Жиып қария сыйласын.  
Шашу шашты той жасап  
Қошеметтеп тумасын.

Нұрсұлтан — деп ат қойды,  
Сырып тастап басқа ойды.  
Бірлігін елімнің шешер деп,  
Көреген қария шарт қойды.

Өсе келе балаға  
Әжесі ақыл береді.  
Халқының айтып нақылын,  
Ұлылығын тереді.



Даналардан ой жалғап  
Маңдайын сипап жыр толғап  
Дарынды немерем болсын деп  
Көерін анық көрсін деп

Ойы айқын, қабілетті  
Еркімен өсіп жүрсін деп  
Демеу берді тербетіп  
Бесігін ырғап желдетіп.

Әжесінің тыңдап ақылын,  
Бойына сіңіріп ақырын.  
Елінде жердің «Үш қоңыр»  
Өседі бала Нұрсұлтан  
Таңдандырып жақынын.

Топырағынан жердің нәр алып  
Суынан қанып сусындап  
Аязына қыстың шынығып  
Шыңына шағып тынығып  
Ер жетті Ұлан Өр болып

Астына мініп тұлпардай  
Ат үйретті сұңқардай  
Аралап елдің төскейін  
Жерін де көрді бірталай

Жолдас тапты бағы артық  
Түрік, орыс, инғуштан..  
Достықты жүрді жаңартып  
Артық көріп туыстан

Жоқшылық көрген кемдердің  
Алғысын алды тең көрдің  
Жүрегің жомарт өзің мәрт  
Жақсылар айтқан сөзге ердің



Қамқоршысы болып жастардың  
Мектебіңді алға бастадың  
Сол кезде біткен бойыңа  
Арманыңды іздеп қостадың

Ұлы көшке ілесіп  
Жолыңды таптың бірлесіп  
Оқуда озат дарынды  
Көрсеттің қабілет барыңды

Мамандық алып күзбастан  
Темір тауға оралдың  
Ойыңды басқаға бұрмастан  
Темірді балқытып баптадың

Қанатыңды қатайттың  
Шыңнан ұшқан қырандай  
Көрсетіп еңбек ерлігін  
Алда болдың біріңғай

Досыңды сүйдің арда еттің  
Ығын таптың топ ерттің  
Білмегенін достың білдіріп  
Ақыл, кеңес жол тарттың

Еңбегіңді елің бағалап  
Біліміңді көріп саралап  
Басшысы етті жастардың  
Бойында бар деп зор талап

Сыбанып білек, саспадың  
Ілгері жұмысты басқардың  
Атың шығып әлемге  
Жорықты тағы бастадың

Тыңнан тігіп тың өлке  
Уақытты бөлдің қас-қағым  
Қызуымен қызып домнаның  
Есейді осылай жас шағың



Еркін билеп, төске өрдің  
Ел намысын ескердің  
Елімді азат етем деп  
Болмыстарға дес бердің

Ұшар биікке самғадың  
Өз жолыңды таңдадың  
Орындалу үшін арманың  
Жолыңда күрес талмадың

Ауырын елдің арқалап  
Бойыңда толқын бар талап  
Ойыңды шоқпен түлетіп,  
Еліңді жүрдің оятып

Қарасай батыр бабаңның  
Қайраты бітіп бойыңа  
Ерлікпен төтеп тасқынға  
Тойтарыс бердің асқанға

Тоз-тоз болған еліңді  
Жаралы жатқан жеріңді  
Біріктірдің бастарын  
Тарқатып жаздың шерімді

Оңыңнан туып айың да  
Шуақ шашты күнің де  
Бірігіп бүгін бас қосты  
Түбі түрік елінде

Атомнан дүрліккен еліңді  
Бомбыдан айрылған жерімді  
Азат еттің құрғаттың  
Жаздың солай белімді



Боздағын елдің жоқтадың  
Білгірлерді топтадың  
Алдырып қиыр батыстан  
Тобыңды құрдың жатпадың

Білімдісін елдің саралап  
Еншіңді алдың даралап  
Жиырма жылдық жоспарымен  
Өсірдің елді жобалап

Бүтіндеп жердің кетігін  
Батысқа аштың есігін  
Білімдіден үйретіп  
Түзедің сәби бесігін

Санаңды билеп жарқын ой  
Болашаққа талпыңдың  
Еңбек еттің аянбай  
Келешегі үшін халқыңның.

Халқыңды санап түгендеп  
Ел мұратын көтердің  
Жеріңде жүріп бағалап  
Билігін алдың шет елдің

Дамудың жолын іздедің  
Көнбегенді көн дедің  
Асқары биік болашақ  
Мықты елдермен теңгердің

Бермегенді бер дедің,  
Шөлдегенді демедің.  
Қорғаны болып дінімнің,  
Бірлігін елдің түзедің.





Қиырдан іздеп туысты,  
Ата-жұртта табысты.  
Орыңдалып мұратың,  
Тындырдың осылай бар істі.

Көк жалауың желбіреп  
Өрлігін халқымның білдім деп  
Бодандықтан азат қып  
Күлімсірей келдің кеп

Тағдыры үшін ұрпақтың  
Ғасырлап алға бой тарттың  
Екі мың елу жоспарын  
Жасадың да жол таптың.

Тұрақтығы үшін халқыңның  
Амандығы үшін жақынның  
Өткіздің саммит еліңде  
Ұлылығыңнан парқыңның

Дінге дағы дес бердің  
Есі жоққа ес бердің  
Басын діндер қостырып  
Алауыздығын жойдың өштердің

Қиырдан келді бас иді  
Тапты әлем дос үйді  
Нұрсұлтандай дананың  
Қуанышы бойында тасиды

Әлемнің тетігін меңгеріп  
Достасуды жөн көрдің  
Жолға салдың барлығын,  
Ақыл, ойды, тең бөліп

Даламның дара тұлғасы  
Көшіміздің Ел басы



Береке-бірлік болсын — деп  
Ізденуден тынбашы

Данышпаны ғасырдың  
Қазағымның әні жыр басы  
Құрметтейік бас иіп  
Сен де қалмай жырлашы

Бостандығымның кепілі  
Әлемнің сүйген шет ұлы  
Жасай берші, жасашы  
Қазағымның «Ер ұлы»



## НҮРЫ ТҮНҒАН ӨЛКЕМДЕ

Қай елден сен кем едің,  
Атыңның басын теңедің.  
Бесігің түзу тербелмей,  
Бодандықта жүрген ел едің.

Жерімде кеше оңбады,  
Аруанадай боздады.  
Тілгіленді пішпектей,  
Қопарды оны қозғады.

Ағылшын да, алды керегін,  
Кесіп алды ширегін.  
Тиын беріп үстеме,  
Үзіп, жұлды жігерін.

Топшысынан қағып талайын,  
Қорғаның сенің болайын.  
Жеріңді сенің шуақ қып,  
Жырымның отын жағайын.

Бүгін міне қарашы,  
Барма жаным таласың.  
Еркіндікте бой жазған,  
Арманыңды қуып барасың.

Оңтүстік пен Солтүстік,  
Батыс пенен Шығысым.  
Елімнің еркін жазығы,  
Сенің демің тынысым.

*Жүрек қалауы*



Алтайменен Атырау,  
Арасында елім жайлаған.  
Жер жанаты – Жетісу,  
Мол байлығы қайнаған.

Бойың толған қазына,  
Жазыла бершіп жазыла.  
Мұнайың ағып толассыз,  
Құбырлар кеткен созыла.

Көгілдір отым үй жылытқан,  
Тоңбайды жаным суықтан.  
Ағытылып газым будақтап,  
Байлық болып нұр шашқан.

Таңғалдырып жаһанды,  
Тамсана таңдай сарқады.  
Жерімде мықты кенім бар,  
Бөріңді сонда тартады.

Ауылым өсті шалғайда,  
Сарыарқадай жер қайда.  
Төрт түлік малым қаптаған,  
Ойласаң мұны зор пайда.

Жерімде өскен бидайым,  
Кел, әкел де жи дайын.  
Аса қымбат бағалы,  
Түсімі оның сұдайын.

Елімде түлеп жаңғырды,  
Жансызға бітіп жан кірді.  
Ұлы Жібек жолдары,  
Түзетті міне бар мінді.

Теміржолым сызылып,  
Жақындатты жерімді.  
Ығыстырып тарыңды,  
Кеңейтті қолда барымды.



Защита мен Алматы  
Балқаш пенен Астана  
Ірі-ірі жолым бар  
Болашаққа бастама

Құрастырып бөлшектен  
Машиналар ағылды  
Тракторлар да тыр-тырлап  
Заводтың іші із қалды

Өскемен мен Павлодар  
Қостанай, Семей тағы бар  
Ірі техника жүрегі  
Миллиардтарға паралап

Салынды талай заводтар  
Құйылып құрыш болаттар  
Алтын, күміс, қалайы  
Тағы тағы көп заттар

Салынып жатыр тағы да  
Халқымның игілігі бағына  
Дәрі-дәрмек бәрі де  
Жете алмассың санына

Қарағанды деген қалам бар  
Қара алтынды жағам бар  
Осыған тағы серіктес  
Қара жырадай сағам бар

Ақтауым кетті өркендеп  
Мақтауың жетсін кел-кел деп  
Параходтар Каспийден  
Жөнелді тиеп тең-теңдеп

Теміртауым тірегім  
Табылады одан керегің  
Домнада темір балқыған  
Өсіп жетілген жігерің



Ұшы қиыр алыбым  
Жалғадың елдің тамырын  
Шөл боп жатқан жерімде  
От боп жанды жарығың

Астана мен Бурабай  
Алты қатар жол түзеді  
Жалтыраған айдындай  
Жай ғана бұрын із еді

Шығыс пенен Батысты  
Қытайға да ол қатысты  
Стандартты жол болмақ  
Үдететін табысты

Спортта да , өнерде  
Өнеге болдың көп елге  
Бәгейсін алып талайдың  
Туыңды тіктің көп жерге

Оныменен қоймадың  
Бәйге алудан тоймадың  
Өткізем деп көрмені  
Он жетінші жылды сайладың  
Макетін жасап көрменің  
Түсіне кірмес өзге елдің  
Дарынды туған ұрпақтар  
Ойсыраған жерімді жөндедің

Бірлігін елімнің көріңдер  
Тірлігін де көріңдер  
Қолың жетпес өзгеріс  
Бағасын сайлап беріңдер

Жалған емес бұл арман  
Бойыңда болсын зор талғам  
Іске асары ап-айқын  
Байлығы елімнің бұл тұнған



Болашаққа сенемін  
Сенімен бірге төл елім  
Жетілген мынау табыстар  
Ойымды гүлге бөледің

Сен де осының иесі  
Өзіңе бұлар тиесі  
Қорғаштаңдар қорғаңдар  
Атпасын десең киесі

*Семей қаласы 28 қаңтар 2014 жыл*

*Мүрек қалауы*



## КІМНІҢ БҮГІН ТАЛАСЫ БАР

---

Уа далам, ұлы далам, арман далам,  
Сенде өсіп, сенде туып армандаған.  
Кешегі ұлы дана, Абыз баба,  
Арқаның ақ иығы тамырланған.

Бабаның жолын қуған даналарым,  
Ардақты асыл туған жағаларым.  
Алысқан елі үшін, жері үшін,  
Тоғысқан толқынында заманының.

Қабанбай, Бөгенбай, ер Наурызбай,  
Бұһарбай, Махамбеттер тағы солар.  
Ер еді олар енді қайталанбас,  
Тағылған қазағымның бойда тұмар.

Мұрасы даналардың дарқан елім,  
Дариядай, кең қолтықты, арқа белім.  
Жырымның арқауы етіп сені алдым,  
Туған ел, ең көрікті байтақ жерім.

Даламның ұшқын елес қиялымын,  
Ойласам бұл елесті тияды кім.  
Ардақты менің елім-қазақ елім,  
Ұшқын боп жүрегіңе сиярымын.

Өткеннің жарасы бар, жағасы бар,  
Арқада ғасыр жүгі, бағасы бар.  
Шаттанам, қуанамын табысыңа,  
Атадан қалған жерім, мұрасы бар.





Тігілген көк байрағың ерікті елім,  
Жетілген жетегіңе сеніп келдім.  
Табысың қолға алған ұшан теңіз,  
Ойға алған арманыңмен беріктендің

Айта алмай жатқандардың жаласы бар,  
Дәлелсіз сұғанақтың қарасы бар.  
Қорғаған ата-бабам ұлы өлке,  
Бұл жерге кімнің қандай таласы бар.  
Түйіндеп айтсам ойды бойымдағы,  
Кешегі өткен заман жайындағы.  
Ойларым құлаш-құлаш созылады,  
Бабалар берген үлгі бойымдағы.

Жерімді өлшеп бассаң әрбір қадам,  
Табасың одан өзің өмір нарын.  
Тереңнен қопарылып айшықталар,  
Жазылған қара тасқа қазақ заңын.

Осы заң, бүгін менің, тұрмысымда,  
Бекітілген осы заңмен елімнің құрлысы да.  
Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би даналарым,  
Таразылап өлшеп пішкен заңнама жұмысында.

*Мүрек қалың*



## ТЫҢДА ЕЛІМ

---

Тыңда елім  
Тыңда халық  
жер жүзі  
Тыңда менің  
жүрегім  
Тыңда толқын,  
тыңда  
Ефирге шықты  
Ұлы дала  
перзенті  
Тыңда тыңның  
жағасы  
Тыңда адам  
баласы  
Тыңда жүрегі  
әлемнің  
Тыңда оның  
жобасы  
Ғажайып болған  
қиялды жеңді  
Ақталды үміт  
Жаңа арна  
жырылды  
Болмысы қазақ —  
Мұсабаев Талғат  
Аспанда, көкте  
Шаттана күлді  
Қол бұлап қазақ еліне  
Жолдады телеграмма  
Білдірді жайды:  
Аппарат түзу  
Бойымда қызу  
Ұшамын ары  
рұқсат ет  
Арманым космосқа  
жол сызу



## МЕНИҢ ЕЛІМ

Көк туым, көкпенен, бірлескен,  
Көк аспан жаһанмен тілдескен.  
Шаттықтың, бақыттың мекені,  
Құтты елім, көңліңнен, жыр ескен.

Бұл ғасыр «данышпан» – елімнің арманы,  
Елімді жерімен жалғады.  
Көтеріп достықтың ақ туын,  
Берік боп келеді жан-жағы.

Береке, бірлігің жоғары,  
Мұндай Ел дүниеде жоқ әлі.  
Қазақтың атадан мұрасы,  
Тоғысқан ұрпақтың жол басы.

Тілеймін сәттілік еліме,  
Кірмесін жат пиғыл жеріме.  
Мекенім асылдың асылы,  
Тазалық болсыншы дініме.

*Мүрек қалауы*

2008 ж.



## АТА-БАБАМ МЫҚТЫ ҒОЙ

---

Өр Алтайым асқақтап  
Қол бұлғайды Алатау  
Қойнауында ғасыр елесі  
Тұр ғой әне Қаратау.

Жер жаннаты – Жетісу  
Бүкіл аймақ тоғысқан  
Ағайын, туыс бәрі де  
Осында жүр табысқан.

Қойнауың кең – Атырау  
Жерім байтақ, зор алқап.  
Қазағым қарға тамырлы  
Сарыарқада жүр тарқап.

Көкшетауым көрігім  
Сәкен атқан бөрігін  
Ай еркесі сылаңдап  
Алар сенің ерікің  
Тоқсан көлдің торабы  
Астанама отын жағады  
Бурабаймен қосылып  
Орман болып тарады.

Есідің есіп самалы  
Ойымда үміт жанады.  
Берік боп іргең Отаным  
Ғарыштап алға барады.

Осынау жерді қорғаған  
Жаудан кезбе торлаған.  
Ата-бабам мықты ғой  
Ұрпақты ұрпаққа жалғаған.



## ТОҚТАТА АЛМАС ЕШБІР КҮШ

---

Кім тоқтатар алтын айдың,  
Көкті жарып тұрғанын.  
Кім бүркейді әлем күні,  
Жарық беріп тұрғанын.

Кім тоқтатар жүректегі,  
Шын тілекті сүюді.  
Кім тоқтатар жер бетінде,  
Қуанышты күлуді.

Бұзбайды енді ешбір күш,  
Бейбіт елдің тұрмысын.  
Тоқтата алмас ешбір күш,  
Ардақты елдің құрлысын.

*Жүрек қалауы*



## МЕН ҚЫР ҚАЗАҒЫ

---

Мен, қыр қазағы,  
Аз емес жүрген жерім  
азабы.

Мен туралы  
ақындар  
өлең етіп  
жыр жазады

Бойымда қуат  
күшім бар

Сомдап бітірер  
ісім бар

Желмен ілесіп  
жорытқан

Қаһарлы қарлы  
аязда

Болаттай берік  
түсім бар.

Мен, қыр қазағы  
қолымда менің  
қаламым

Нұрлы таңды  
жазамын


Қойдан жуас  
десе де,  
Қойшыдан шыққан  
тұлғалар

Дүниені билеп  
барады.

Мен қыр қазағы  
Абай, Мұхтар, Қаныштар



Бері келсе  
ірі тұлға  
арыстар  
Тарихты  
солар  
жазады.  
Мен қыр қазағы  
кеудемде менің  
намыс бар  
Толағай-теңіз  
табыс бар.  
Мені біледі  
барлығы  
Глобустағы  
таныстар.  
Мені іздесең  
ұлан-байтақ  
жерімнің  
Шекарасыз, шексіз  
елімнің  
Қырынан да  
асып,  
Белінен басып  
Аралап көне  
көріңдер  
Сонда мені  
табасың.  
Мен, қыр қазағы  
жөргекте жатып  
жыр жазамын  
Адалмын мен тазамын  
ақ сүтіндей  
анамның.  
Мен келгем жоқ  
өмірге  
Өксу үшін  
бала мұң



Мен, қыр қазағы  
қойнауынан ғасырдың  
Тарих тартқан  
данамын  
Менің елім  
«Тұранда»  
Тұмаға батқан  
мұнарлап  
Шерім тарқап  
шен алып  
Ескерткішіндей елімнің  
Келемін міне  
қылаңдап.





## ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА

Құттықтап қазағымның ұлы күнін  
Әкелдің жүрегіме жырдың үнін  
Сан жылдар алға басып берік қадам  
Өшірдің бұғаулықтың қара түнін.

Зор байлық, таудай тасып, қойдың талап  
Қарындас, аға, бауыр жүзін қалап.  
Ошақтай орды қазып, шықтың шыңға  
Жиырма жыл жоспарымен туды қадап.

Алдында келесің сен миллиондардың  
Болған соң бойда қуат, ойда арманың  
Алаштың ақ таңы боп аттың міне,  
Қазағың әлемдегі өз қорғаның.

Өзіңдей мен де өстім саған балап  
Білгеннен білмегенім көп-ақ бірақ.  
Соңда да қалыспаймын қатарымнан  
Өткен жыл жылдар сайын талдап тарап.

*Мүрек қалауы*



## БОЛАМ ДЕСЕҢ ТАЛАП БАР

---

Бойымда дарын, қуат бар  
Сәулесі түскен шуақ бар  
Ескерусіз қалған талай жыл  
Болам десең талап бар.

Жоғымды жоқтап іздейтін  
Жаз өтсе, кезек күз дейтін  
Барымды таптым мен биыл  
Мені де біреу «сіз» – дейтін.

Сөге ме мені, сөкпей ме?  
Қаламым терін төкпей ме?  
Жүріп кетсе ол жақсы  
Өнерден жасып шеттей ме?



## БОЛМАЙЫҚ УАЙЫМШЫЛА

Айтпашы сен өмірді сүмірейтіп  
Ештеңе таппағандай үзірейтіп  
Жаныңның берекесі жылуы жоқ  
Жүресің қасқалдақтай өйтіп бүйтіп.

Салынба сары уайымға сайтан алсын  
Көңіліңнің нәзіктігі бойда қалсын.  
Ешкімнің еншісі емес сенің ісің  
Ақыл, ой, шапағатың тасты жарсын.  
Менің де сеніменен жаным бірге  
Қолдасқан, құшақтасқан берік ірге.  
Тау болып көңілімнің шатқалында  
Қолдай жүр, қолпаштай жүр, шықсам түзге.

Өз елім ерікті елім қазақ елім  
Мәңгілік туын тіккен базар елім  
Жүрейін қолтығыңда санаң болып  
Келеді бүгін менің жаза бергім, жаза бергім.

Жыртығыңа жамау болып қала берем  
Асылымды, арманымды сенен терем  
Бостандық баршылықта өз қолыңда  
Жетпесе жеткіземін жүре көре.

Болсыншы ойың сенің айқын да анық  
Жүрейін бұл өмірде жарқылданып.  
Бөгеттің ернеуіне тіркелгендей  
Болмайық уайымшыла жаным халық.

Жүрек қалауы



## ЕҢСЕҢДІ КӨТЕР ҚАЗАҚ

---

Ел үшін төгілген тер басты арман,  
Тұрлаусыз сөз опасыз уақыт бәрі жалған.  
Айналдым Отанымнан алтын бесік,  
Ғасырдың ырғағымен жолын салған.

Батырлық, батылдықпен бойға сіңген,  
Сөгілмес ешқашан да сенің іргең.  
Жылдардың жемісі ғой бұл бостандық,  
Ақыл, ой, ар мен намыс тізбектелген.

Отырма оян қазақ жолыңды тап  
Көрейін бұдан былай өмірді шат.  
Береке бірлігіңнен айналайын  
Болмашы өз еліңде, өзіңе жат.

Өмірдің мол ғой бізге берері де,  
Осы емес пе ғұмырнама терері де.  
Шыдамасаң соғып өткен аязына  
Өзіңнің бұл өмірде керегің не?!

Өмірдің болжай бісең тармақтарын  
Ол бір асау өзен салмақты ағын  
Ағынға түсіп алда есе білші  
Ескегіңмен хамыттап жан-жақтарын.

Суы мол, бақыты көп, сол ағыннан  
Тамшылап, ұрттап, жалап талассаңшы  
Өзендей күркіреген бұл өмірде  
Қажет боп керегіңе жарасаңшы.

Алладан бар тілегім бақытты өмір  
Елім бар жарқыраған жақсұтты өңір.  
Еңселі биік болсын Орда басың,  
Көтерілсін көлкісін барлық көңіл.



## ДАУЫЛДАР

Дауылдар, дауылдар, соғыңдар  
Жүрекке білекке нұр құйып.  
Дабылын өмірді қағыңдар,  
Желкенін әлемнің құш, сүйіп.

Жойылсын дүниеде жауыздар  
Жер көкті, әлемді былғаған.  
Парақор, жалақор залымдар  
Бұл елде бұрынғы болмаған.

Қайдасың ақиқат, адалдық  
Сұмдыққа, қорлыққа төзбейтін.  
Әлемді торып жүр қара бұлт  
Жоқ па әлде сенде дерт сезбейтін.

Миллиардтап жымқырып байлықты  
Беріп жүр жымысқыма шайлықты.  
Қорлыққа қашанғы шыдайсың,  
Болмасын жетесіз ой күпті.

*Жүрек қалауы*



## ЖАС ЖАУЫНГЕР

---

Міз бақпай, демін алмай, тұр жас солдат,  
Көзінде, жүрегінде бар аманат.  
Қолына айқара ұстап автоматын,  
Қаратпас кірпігіне жандарды жат.

Күндіз түн қорғаны көктің нұры,  
Туының үзілмейді бір де бауы.  
Шашағын сұғанақ кеп үзбек болса,  
Айқара автоматтан қалмас сауы.

Серті бар жас жауынгердің жүрегінде,  
Күші бар қаруланған білегінде.  
«Отаным – ардақты анам» деген ұран,  
Мәңгілік шын бекіген сүйегінде.



Жыр жазамын  
жыр дәптерін  
аламын,  
Жырға деген  
сүйкектейді  
қаламым.  
Ойға түсіп  
кейбір кезде  
шабытпен,  
Жырдан қуат  
күш жігерді  
аламын.  
Жырда жатыр  
қызық тойы  
баламның,  
Жырда жатыр  
ақыл ойы  
бабамның.  
Жыр сияқты  
әрбір әрпі  
сүйкімді,  
Бесік жыры  
естіледі  
анамның.  
Отан — анам  
жырым менің  
мәңгілік,  
\*\*\*  
Елеңдесем  
жыр құйылар  
жаңғырып.  
Сүйікті елім —

*Жырға қаламы*



асыл дертім  
қазағым,  
Қай жеріңе  
бір таяныш  
боламын.  
Ұшқым келеді  
самғап та бір  
көгіңде,  
Жүрмесем де  
төреліктің  
төрінде.  
Сенің таныс  
бүгін маған  
келбетің,  
Ілесе алмай  
отырмын мен  
шеруге.  
\* \* \*  
О, Отаным  
бақ дәулетің  
арта бер,  
Тігілсінші  
көк шатырың  
арқа бел.  
Сүйінішіңе  
қуанышыңа  
ортақпын,  
Астанамды,  
жас қаламды  
болашаққа  
тарта бер!





## БОЛАШАҚҚА СЕНЕМІН

Балаларымның анасы  
Сиса көйлек жағасы  
Өмір тозды демеймін  
Өмір озды қарашы.  
Ей! Қазақтың баласы,  
Кең ғой Отан даласы,  
Сүйсіне біл сүйе біл  
Өз еліңнің саласы.  
Сендерге мен ғашықпын,  
Көзімнің ағы менен қарасы.  
Күн боп шығып,  
Ай боп туып жүремін.  
Желмен ілесіп,  
    шалғының боп  
    желкілдеймін желемін.  
Самалыңды  
    құшақ жая  
    қарсы алып,  
Хош иісті  
    гүлің болып енемін.  
Өміріңді  
    жатсынбайтын  
    пендеңмін  
Бар жақсыңа  
    болашаққа  
    сенемін.

*Жүрек қалауы*



# ЖЕЛТОҚСАН БАТЫРЫ

*Қайрат Рысқұлбековке арнадым*

Қара жер,  
топырағың  
суық қамыр.  
Әкетті,  
сені ажал  
суыт тағдыр.  
Өкініш,  
күйінішпен  
ірге тепкен,  
Арманы  
ақ тілектің  
оққа ұшып.  
Сойқаны  
сол заманның  
толып жатр,  
Мен-мендеп  
кес-кестеді  
қарсы алдыңнан.  
Бұзақы,  
содыр өмір  
бір қарбалас,  
Кешегі  
сәбилерді  
қанды қол қып.  
Қарақшы  
көш басында  
жүрді аралас,  
Арпалыс  
ентеледі  
ақ пен қара.

Атойлап  
ар мен намыс  
шықты дара,  
Шегіндей  
домбыраның  
кілт үзілген.  
Ап айқын  
үнің шықты  
тыңда дала!

*Мүрек қалауы*



## АРТТЫРЫҢДАР

---

Сіркірей жауған ақ жауын,  
Сілеңді сенің қатырар.  
Көл боп ағып жер бетін,  
Тамырын тереңге батырар.  
Шөліркеген шалғынды  
Сусындатып шақырар.  
Айналаң жайнап құлпырып,  
Батпақта бақа бақ-бақ деп.  
Өзінше ол да ән салар  
Жауыннан соң күн шығар  
Жеріңе түсіп нұр шашып,  
Жан-жануарға тіл шығар.  
Алладан келген береке  
Жеріңді тырна еңбек ет.  
Малыңды бақ, қалма шет  
Еңсеңді көтер халайық  
Өмірдің отын жағайық!



## МАҚСАТ ТӘЖІ

Жалған әдет,  
Жаман қылық  
жиренем.  
Асыл сөзді  
ардақтаймың,  
игерем.  
Таң нұрының  
шапағатына  
бөленіп,  
Күнге қарап  
тағзым етем  
иілем.  
Осы таңмен  
елім тарихы  
басталған,  
Осы таңды  
арман, қиял  
басқарған.  
Бар болмысы  
жүрегімнің  
жиналып,  
Даламды кең  
аралайды  
басты арман.  
Ықылым заман  
көне түркі  
ырыстың,  
Даналықтың  
адалдықтың  
дұрыстың.

*Мүрек қалауы*



Мақсат тәжін  
өзіңе арнап  
                    кигізген,  
Шын сенемін  
дұрыстығына  
                    бұл істің.

2003 ж.



## ҚАРА КӨЛ

Шағылысып  
күн нұрына жалтырап,  
Телегей-теңіз  
айдын көлді атырап.  
Тау қойнауын  
ала кіріп жатырсың,  
Айналаңды  
жалғыз өзің бақылап.  
Қалт кетпейді  
маңайыңнан еш адам,  
Жолаушылар  
сені ғана аңсаған.  
Суың дауа  
шаршағанда басатын,  
Аяқ қолды  
жадыратып құрсаған.

Қармақ салып, балық аулап,  
Бір демалып қайтамыз.  
Тамашалап көл құдіретін,  
Жыр қып үйде айтамыз.

*Жүрек қалауы*

1984 ж.



## ТОҒЫЗ ҚҰДЫҚ

---

Қандай жақсы  
таудан аққан бұлақтар,  
Айналасы  
миуа шөп құрақтар.  
Сүйсінесің сылдырына  
суының,  
Тамашалап  
босаңсиды буының.  
Неткен сұлу  
таңғалдырған өзіңді,  
Телміресің  
тесірейтіп көзіңді.  
«Тоғыз құдық»  
бастауың «ну» жаратқан,  
Ұшқан құстай  
тау басынан  
құламадан су аққан.  
Таң тамаша  
онда талай болғанбыз,  
Шопылдатып  
суына кәусәр қанғанбыз.  
Рақаттанып  
сайран салып басында,  
Түн-түнекеш  
түн ұйқысын бұзғанбыз.  
Сонда өткен  
талай күнің ертегі,  
Келешектің болашақтың  
ертеңі.  
Ғажап тастың  
сұлу бір мүсіні.  
Иіліп, не бір  
сырды сонда шертеді.





## ЕРТІС ӨҢІРІ

Тұла бойың толқындап,  
Ертістің аққан суындай.  
Өнердің биік шыңында,  
Жүрсің әр кез тынымбай.

Оқимын сені жатсынбай,  
Демін салған бақсыдай.  
Шар тарапты кезесің,  
Кезегін тосқан жақсы ұдай.

Тағдырын елдің қолпаштап,  
Тереңге терең жол бастап.  
Ұрпақтың айтып ар мұңын,  
Келер күнге ой тастап.

Өткен жылдар тұғыры,  
Жақсының сепкен ұрығы.  
Тамырландың айқыштап,  
Дана сынды ұлылардың ұлылығы.

Батырлар да басқа да,  
Ілінген сенің таспаңа.  
Жолыңды айқын көрсеттің,  
Кәріге де жасқа да.

Сәбилерді үкілеп,  
Желбіреттің тұлымын.  
Тілімді асыл ардақтап,  
Ұзарттың осылай ғұмырын.  
Зымырап өмір өрнегі,  
Заманымның арқау тірегі.  
Болашаққа бастай бер,  
Газетім «Ертіс өңірі».

*Мүрек қалауы*



## АРДАҚТЫ МЕНІҢ АСТАНАМ

---

Мақтанышы елімнің,  
Сен Астана, сен Астана!  
Көшеңе бойлай кіргенде,  
Аяқ басам жасқана.

Сенің сұлу келбетің,  
Ғажайып тұғыр киелі.  
Ұлы жоба сәулетің,  
Күн күмбезін сүйеді.

Жарқыраған бейнеңді  
Салыстыруға теңеу таппадым.  
Миллион ғұмыр бойында,  
Көру үшін келдім жатпадым.

Астанам менің жас қалам,  
Болашаққа жол бастаған.  
Өмірде күнде басты арман,  
Басталды сенен бас қалам.

Бас қаламмен мақтанам,  
Бостандық келген онымен.  
Шаттанам күнде шаттанам,  
Астанамды салған еріммен.

Тұрған жерің ғажайып,  
Тірі жұмақ төріндей.  
Бастауың биік алшақтар,  
Сәкен жүрген жеріндей.

Араласаң арасын,  
Нұлы тоғай белі бар.



Самалы сүйген бетіңді,  
Есілден ескен желі бар.

Даналықтың тұғыры,  
Ұзақ болсын ғұмыры.  
Болашағы елімнің,  
Халқымның сен, ән, жыры.

*Жүрек қалауы*



## КЕҢ БАЙТАҚ ЕЛІМ БАР

---

Елім бар, ерім бар,  
Мың жылдап тарихы.  
Астанам – Елордам,  
Елімнің бар қуаты.

Қайырмасы  
Сар жайлаудың үндері-ай,  
Балалық шақ күндер-ай.  
Шаттық толы мереке,  
Қазағымның, қазағымның,  
Ұлдары мен қыздары-ай.

Кең байтақ жерім бар,  
Төскейі төгілген.  
Алатын орны бар,  
Ғасырдың төрінен.

Нәр алған жерімнен,  
Айналдым елімнен.  
Бақ, дәулет, бақытым,  
Өзіңмен, өзіңмен.



## АУЫЛЫМ ҚЫЗЫЛАҒАШ

---

Ауылым бар, Қызылағаш, атамекен,  
Бойында қос өзеннің еткен мекен.  
Қарасаң жол үстінде, жолаушылап,  
Көшесі атқан оқтай, шыққан көркем.

Сылдырап, сыңсып аққан бұлақтары,  
Түп-тұнық емге шипа, суы балдай.  
Жағасы мауа-құрақ, гүл бәйшешек,  
Көркіне көзің тоймас, атқан таңдай.

Қамқоры текті руһтың, далам қандай,  
Бой тартып болашаққа таралғандай.  
Сай-салаң тұнып тұрған, қайың, терек,  
Бұрымы жас арудың оралғандай.

Сандықтас, үкілі жартас шынар биік,  
Ойнайды даласында арқар, киік.  
Мұнартып көз ұшында оралады,  
Келбетіне таң қаларсың, басыңды иіп.

Ауасы сап алтындай, таза-тұнық,  
Дем алсаң көкірек кернеп, денең суып.  
Рақатқа бөленесің хош иісті,  
Тұрғандай жұпар иісін аңсап-сүйіп.

Қыздары көркем, сұлу хор қызындай,  
Шырқаған әні қандай, сәні қандай.  
Жігітін гүл ауылдың осал деме,  
Елдігіне ел сүйсініп, қаққан таңдай.

Мектебім алтын бесік, темір қазық,  
Білімдіге, білгірлерге болған азық.  
Алғырда, дарында бұдан шыққан,  
Жұлделі орындарда жүрген озық.

Жасынан өнерліге дарын ерген,  
Біледі мұны былай көзі көрген.  
Театры бұл ауылдың салтанатты,  
Бойына ата-баба нәрі сіңген.

Деменіз бұл ауылды жай ғана ауыл,  
Төрт түлік малымен болған ауыл.  
Берері ұшаң-теңіз, әлі де мол,  
Келешек ұрпағына сенген ауыл.

Ауылды көркейтетін жаның да бар,  
Азамат сыйластықпен жаныңды ұғар.  
Бақ қонған елдің ырыс берекесі,  
Көбейсін бұл ауылда дарындылар.



## ТАС БҰЛАҚ

---

Тас бұлақ,  
жағаң құрақ,  
                    тамылжып күн сәскеде.  
Төгіліп нұр,  
құйылып жыр,  
                    кетемін саған жеткенде.  
Шабытым шалқып,  
елжіреп балқып,  
                    тостым суға бетімді.  
Ала алмаймын көзімді,  
Ұстай алмай өзімді,  
Сансыз мөлдір қаракөз,  
Жәудіреп тұрған секілді.  
Көркің жұмбақ,  
сенен жырақ,  
                    Кетер менің еркім жоқ.  
Жырым өзің,  
бойда сезім,  
                    Өзіңе теңер теңім жоқ.  
Керек қой төзім  
жеткенше өзім,  
Бұлаққа біткен қаратас.  
Қиямын кімге өзіңді,  
Мөлт-мөлт еткен жүзіңді,  
Маған кәне сырыңды аш,  
Шөлімді бір басайын,  
Көзімнен шықсын ащы жас.

## ЖЫЛУ КЕРЕК БАРШАҢА

---

Жылу керек, аяз емес баршаңа,  
Жылу керек досыңа да наршаға.  
Жылу керек көктегі құс, жердегі бар жәндікке,  
Жылу үшін еңбек етсін бір шама.

Бізге керек жүректің бар жылуы,  
Естілмесін аязды күн шуылы.  
Махаббаттың оты лаулап жанғанда,  
Қыздыратын жаныңды пәк жылуы.

Сүю үшін жылу керек адамға,  
Іздемеймін суықтан мен жан сауға.  
Жылу деген тірі жанның отауы,  
Қалдырмайды жаныңды ол дауға.

Жылы жүру үшін біз жаралдық,  
Ұрпақ жайдық, ел боп жерге таралдық.  
Жылу деген сізбен біздің барымыз,  
Сол жылуды қолдан жасап алалық.

Жылу тегі, адамзаттың бағы ғой,  
Отан деген бір ардақты заңы ғой.  
Жылытпасақ жойқын қара күштерді,  
Түбімізге жетер оның бары ғой.

Жылуы жоқ, жойқын күштің мекені,  
Қанды шеңгел, қарақшыны ертеді.  
Астан-кестен дүниені қопарған,  
Зұлымдықтың пернесін ол шертеді.

Жылу керек бәрімізге баршаға,  
Жылулық үшін ісіңді істе шаршама.





Ойда іріткі, бойда қуат тоналған,  
Адамдары опат болған қаншама.

Еске алайық Ұлы, Ұлы соғысты,  
Кімдер жеңді, кімдер пайда табысты.  
Түзетейік адамдардың пиғылын,  
Болдырмайық ірі-ірі қағысты.

Бас қосыңдар дана ұрпақ баласы,  
Жазылсыншы адамзаттың жарасы.  
Неге керек сойқан соғыс, қақтығыс,  
Болмайықшы, біткендей бар, шарасы.

Жылытайық әлемнің бар күштерін,  
Түгендемей бетте перде түстерін.  
Бірің аға, бірің бауыр боп,  
Оңғарылсын жинақтаулы істерің.

Біздің елдің бейбіт өмір баққаны,  
Нұрсұлтан да бұл тарамда жатпады.  
Мейлің тыңда, мейлің ойла, мейлің күл,  
Ашылмасын қасіреттің қақпасы.

## ТАҢ НҰРЫ

---

Таңның нұры, шашақ жайып, түрленеді,  
Жер жанаты, нұрға толып, түрге енеді.  
Ғажап құбылыс, ыстық ықылас, иманды,  
Орап алды көшедегі жүргенді.

Ағаштар да жапырақ жайып жаңадан,  
Хош иісті гүлге енді бар далам.  
Мөлт-мөлт етіп жапырақтан сырғыған,  
Таңғы шықпен құлпырады айналам.

Гүл шоқтары шешек атты құлпырды,  
Аралар да гүлге қонды бір тұрды.  
Жиып алып керектерін оларда,  
Кетіп жатыр мекеніне бір тұрғы.

Індерінен шығып аңдар тың-тыңдап,  
Таза ауаны жұтып жатыр аңсаған.  
Көлеңкеде бірі қалмай жәндіктер,  
Өздерінше іс-әрекет жар салған.

Көбелектер гүлге орап, айналам,  
Бұлбұл құстар аспанға атып сайраған.  
Шиқ-шиқ еткен бозторғайлар дыбысы,  
Салып жатыр айналамды байбалам.

Шаруалар да, шаруасын күнейттеп,  
Малды өріске, көк шалғынға айдаған.  
Тіршіліктің қамына еніп барлығы,  
Бүткіл дүние еңбекпенен қайнаған.

Байбаламда әсем әннің сыры бар,  
Ей, ақындар мұны қалмай жазып ал!  
Айналаңда хош иісті қыр гүлі,  
Құшағыңды жай, құшақта да жиып ал.



АТОМ ПОЛИГОНЫ (СЫНАҚ)  
АРДАГЕР ҰСТАЗ, КӨП ЖЫЛДАРЫ, ПАРТИЯ  
ҚЫЗМЕТІНДЕ БАСШЫЛЫҚТА БОЛҒАН

Мүтән Аймақовтың  
«КӨРГЕНДЕРІМ»  
кітабын оқығаннан кейінгі ой

---

О, тоба  
бүгінгі күн  
дүбір-дүбір,  
күбір-күбір.

Дүрліккен  
адам жаны,  
жыбыр-жыбыр.

Құшақтап  
жердің тасын  
аспанға атқан.

Бұл сойқан  
қайдан келді,  
сыбыр-сыбыр.

Шашылды  
шаң қаптырды,  
қара жерді.

Дүрлігіп  
елім кетті,  
асып белді,

Ақтабан  
шұбырыңды  
оқиғасы,

Қансырап  
«тозақ» болып  
қайта келді.

Лапылдап  
жанып жатты,  
ордың жүзі,

Үзілді  
опырылып  
бойда ізгі,  
Ойдың да,  
ақылдың да  
дауысы жоқ.  
Қан жұтты,  
запыран құсты  
болды сүзгі,  
Әулиедей  
көруші едік  
шендімізді.  
Беріп ек  
есік емес  
төрімізді,  
Не болды?  
жауыздықтың  
уы ма бұл.  
Аждахан  
жалмап барады  
жерімізді,  
Қоғадай  
жапырылды  
таудың басы.  
Жаға ұстап  
атойлады  
кәрі-жасы,  
Жер ішін  
үңірейтіп  
тесіп алды.  
Езілді  
балшық болды  
қара тасы,  
Аспанда  
күңіренді  
есілгендей.



Жан-жануар  
үрей алды  
есі кірмей.  
Тозақтың  
құрбаны боп  
қала берді,  
Жаны бар  
есі шыққан  
тірілері...

## БОСТАНДЫҚТЫҢ ШЫРАҒЫ

---

Бәйтерегім –  
бой тірегім  
    мәңгіліктің символы.  
Жаса халқым,  
артсын даңқың  
    көк туымның жұлдызы.  
Күш алады,  
ой талабы  
    әлем халқы, жер жүзі.  
Бейбіт күннің,  
ән мен жырдың  
    сарқылмайтын бұлағы.  
Тегің түрік,  
рухың биік,  
    казағымның тұрағы,  
Жаса, жаса  
мәңгі жаса  
    бостандықтың шырағы.



## АСАУ ӨЗЕН

---

Толықсып толқып барасың,  
Қарыштап ашып құлашын.  
Бәйгеге салған жүйріктей,  
Артыңнан ілесіп борасын.

Тамырын тоқсан идіріп,  
Тұяғын таспен күйдіріп.  
Жаныңа рақат ұялап  
Сүймегенді сүйдіріп.

Аршындап шапсып иіліп,  
Қара бұлттай түйіліп.  
Жағаны кернеп толықсып,  
«Аб» жыландай иіріліп.

Тарайсың ағып сылаңдап,  
Жалтырап бейнем сағымдап.  
Апшысын жердің қуырып,  
Жайылдың көл боп тарамдап.

Суыңнан сенің нәр алып,  
Жаңадан өмір жаралып.  
Жарық болып та енесің,  
Құралып, тепсіп жаңа «алып».

## БОЛАШАҒЫМ ҚОРҒАНЫМ

---

Дүниеге бекер келмеппін,  
Ойымды аялап тербеттің.  
Отаным – анам өз елім,  
Еншімді ешкімге бермепсің.

Әлі де айтар, сөзім бар,  
Әлемді шарлар, төзім бар.  
Жанымның тылсым сырындай,  
Табамын досты мені ұғар.

Ардақты елім сүйгенім,  
Шабыттанып күлгенім.  
Өзіңнен терең нәр алдым,  
Сені оқып білгенім.

Отаным – «Қазақ» арым бұл,  
Жүрегім «азат» барым ол.  
Сенің өсу жолыңда  
Болайын саған өзім құл.

Сенің әрбір күндерің,  
Менің өмір сүргенім.  
Арманымның жалғасы,  
Болашағым қорғаным.





## БАҒЫҢДЫ БАҒАЛАЙ БІЛ

---

Бағың бар ей адамдар ортаймайтын,  
Сөзің бар кейбір кезде айта алмайтын.  
Бақ қуып таласа бер, жанаса бер,  
Табасың сонда бақыт шайқалмайтын.

Ол бақыт, Ұлы Отаның асқар белің,  
Тұғыры биік болған қазақ елін.  
Еркіндік қуаныштың ортасы ол,  
Ата-анаң кіндік кесіп өскен жерің.

Денеңде тілгіленген көп жараң бар,  
Қансырап қараң болған тарамдар бар.  
Жазылсын сол жараның орны десең,  
Бағыңды бағалай бер ей адамдар.

Келеміз бақ қуалап талай жылдар,  
Айтылып жатты қанша ойлар, сырлар.  
Бүгінгідей болмаған ешқашанда,  
Бағыңды бағалай біл ей адамдар.

Көрмеген нөсер жаңбыр, тоңдарың бар,  
Арғы атаң жүріп өткен жолдары бар.  
Барлығы сенің үшін, елің үшін,  
Қайғыдан опырылған белдері бар.

Біз міндік, бүгін міне бақыттың кемесіне,  
Ей адамдар, сен осыған сенесің бе, сенесің бе?  
Мен сенем бағым бірге елімменен,  
Мінекей азаттық бұл ел есінде.

Бақ деген бұл ғұмырға ғашық жанмын,  
Сол үшін ой ойладым күйіп жаңдым.  
Бақытты болу, ей адамдар, өз қолыңда,  
Не үшін еңбек еттің неге тоңдың.

Жіберме, ей адамдар, қолыңдағы бақытыңды,  
Ешқашан орны толмас шаттығыңды.  
Жүрсе екен елім тозбай, жерім тозбай,  
Отаным ардақты анам, үйіп берген бар бағымды.



## МЕН ҚАЗАҚПЫН ТОП ЖАРҒАН

Шаттық бұл, шаттана күл, жерім десең,  
Тұғыры биік көк тулы елім десең.  
Келеді бақ пен байлық күнде маған,  
Елім деп қабырғаммен елеңдесем.

Мен қазақпын, тұлпардың дүрсілінен, жаратылған,  
Басқалардан бітімім өзге дара тұлғам.  
Мен ғасырдың бұлағында қайнадым да,  
От жалын боп келдім міне жаңа туған.

Бес ғасыр тарихы бар қазақпын мен,  
Өлшеусіз ғұмыр алған азаттықпен.  
Жоймақшы болды мені жойқын күштер,  
Көнбедім, берілмедім,  
Тойтарыс бердім оған тағаттықпен.

Мен қазақпын, ғарышты алғам, алысты алған,  
Қалмаймын тұғыры биік жарыстардан.  
Мен шықтым биік-биік төбелерге,  
Кейбір ел арман еткен алыстардан.

Мен елмін, қазақ деген, қалыспаған,  
Жерім жоқ теңдік үшін алыспаған.  
Мен ойлама, жай бір азиатсың деп,  
Ойсырап жеке қалған табыстардан.

Мен адаммын, қазақтың қорғанымын,  
Ер жетіп есейіп те толғанымын.  
Сапырып сары қымыздай сары алтынды,  
Елдерден озық-озық озғанымын.

*Жүрек қалауы*



Мене жүремін, алыс-алыс сапарларда,  
Менімен теңесетін қатар бар ма?  
Менің елім Азияның топ басында,  
Нық басып судай тасып келем алда.

Мен қазақпын, тұрмысым бөлек жанмын,  
Дос десе қуана-қуана қарсы аламын.  
Бойыма сіңген мәңгі нұрлы аспан,  
Шуағы шыққан күнмен, атқан таңның.

Күнім бар ма сені ойлап тоңбаған,  
Жоғьңды жоқтап арман отына жанбаған.  
Келемін белестерден еркін асып,  
Мен қазақпын, берік тұлға топ жарған.



## АҚ ОРДАМ

Көк туым Ордамда тігілген,  
Бостандық ұраным сенімен.  
Жерім бар кең байтақ бірегей,  
Кеудемнен ақ маржан төгілген.

Қайырмасы:

Кең байтақ алыпшын,  
Өнерлі халықпын.  
Дәстүрлі текті рух,  
Алыпшын, алыпшын, алыпшын.

Туысқан халықпыз, бірге өскен,  
Жүз отыз ұлтпенен тілдескен.  
Отаным ардақты елім бар,  
Келешек ұрпаққа жыр дастан.

Қайырмасы:


Ғұн менен, Көк түрік жері бұл,  
Ғасырлап сақтаған тілі бір.  
Ежелден құрметті дәстүрі,  
Тегіммен, жеріммен елім бір.

Қайырмасы:

Ақ ордам елімнің жүрегі,  
Елімнің жерімнің тірегі.  
Өрлеген өсірген шырағын,  
Ұрпақтың болашақ жігері.

Қайырмасы:

*Жүрек қалыуы*



## СЕН МЕНІҢ БАҚЫТЫМСЫҢ

---

Жарық аспан астында күнім туған,  
Бір өзіңмен, бал-бақыт, жырым туған.  
Айналдым, Отанымнан алтын бесік,  
Кір жуып, Кіндігімді сенде буған.

Сен менің арманымсың кезекті ісің,  
Аттаған босағамның төрешісің.  
Жазсам да қандай жырды саған арнап,  
Таусылмас мол бақытың өзекті ісің.

Жыр жазам, сенен көрем болашағым,  
Төгілген нөсер жаңбыр таза шағым.  
Сен менің ардағымсың, асылымсың,  
Отаным Қазақ елім менің бағым.

Сайраған сарыжайлауым шығысымда,  
Мол бақыт бүгін менің тынысымда.  
Аллаға мінәжәт етіп түрегелем,  
Таң сәріден кіріскен жұмысымда.

Қол жеткен азаттықпен сенің нарқың,  
Өрлеп тұр бұл дүниеде сенің парқың.  
Болсын деп абыройлы атақ даңқың,  
Тілейді соны алладан мына халқың.



## ТӨЛ ЕЛІМ

Жүрсеңші, ей адамдар қателеспей,  
Бағыңды басыңдағы кесіп пішпей.  
Сорлаған қазақ едік кешегі күн,  
Жел сөзбен желіктірген ірігіп іштей.

Жүрейік бір-бірімізді толықтырып,  
Жақсыны жақсыменен жолықтырып.  
Жат пиғыл арамызды торламасын,  
Төбеңнен ұратұғын төніп тұрып.

Ей адам, бағың барғой төзіп келген,  
Есің арманыңның кезіктірген.  
Мен бүгін бақыттымын сен де сондай,  
Бақытыма жойқын күшті бұзып кіргем.

Төл елің, төл туыңды берік іргең,  
Жерім жоқ бұдан артық өмір сүрген.  
Ойға алып ойнайық барлығын да,  
Болмасын жан-жағыңда кірбең, сербең.

.....

Еліңді ел қылам десең даудан қорға,  
Жеріңді жер қылам десең жаудан қорға.  
Құтылар күнің бар ма сезіктіден,  
Болмашы сүйір тұмсық ала қарға.

*Мүрек қалауы*



## ӨРЛЕУ

---

Кешегі талқандалған жұртта қалған,  
Ел едік көп елдерден артта қалған.  
Тоз-тоз боп қайыршыдай күндер кештік,  
Шығар жол, шығар биік болған арман.

Біреуді біреу біліп ескермеген,  
Жаныңды жамау құрлы тексермеген.  
Қыршынынан қиылды талай боздақтарың,  
Пайда қор құнды топтан ішке кірген.

Қарашы бүгін міне заман қандай, жағаң қандай?  
Жүрген – жүріс, тұрған – тұрыс санаң қандай?  
Отаның ардақты елің, қазақ елі,  
Шет жұрттар бізге қарап таңғалғандай.

Жүктерің өндірілген тап-тұйнақтай,  
Өрлеген өндірісін бір тиылмай.  
Даламда жатыр өне тау-тау болып,  
Егінім алқаптағы бір жиылмай.

Жоқ бүгін көзге ілінбес ұсағыңда,  
Қошқардай даламда жүр тұсағыңда.  
Жерімді ұлан байтақ мекен еткен,  
Көк түрік, ата жұртым, бүгін саған ұқсадым ба?

Заманың менің биік алыстаған,  
Зор табыс ел намысы қалыспаған.  
Даламда қопарылған жердің тасы,  
Пайдасы алтын, күміс қымбат маған.





Жерімді арала да байтақ жатқан,  
Бөлініп қарасаңшы ана топтан.  
Не қиыр армандары орындалған,  
Көресің қазақ елің болған мақтан.

Елімнің дүбірі бар, дүрсілі бар,  
Шөлдетпес сені мәңгі сусыны бар.  
Алдында алып жүрген дерижоры,  
Мақатанышым ел тағдыры иесі бар.

*Жүрек қалауы*



## ТУҒАН АУЫЛЫМ

---

Айналдым топырағыңнан туған ауыл,  
Әкетті мені сенен соққан дауыл.  
Жүргенде мен жырақта сені көрмей,  
Басты екен кімдер келіп саған бауыр.

Арманым бір өзіңсің, аңсарымсың,  
Жүректе мәңгі толған, жан сырымсың.  
Денемнің әр мүшесіндеі жаратылған,  
Әр затың қымбат маған асылымсың.

Кінәсіз кіндігімнің қаны тамған,  
Болмаған ешқашанда жаным жалған.  
Сен менің бал-бағымның куәсісің,  
Көрмеген жас кезімде болып арман.

Ер жеттім мен қиырда еркелемей,  
Болған соң жат жұрттық боп шамам келмей.  
Ыстық қой маған сенің әрбір талың,  
Тосында жүріпін ғой ерте келмей.

Шыңпаптын мен жүгіріп тау басына,  
Тигізіп жалаң аяқ дәу тасына.  
Жүрмеппін белес-белес бұйратыңмен,  
Келмеппін көру үшін мен қасыңа.

Ішпеппін тұнық сулы бұлағыңнан,  
Айрылып көп жүріпін тұрағымнан.  
Қатемді кешіре гөр айлы аспан,  
Төкші нұр осы жерге шуағыңнан.



Көкпекті көк өзенім бойлай аққан,  
Ел ырысын, берекесін сенен тапқан.  
Мінекей аңсап ауыл саған келдім,  
Қарсы алсаң өз ұлыңды қуан, шаттан.

Биіктеу тұғырына қонғаным жоқ,  
Ол кезде менде өсіп толғаным жоқ.  
Қазір мен туыс іздеген дара шалмын,  
Бұл сөзім, айта берсем жалғаны жоқ.

*Жүрек қалауы*



## ЕЛІМ МЕНІҢ

---

Кең жайлау кең қолтықты жерім менің,  
Айбынды асқар шың елім менің.  
Достықпен елдігінің туын тіккен,  
Шалқыған шат көңілді төңірегің.

Жерім бар ұлан байтақ қазыналы,  
Елдерден ерлігімен озған әлі.  
Ырысты ынтымақты берекелі,  
Бостандық еркіндікте жүрген жері.  
Мекенім ата жұртым туған елім,  
Атыңды күнде сенің аңсап келдім.  
Байлығым бақытымда бір өзіңде,  
Тау-тасың өзендерің асар белім.

Сен бүгін қазағымның атқан таңы,  
Мәңгілік мекеніне жаққан шамы.  
Ұлттар мен ұлыстың басын қосқан,  
Халқымның жігерімен жанған бағы.

Елімнің еркіндік қой бар мұраты,  
Тыныштық болашағы аманаты.  
Келешек ұрпағына өсиет қып,  
Бабалар айтып кеткен жазған хаты.



## ҚАЗАҒЫМНЫҢ АСТАНАСЫ

Келемін көшелеріңді мен де басып,  
Барады гимраттарың бірінен-бірі асып.  
Аспанға тізбектеліп қолын созған,  
Тұрғандай күмбездері ақылдасып.

Жүремін кейде осылай асып-тасып,  
Соқпағыңмен жоғарылаймын ірге басып.  
Жарқыраған күнім барда аспандағы,  
Қалмайын қатарымнан қия басып.

Мен бүгін арың болып ақылдасам,  
Мен шығам сан биікке мақұлдасаң.  
Менің елім осындай берекелі,  
Көресің оны өзің жақындасаң.

Мен биікпін, мен шынармын көгіңдегі,  
Жыр болдым, ән болдым мен төгілгелі.  
Менде жатыр ой арманы болашақтың,  
Мен сенің бақытыңмын бақыт тапқан елімдегі.

Мен сенің жасөспірім бала шағың,  
Менімен өркендеді жанды бағың.  
Менімен шығар биіктерден-биіктерге,  
Арманың, ақыл-ойың, даналығың.

Менде бар бүгін міне қазақтығым,  
Мен алдым қара орман азаттығын.  
Саған қарап еліме тәубе етем,  
Жойылды келместей боп азапты күн.

Сен бүгін қазағымның астанасы,  
Сүйкімді, әсерлі де бас қаласы.  
Сенен табам, достықты, татулықты,  
Келешек ұрпағымның, бастамасы.

Мүрек қалауы



## РУХЫҢДЫ ҰСТА БИІКТЕ

---

Руың кім деген сөз мазалайды,  
Қазақты қазақ құртып жазалайды.  
Бұл тарих өткен ғасыр жолдамасы,  
Неге қазақ өзін-өзі қазбалайды.

Күн кештің кешегі күн бордай тоздың,  
Білмедің кімге барып қолын создың.  
Өтеуі болған жоқ па бір-біріңнің,  
Тырнадай жұлқысып кеп көрің қаздың.

Жеріңді Үш жүз болып бөлшектедің,  
Қазақты қазақ етіп тер төкпедің.  
Опасыз сатқындықпен арадағы,  
Тор құрды аға ініге, іні ағаға тентектерің.

Көрдің сен талай-талай қиыл замандарды,  
Жерімізді елімізді талқандады, тонап алды.  
Көнбедің ырқына берілмедің, жауыздардың,  
Тозақтың тез отынан аман қалды.

Сол ұрпақ жалғастырды рухын қазақ,  
Жеткенше не көрмеді көрді азап.  
Хан Абылай үш жүздің басын қосып,  
Еліңді алып шықты тозақтан, болды азат.

Жүре-жүре басқа елге бодан болдың,  
Болмады халқымыздың рухы толық.  
Ысқырып айдаһардай жаныңды алды,  
Жоғарғыдан, дүмшелерден келген жарлық.

Үш ғасыр үнің өшті бодандықта,  
Жүргізілді ел ішіне тазалықта.

Мыңдаған боздақтарың боздап кетті,  
Атылып, арты қалды абақтыда.

Болмады мұныменен, малыңды алды,  
Осылай қырсық шалды жаныңды алды.  
Тоз-тоз боп қазақ кетті дорба арқалап,  
Әйтеуір шығар - шықпас жаның қалды.

Болды ғой қанды қырғын өлекседей,  
Қырғынды жаба берді көмескілей.  
Миллиондаған қазақ кетті арман болып,  
Бостандықтың, еркіндіктің туын көрмей.

Бұл рушылдықтың кесірі ғой басқа тиген,  
Бөлшектеп біріне-бірі басын иген.  
Жойылды зобалаңда ардақтарың,  
Ержүрек азаматтарың халқын сүйген.

Кетті ғой сол бір заман бізден алыс,  
Болмасын бұл сөзімде артық ауыс.  
Ендігі ойға алар мақсатымыз,  
Болсыншы елім деген айқын дауыс.

Ел болдық қазақ деген асыл рухты,  
Сан ғасыр бұл рухты асырыпты.  
Ерліктің намысты рухтың арқасында,  
Төбеге орналастық тасы мықты.

Ендігі рушылдығыңның жөні келмес,  
Еліңді ел етем десем ақыл-кеңес.  
Жеті ата барыңды білгенің жөн,  
Бірақ та, рухыңды сақта қазақ, болмай елес.

Қазақ деген бабамыз заты түрік,  
Арғы атаң болған екен Ғұн менен Сақ.  
Сақтай жүр сақ тайпаның бар одағын,  
Осыным шын жүректен Аллаға хақ.

## МӘҢГІ БІРГЕМІЗ

---

Жүгіңді жи, тиял дейді бірі бізге,  
Қосылмасын, бірікпесін деп айтады іргемізде.  
Не сандырақ, алжасқанның айбары ма?  
Ұмытпайық бірлігімізді; күйімізде, үйімізде.

Шекарам ұлан байтақ жерімізде,  
Ұлы орыс халқыменен; әніміз де, сәніміз де.  
Ұлы ойшылдың тұжырымына жүгінейік,  
Жолы бұл Абай нұсқаған бәрімізге.

Ол сенің малың емес, жерің де емес,  
Мәңгілік достық. Кірме де емес елімізге.  
Пушкинді сайратқан ұлы Абай,  
Татьянаны үлгі етті жас ару теңімізге.

Ажырамастай болып кеткен денемізге,  
Ғасырлар бойы тараған терімізде.  
Гендік затыңменен жалғасып орын тапқан,  
Жойылмайды ол, ыдырап кетсе де бар ғалам  
кенімізде.

Орыс емес кінәлі салт-сана нәрімізге,  
Империяның құдіреті ол жара салған тәнімізге.  
Не іздесең, содан ізде қастандықты,  
Бұзылған қордаланып тегімізде.



Бабалардың тұрағы бұл жерімізде,  
Жатқан жоқ па бірлігі боп тілімізде.  
Орыс халқы үлгі етсе бүгін сені,  
Сен де үлгі тұт олар жеткен төрімізде.

Бөлектенбе бір-біріңнен ағайын туыс алыптар,  
Іргесі бір Отандастың туы мәңгі халықтар.  
Достығыңды берекеңді аздырма,  
Бұл саясат дұрыс берік қалыптар.

*Жүрек қалайы*

## СЕМЕЙІМ МЕНІҢ СЕМЕЙІМ

---

Ұлылардың болған мекені  
Ғасырдан үнің өтеді  
Семейім менің Семейім  
Ардағы елдің кешегі.

Қараймын саған таласа  
Жаныма жаның жараса  
Тұғырың биік Семейім  
Өсе бер өрлеп жаңаша.

Ертісім аққан еркелеп  
Келемін жағаңа ертелеп  
Бойыңда бұлқынған өрлік бар  
Жүресің әркез жетелеп.

Мақтанышы болдың алаштың  
Заманыңмен таластың  
Өсіріп талай арданы  
Өнерің мен жарастың.

Абай болып жырладың  
Шәкәрім болып арда алдың  
Мұхтар менен есейіп  
Қайым болып толғандың.

Ұрпағың оқшау әсерлі  
Сені ғұмырлы деседі  
Семейім менің ,Семейім  
Лебіңнен көктем еседі.

*Ақ бата, тілек*



**АҚ**  
**БАТА**

## ҚОС ҚАЙЫҢ

*Қыздарым Ақерке мен Гүлнұрға арнадым*

Тербеледі қос қайың,  
Кім біледі мән жайын?  
Қос қайың деп өн салам,  
Сағынғанда күн сайын.

Кетті ұшып ұядан,  
Қос құлыным жастайын.  
Ескерткіш қып үйіме,  
Ектім әкеп қос қайың.

Қос қайың-ау, қос қайың,  
Әнді сенен бастайын.  
Келешекке үлгі бол,  
Өсе берші жастайын.

Ата-енеңді сыйлай жүр,  
Инабатпен билей жүр.  
Аға жеңге, бауырды,  
Алыстатпай ала жүр.

Жеңгең сенің ақылшың,  
Бәрінен де жақынсың.  
Тумасын елдің жатсынба,  
Сыйласуға мақұлсың.

Жақсы көрші туысын,  
Онда сенің жұмысың.  
Арашалар аялар,  
Түсе қалас бір ісің.

Ауыл қарты асылың,  
Алдын кеспе жасырын.  
Ізет көрсет әрқашан,  
Үлкеніне жасының.

Үйге келсе достарың,  
Құрмет көрсет, қос бәрін.  
Аяла құлыным, аяла,  
Алланың сені қосқанын.

*Жұпарқалы*

## АҚ ТІЛЕУ

---

*Үлкен келінім Меңсұлуға арнадым*

Бар дейсің ғой  
Зубайырда баламыз,  
Туған туысы,  
ел-жұрты.  
Кімдерменен  
біз боламыз  
Шынын айтсам  
балам маған  
ұнайды,  
Семья құр  
немере әкел  
болашақ.  
Көркейіп бір,  
шаттанайық  
Алға басып  
дана шақ.  
Қысқа қадам  
жазылсыншы  
Кесіліп бір  
тұсауым.  
Кепкен ауыз  
жібісіңші  
Сөздің ашып  
құрсауын,  
Мен де бір  
кенелейін  
Кеңдігіне  
көңілдің.  
Шын сенемін  
Құмар болған  
байлығына  
өмірдің.

# НЕМЕРЕМ АРУЖАНҒА

(1 жаста)

Аружаным  
    құлыным,  
Кішкентай ғана  
    «ду» үнім.  
Атасының  
    панасы,  
Апасының  
    саясы.  
Қанша жақсы  
    көрсек те,  
Папасының  
    құлыны,  
Мамасының  
    жұлыны.  
Шөпідетіп  
    сүйеді,  
Жақсы көре  
    біледі.  
Папасы оның  
    тірегі,  
Бізден қашып  
    барады.  
Ойыменен  
    саналы,  
Құшақтап оны  
    алады.  
Жылт-жылт етіп  
    жанары  
Екі көзі  
    жанады

*Жүрек қалауы*

Әне кетіп  
    барады.  
Қызықтайық қоймайық,  
Қызығына тоймайық.  
Ұстап алып қолынан,  
Балалар ойынын ойнайық.

Папасындай күледі,  
Тәй-тәй басып жүреді.  
Кішкентай ғана Аруым,  
Үйімдегі тәуірім  
Алдап кетіп барады.





## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

(Тынышты апай 90 жаста)

Тойыңыз құтты болсын  
Ардақты ана!  
Құйылған мейіріңіз  
жан-жақты ана.  
Өсірген ұрпағыңыз қолыңызбен  
Жүр әне ғұмырыңызды  
жалғап қана.  
Шешілдің талай ұрпақ  
қамын ойлап,  
Жүруші-ең жақсылардың  
жанын жайлап.  
Асылды мінезіңмен  
бір қалыпты,  
Ақылға сыйғызатын  
барын байлап.  
Құрметпен мен атаймын  
атыңды ана,  
Мейірімді ақ пейілді  
затыңды ана.  
Көрген іс тәжірибең  
толып жатыр,  
Ескінің ер ұрпағы  
батыр ана.  
Иіліп өз алдыңда  
тағзым етем,  
Ойым жоқ бір өзіңнен  
ала бөтен.  
Береке бірағиңнен  
айналайын,  
Аналық шуағыңмен  
жаса көркем.

Жүрек қалайың

10 қаңтар 2014 жыл

## ЖОҒЫҢДЫ ЖОҚТАП, ӘКЕ ЖҮРМІН МЕН

---

*Ұлы Отан соғысында қаза болған әкем  
Қалиақпарұлы Сәлменге арнадым*

Жоғыңды жоқтап жүрмін мен,  
Асылым — әкем арманым.  
Тобымды топтан көрдім мен,  
Өмірдің ұқтым жалғанын.

Өшіріп сенің бейнеңді,  
Таба алмадым, таппадым.  
Нұрың жауып кеудеме,  
Тыным алмай жаттадым.

Шаршасам да шарқ ұрып,  
Жарама дауа таппадым.  
Болымсыз дерек сақтадым,  
Қорғансыз көп, моласыз  
Дариға-ау дүние жан-жағым.

Сол қорғансыздың өзімен,  
Тірі де жүрген көзіңмен.  
Сенің қаның бойымда,  
Ойың да сенің жүзіңмен.

## ТОЙ-ТОЙЛА

Екі жас  
бақытты  
болсын — деп,  
Бақ дәулет  
келіп  
қонсын деп,  
Тілек тілеп  
бөріміз,  
Жас пен  
және  
көріңіз.  
Тәрде отырған  
төреңіз,  
Көреген қарт  
көнеңіз,  
Бата алып  
бас сыйлап,  
Алладан медег  
болсын деп,  
Қыдыр ата  
барша жұрт  
Осыны естіп  
көрсін деп,  
Дастарқан  
жайып  
соншаңа.  
Жасалып  
жатыр  
той сана.  
Өз тойыңдай  
тойла ағайын,  
Береке бірлік  
дүр сана.

Жүрек көзім

1993 ж

## БІЗДІҢ ДОСТЫҚ

---

*Жанұямыздың достары Мәкең мен Күлпәшқа*

Асқындап та кетпедік,  
Жағаладық беттедік.  
Көңілі достың қалмас деп,  
Ақылменен септедік.

Болмасын деп өкпе ілік,  
Ойладық қой бас бірлік.  
Қысылғаннан қымқырып,  
Тершігіп те біз жүрдік.

Сіз бен біздің көңіл бір,  
Араламасын ойды кір.  
Жүрмесін деп арада,  
Қызыл өсек, болар жыр.

Бойымызда тартымды,  
Ойымыз да қалпыңды.  
Біздің достық әрқашан,  
Бөліп жердей жартыңды.

Судан таза сүттен ақ,  
Балалар да біздің жақ.  
Іске аспайтын тоспайтын,  
Шарасыздық бізде жоқ.

Арымызда жанымыз,  
Қолда барда халымыз.  
Жақсы жігіт әйел боп,  
Жүреді біздің кемпір шалымыз.

Әділет біздің қалқамыз,  
Шындықпенен жортамыз.  
Тілеу тілеп айтамын,  
Осындай бол баршаңыз.

2013 ж.

*Жүрек қаламы*

## ЖИЕН НЕМЕРЕМЕ

---

*Айнур дүниеге келгенде*

Адам келді  
өмірге,  
адам келді,  
Ар мен намыс абырой  
болам деді.  
Ақылды бол  
перзентім,  
ақылды бол,  
Бір өзіңе  
қаратар  
таман елді.  
Ай нұрынан  
сусындап  
нұрыңды төк,  
Берік боп өс,  
көрікті боп өс.  
Қуантып әкең  
менен анаңды енді.

## МЕНИҢ КӨРШІ ҰЛДАРЫМ

---

*Қадыр, Ерлан, Күлебайға*

Менің көрші ұлдарым,  
Маған аян сырларың.  
Аман-есен жүріңдер,  
Жығылмай әсте қырларың.

Ата-бабаң қолдасын,  
Қыдыр болсын жолдасың.  
Нұры жауып Алланың,  
Оңға жолың оңалсын.

Тарылмаңдар тар кезде,  
Ісіңде болсын береке.  
Еңбектің жолы адал жол,  
Еңбекпенен тап керек пе?

Адалдығың, арың бұл,  
Арыңды сатпа бәрін біл.  
Айтқан кеңес ақылым,  
Не демейді қызыл тіл.

*Жүрек қолқыры*

## АҚ ТІЛЕУ

---

*Қайрат ұлы Бауыржанға*

Бауыржан деген атың бар,  
Ер Момышывтай затың бар.  
Болмасаң да ұқсап бақ,  
Шыққан биік батырлар.

Тұлғаң болсын көрікті,  
Дос қыл «ақыл» серікті.  
Жігіттердің алды бол,  
Алмас сынды берікті.

Затың мықты, ойлы бол,  
Досыңа адал, жайлы бол.  
Шығар биік мекенің,  
Рухың асқақ, силы бол.

Ағайын жүрсін ардақтап,  
Атағың шықсын жан-жақтап.  
Сыпайы, сылқым, сері бол,  
Жүрсін әр кез ел мақтап.



## БАЛАМ БАУЫРЖАНҒА

Күндерім өтіп барады,  
Басымнан аса қарайлап.  
Түндерім сауға сұрайды,  
Түсіме кіріп бар аймақ.

Арасыңда, күн мен түн,  
Өмірдің өткел тұрағы.  
Айылын тартып айларда,  
Қарайды маған қырағы.

Ісіңде өніп жатыр ма,  
Тірілік қалған басыңа.  
Келер күннен иман күт,  
Боламаса балам жасыма.

Қарайлаған ардағым,  
Қапалыста қалмассың.  
Ниетің түзу, жан-жағың,  
Жала жолға бармассың.

Әкеңнің сыйла самайын,  
Басыңа үкі тағайын.  
Болмасқа бола тоз болған,  
Көрдің гой балам талайын.

Ақылға сал, аяла,  
Қолыңда барын бағала.  
Өмірдің қатал сынағы,  
Сынаққа қатал таяма.

4 сәуір 2014 жыл

Жүрек қызы

## ҰЛДАРЫМА ӨСИЕТ

---

Ардақта балам ардақта,  
Жаныңда жүрген жарыңды.  
Оттан да тезден, сен сақта,  
Сүйе біл қолда барыңды.

Адал бол, балам жарыңа,  
Балаларыңның ол анасы.  
Адалдық деген асыл сөз,  
Әділдік оның бағасы.

Достығы биік адамның,  
Көп кой оның панасы.  
Кірлетпе оны күте біл,  
Өмірдің өшпес жарасы.

Елің, жерің, туғаның,  
Ажырамас сенің арманың.  
Елің үшін еңбек ет,  
Берекелі болсын жан-жағың.

Досыңа бол қайырымды,  
Ол да сенің бір басың.  
Алыста жүрсе сағынар,  
Болсын жаның — қимасың.

Кәрісін елдің құрмет тұт,  
Бөленерсің құрметке.  
Сөзің де оқыс шықпасын,  
Ұрынбайын десең бір дертке.

Бойыңды ұста аулақта,  
Басыңа төнер пәледен.  
Сырыңды берме, сыр сақта,  
Құтыларсың жаладан.

Жадында сақта әр кезде,  
Айтылған ақыл барымды.  
Болма, жүріс, ел кезбе,  
Жеріңде бол танымды.

15 сәуір 2014 жыл

Мұхаммед Қалмұқан

## КЕЛШІ ЖАНЫМА ТУЫСЫМ

---

Ағайын сыйлас досым бол,  
Барымды бөліп берейін.  
Ойымды менің косып ал,  
Айтқаныңа көнейін.

Жүрмеші тек алыстап,  
Жақынның зарын терейін.  
Туысым бол, туғаным,  
Жүрегімнің отын жағайын.

Кеудемде батпан шерімді,  
Жібітіп көне көрейін.  
Ықыласың түссе арманым,  
Арманымды қуып жүрейін.

Жақыннан көрдім тапшылық,  
Барыңа сенің сенейін,  
Дүние тозақ жоқшылық,  
Төбеңнен сенің төнейін.

Ағызып қолда барымды,  
Кеңейтейін тарымды.  
Керек болса ала ғой,  
Бойда барда, жанымды.

Тек адамшы болмасын,  
Ағайн туыс барлығың.  
Бақ та боп, талай, қонғансың,  
Ескермеппін жаағанын.

15 сәуір 2014 жыл

## РАХЫМАННЫҢ (АҚАН)

60 жылдығына арнау

Ақан досым көз салсаң өткен күнге,  
Құсмұрын, қандығай бөктерінде.  
Өткізіп балалықтың бал дәуренін,  
Жігіттіктің жайладық көктемінде.

Тап болды біздің бұын сұм соғысқа,  
Әкелер кетті аттанып қанды-ұрысқа.  
Әйел-басшы, кемпір-шал, бала-шаға,  
Шешелер ие болды бар жұмысқа.

Соның бірі біз едік Ақан досым,  
Жетімдіктің ерте тіккен қара қосын.  
Алла өзі ширатып, шынықтырып,  
Қуат берді дегендей «мықты осы ұл»

Көрсең де қиындығын қай тікейдің,  
Тетігін тумай оқып білгендейсің.  
Балалықтың базарын жастай тастап,  
Өзіңнің қатарыңнан ерте есейдің.

Педагог, дәріс бердің шәкірттерге,  
Бастық та болып отырдың талай төрде.  
Актер болып Қызылағаш театрында,  
Айналдың халқың сүйген Кебек ерге.

Жігіт болып қызға да қырындадың,  
Анау-мынау сілтеңге бұрылмадың.  
Өмірлік серіктесіп, жар болар деп,  
Кәмшатты жүзіп жүріп таңдап алдың.

Жүрек қалпы

Үй болдың, отау тігіп бала сүйдің,  
Сүйген жар қызуына жанып күйдің.  
Сен білмейтін қызмет қыры қалмай.  
Ағаш, темір, бояумен түйін түйдің.

Уақыт ұрлап болып, қарыштады,  
Жастық шақ, бозбала күні алыс қалды.  
Ақсақалдың кигізіп ақ қалпағын,  
Құшағына алыпты-ау алпыстағы.

Алпысың құтты болсын мерейтойың,  
Толықсып кезі кемел ойдың.  
Бала-шағаң, отбасың аман болып,  
Ағайынға арта берсін абыройың!!!

*Шын жүректен Мәуітқазы  
және Зукеновтер әулетінен 5 тамыз,  
1999 жыл, Семей қаласы*

## БАЛАМ ГҮЛНҮРҒА ӘКЕЛІК ТІЛЕК

---

Болайын десең, балам болып ал,  
Күнін кешпе жалғыздың.  
Жалғыздың күні жарым жан,  
Жарығы артық жұлдыздың.

Жалғызда балам сая жоқ,  
Алласыз адам жалаң тас.  
Қанша көгеріп өскенмен,  
Орман болмас бір ағаш.

Сыйластықпен өмір сүр,  
Бақ дәулетің алдыңда.  
Екеу болсаң өмір гүл,  
Болсын әр кез жадында.

Жалғыздық адамға жараспас,  
Оған жат та таласпас.  
Сүйгенің болса алтыным,  
Жолың болсын бар астас.

Қолымды жайдым, бата бердім, қарағым,  
Жана берсін, жарқырасын, шырағың.  
Іргең мықты, көтерілсін шаңырақ,  
Бақ пен дәулет, болсын, асыл тұрағың.

Адам аңсар, қызығатын, қанатың,  
Болсын төрің, құрметпенен шығатын.  
Досың мақтар, елің жақтар адал бол,  
Немерелерің апатайлап тұратын.

Жүрек қалайы

## БАТА

---

А, Құдайым, аспай бер,  
Береріңді саспай бер.  
Етек, жеңін тегістеп,  
Жақсылыққа бастай бер.  
Үйде болсын жұбаныш,  
Еліңде болсын қуаныш.  
Сәбиімді сәтті қыл,  
Сом тұлғалы бетті қыл.  
Қараса елі тамсанар,  
Қызы болса жар санар.  
Ұлы болып туса әлде бір,  
Оны халқы дүр санар.  
(Аллаһу акпар)

А, Құдайым енші бер,  
Енші берсең кенші бер.  
Ұлан байтақ жерімнің,  
Есік алды төр етер.  
Қазақ деген халықтың,  
Босағасын тең етер.  
Жер қойнауын ақтарар,  
Көрген азап бейнетті.  
Ел аузында жатталар,  
Игілігі боп халықтың,  
Ісі мәңгі сақталар.  
(Аллаһу акпар)



## БАТА ТІЛЕК

*Мусинов Даниялдың баласы  
Ролланның Америкадан оқу бітіріп  
келуіне байланысты бата тілек*

Құтты болсын жас жеткіншек қадамың,  
Досы болшы мынау байтақ даланың.  
Орындалсын не тілеген тілегің,  
Жоқтатпашы, көзіндей бол, Абай сынды дананың.

Менің елім ұлы перзент өсірген,  
Қателігін жат елдің кешірген.  
Даналығы қазағымның ғажап қой,  
Басқа ел үшін қан майданда шешінген.

Сол халықтың ұлы болып еңбек ет,  
Даналыққа жаңарып та солай жет.  
Өз ортаңда дара тұлға болып өс,  
Ел арманы, өз арманың қалма шет.

Касың болмай, досың болсын жолдасың,  
Аллаң бастап пендең сені қолдасын.  
Ата-баба аруағы медет қып,  
Жолың болсын, жолыңды қыдыр оңдасын.

*Жұпарқасым*

## ЖАРЫС ҰРАНДАРЫ

---

Біз біргеміз, сөгілмейді іргеміз,  
Арман еткен бостандық,  
Туын жықпай жүреміз.

Бас, бас алға бас,  
Шықсын алға,  
біздей жас.

Біз шыныққан ұланбыз,  
Сапқа тұрған қыранбыз.  
Бейбіт елдің тірегі,  
Отан үшін туғанбыз.

## ҮЛКЕН НЕМЕРЕМ СЕРЖАНҒА

(аталық ақыл)

Немерем өзің ыстық, сөзіңде ыстық,  
Бәрінен жаутаңдаған көзің ыстық.  
Келешек өмірімнің жалғастары,  
Жүрген жер, шығар биігің болсын ыстық.

Адам бол, ар мен намыс қорғаштаған,  
Адалдық болсын сәулең жол бастаған.  
Өмірдің қандай қиын кезеңдерін,  
Көрсей де, мойымайтын бол жас қыран.

Досы бол жақсы адамың, сатқыны жоқ,  
Болмасын достығыңның жат құны жоқ.  
Алдаумен, арбауменен өмір сүрме,  
Алданыш болмасыншы дат құны жоқ.

Өсерсің, жетерсің адам болып,  
Біреуге билік айтып ойың толып .  
Сол кезде жақта жаным адалдықты,  
Жүрмесің арамдармен бірге тозып.

Қызметің өссе, өрлеп ел алдында,  
Жолдасың ақыл болсын ар алдында.  
Бірлікпен, ар, намысты бірге ұста,  
Әрқашан жүрсін сенің ол жадында.

Жар алсаң, алған жарың серік болсын,  
Мәңгілік ұлы шаңырақ берік болсын.  
Қуантып ата-анаңды әр уақытта,  
Береке бірлігің тұнып тұрсын.

Шөберем, менің аңсар сүйер құлым,  
Желбіреп желкілдесін бойда тұлым.  
Әкеңнің ардақты көп немересі,  
Шаттықпен көтерілсін үйде шуақ.

Туыстың жолы қымбат ардақтай жүр,  
Ақылға, ойға салып жан-жақтай жүр.  
Ағаң да, бауырың да, қарындасың,  
Ол сенің асыл қазынаң, сен сақтай жүр.

## АРНАУ БАТА

(Көршімнің сәбиі дүниеге келгенде — Инабат)

Жаңа ғасыр дана екен,  
Жазда туған бала екен.  
Инабатты сүйкімді,  
Анасы оның бар екен.  
Ғасырдың берсін таңбасын,  
Оңалсын осылай жол басың.  
Ақылы артып кемеңгер,  
Ата даңқың жалғассын.  
Кеудесі толы наз болсын,  
Жүрген жері жаз болсын.  
Басқан ізіңе гүл бітіп,  
Ата-анасы мәз болсын.

Жүрек қалпы

Балдызым Мұраттың 40 жасқа,  
ұлы Бақытжанның 10 жасқа толуына  
арналған мерейтойына  
арнау тілек

---

Балдызым менің — Мұратым,  
Аса да берсін мұратың.  
Айқын болып істерің,  
Өркен жайып гүлдесін.  
Елің шат боп тұратын,  
Барыңды бер еліңе,  
Еңбегің сіңсін жеріңе.  
Тілегі халық ақталып,  
Ата-бабаң қолдасын.  
Қошемет ет серіңе,  
Елдің ішкі назды ғой,  
Көк орай шалғын жазды ғой.  
Гүлдеп өтсін өмірің,  
Ақ ниетті көңілің,  
Жерің шүйгін озды ғой.  
Той тойлатып жүрейік,  
Ойнап әр кез күлейік.  
Жатсынбасын адамдар,  
Жабырқамасын аналар,  
Өмірді осылай сүрейік.  
Бүгін келдің қырыққа,  
Жүрген жоқсыз тұйықта,  
Елдің қамын ойлайсың,  
Оны және тойласын.  
Тойлауыңды сірә қоймайсың,  
Бұл сөзім жүрсін жадында,  
Арман-тілек барыңда,  
Қиын-қыстау болса да,  
Бәйтерек өскен солса да,

Тарылма бауырым тарылма,  
Шад-шадымен болайық.  
Ойын-күлкі отын жағайық,  
Мұратымның тойында,  
Келіп те тұр менің жайым да,  
Тойлауды біз қоймайық.  
Уа, халайық, халайық,  
Әнге осылай салайық,  
Бұл тойыңда тұңғышың,  
Көкке өрлер жыл құсың.  
Онға жасы толыпты,  
Бақыт құсы қоныпты.  
Еркіндіктің туындай,  
Ыстық лебі суынбай.  
Желбіресін желкілдеп,  
Ақындардың жырындай,  
Қуатын берсін батырдың.  
Билігін берсін ғасырдың,  
Анаңның ақ сүтіндей,  
Махаббатындай әкеңнің,  
Тазасы бол асылдың.  
Келінім саған тілерім,  
Қараймасын білегің,  
Қосағыңмен қоса ағар,  
Ортаймасын көңілің.  
Көркейсін өмір көкейсін,  
Марқайып сан жасаған,  
Құт-берекелі шаңырақ,  
Берік болсын босаған.  
Езуіңнен күлкі кетпесін,  
Жат мінездер шеттесін,  
Жолдас-жора ағайын,  
Сіздің үйге беттесін.  
Жүзге келсін жасың да,  
Алға қадам басуда,  
Ортаймасын ортаң да,  
Сұдай ақсын бар пайда.

*Жүрек қалауы*



## ОЙДА ЖҮРГЕН ҚҰДАМ БАР

---

Ойда жүген құдам бар,  
Тұрады онда қырандар.  
Бақ пен дәулет ортасы,  
Билік құрған тұрандар.

Көк орай шалғын даласы,  
Майса дейді жотасы.  
Барып өзім коргем жоқ,  
Өрімдей өскен ботасы.

Құданы Алла жаратқан,  
Кигізіп шекпен жанаттан.  
Мың жылдық қызық көрсін деп,  
Нақыл қылып таратқан.

Сол нақылдың ошағы,  
Сіз бен бізді қосады.  
Ағайын, туыс, таныс қып,  
Думандатып шашу шашады.

Қос-құлыным қоса ағар,  
Берік болсын босаған.  
Не жақсылық ниетті,  
Үзбей берсін жасаған.

Баламыз ғұмырлы болсын деп,  
Бақ-дәулеті өсіп қонсын деп.  
Еркін жүріп, ең жайлап,  
Бәйшешек гүлдей толсын деп.



Маңдайынан қақпаймыз,  
Тілегін солар жаттаймыз.  
Ұрпағымыз өсіп-өнсін деп,  
Аталап солар жүрсін деп.

Шашу шашып қарсы алдым,  
Тілегін тілеп жар салып.  
Құдаменен құдағи, өздеріңді көруге,  
Меңде өзіңдей аңсадым.

Өттең шіркін жер шалғай,  
Барар едім болса ыңғай.  
Аяққа біткен тұсамыс,  
Денемді алды құрсаулай.

*Жүрек қалпын*



## Құдағиым Бақаштың 60 жылдық тойындағы тілек

---

60-қа келді жасыңыз,  
Судай есіп тасыңыз.  
Бақ пен дәулет қолтықтап,  
Аман болсын басыңыз.

Жүз жасқа да келіңіз,  
Талай қызық көріңіз.  
Немере, шөбере өрбітіп,  
Болашаққа сеніңіз.

Құтты болсын тойыңыз,  
Орындалсын ойыңыз.  
Қызыр атам, пір қолдап,  
Жинақы жүрсін бойыңыз.

Құда-жекжат туысың,  
Онсыз бітпес жұмысың.  
Қадірлейміз құрметпен,  
Құдағидың бұл ісін.

Батыр жаңды анасың,  
Тәрбиелеген баласын.  
Тоғыз туды көтерген,  
Балаларға жағасың.

Аман болсын айларың,  
Көктеп өтсін жылдарың.  
Өскен ұрпақ бірігіп,  
Жасай берсін тойларын.

## Досым Мауытқазыға

Өткен өмір, жастық жалын арман ғой,  
Айналаңда сыйластықпен күнде той.  
Бар адамнан дос жараннан тапқаным,  
Бір өзіңсің, Мәке соны ойлап қой.

Асылымсың арамызда толғанар,  
Достық көңіл өшпес мәңгі жалғанар.  
Сізді Мәке көрмесем мен сағынам,  
Еместін мен досқа сатқын, бақ құмар.

Біздің достық аңыз болған талайға,  
Айналып кеп тауып жүрген шарайна.  
Туыстықпен, жігіттікпен табысқан,  
Мәңгілікке қол ұштасқан қалайда.

Жырымды мен сізге елтіп толғанам,  
Адымым да алшақтайды бір қадам.  
Оқып тұрып кітабыңмен сырласам,  
Сөздеріңнен қуат алып жырласам.

Барша адам, өмір оның құрдасы,  
Әр адамның жеке тұлға жалғасы.  
Кезек күтіп сағынып мен жүргенде,  
Бола алдың ба, Мәке менің мұңдасым.

Ой мекені, ой түбінде шарықтар,  
Сыйласуға әр адамда парық бар.  
Неге керек жақсы, жаман атауы,  
Жүрегінде әр пенденің жарық бар.  
Сөнбес достық, сол жарықтың ұясы,  
Хатымды оқы кеппей тұрып сиясы.  
Ар-ұжданы, достық көңіл бөлінбес,  
Біз екеуіміз бір ағаштың саясы.

*Жүрек қаламы*



Жүргенімде атың сенің көргенше,  
Күлкім өліп, төзім қашып телгенше.  
Сыйласуға, сырласуға мен бармын,  
Ақыл ойым мені тастап сөнгенше.

Балдызым Ләйлә мен Ержан  
күйеу баланың тұңғыштары  
Мерей мен Раушангүлдің  
үйлену тойына тілек

Өскелең ұрпақтың сен бір басысың,  
Абырой атақ даңқың нұр тасысын.  
Жарыңмен қиын-қыстау арпалыста,  
Атойлап алға шыққан жол басысың.

Өмірдің көрдің талай белестерін,  
Өсірдің ұл, қызыңды теңестірдің.  
Заманың болмысымен бірге жүріп,  
Ақталды үміт оты жерлестердің.

Қуаныш қызығыңа ортақ жанмын,  
Той думан толастамай ашсын сәнін.  
Балдызым Ләйлә шырақ, Ержан жаным,  
Арманың орындалсын асқақ жолың.

Мерейің, Раушангүлің бір тұғырың,  
Жалғасар өмірің сынды бұл ғұмырың.  
Шаңырағы берік болып керегелі,  
Бақытты өмір сүрсін қос құлының.

*Мерей қаламы*



## Немерем Сержанның туған күні

---

(Баға)

Аллаң сені оңдасын,  
Қыдыр болсын жол басың,  
Ғайып-пірім 40 шілтен,  
Демеп, жебеп қолдасын.

Атаң қызығыңа тоймасын,  
Апаң аймалауын қоймасын.  
Әкең тойлап тойыңды,  
Анаң әр кез қолдасын.

Жасын берсін Жамбылдың,  
Басын берсін асылдың,  
Сәнін берсін Сәкеннің,  
Махаббатын әкеңнің.

## Мұрат құданың 60 жылдығына

---

Тарбағатай төрінде,  
Өскелең ұрпақ елінде.  
Енші алып кең жайлаған,  
Ұқсатамын сені серіге.

Талай думанды тойлаған,  
Тойлата жүріп ойлаған.  
Келешек ұрпақ қамы үшін,  
Қаламын шебер сайлаған.

Сыйлаймын құда затыңды,  
Дүниеге әкелген талай батырды.  
Мұратың биік болсын деп,  
Қойыпты халқың атыңды.

Қосағымен қоса жүр,  
Тойыңда бізді тоса жүр.  
Туыстың жалғап іргесін,  
Қызық думан болса бір.

Алпыс деген жасыңыз.  
Болсын құрметті басыңыз,  
Төрлетіңіз төріне,  
100-ге келсін жасыңыз.

*Жүрек қалауы*



Сыйлас болған бауырым  
Нұрахаметтің жұбайы  
Нұрбанудың 50 жасқа толу  
құрметіне Арнау тілек

---

Жас та болсаң  
Бас болдың,  
Сыйласымды дос болдың.  
Екі қасың бірігіп,  
Той-думанға мас болдың.  
Нүкең барда дүние-ай,  
Ажырамастай жан едік.  
Бір-бірімізге пана едік,  
Бұл жалғанның қысқасы.  
Көрдік міне нұсқасын,  
Бала өсті, ер жетті.  
Отау құрды ұрпағы,  
Той думанға ұласты  
Нүкең тіккен нұр бағы.

Өзің де міне келіпсің,  
Елу деген жасыңа.  
Есейіпсің еркелеп,  
Сәлде киер басыңа.  
Ғұмырың ұзақ болсын деп,  
Орны Нүкең толсын деп.  
Артыңнан ерсін шұбырып,  
Немере, шөбере қонсын көп.  
Бұл жалғаннан армансыз,  
Кімдер қашан өтіпті.  
Алланың жазған тағдырын,  
Басынан олар кешіпті.  
Орындалсын арманың,  
Біз көрелік әр кезде.  
Өмірдің қызығын толғанын,  
Елу деген жасыңа.



Қосарлансын елу кел,  
Соны да тойлап жүре бер,  
Өмірді сәнді сүре бер,  
Нүкең орнын жоқтатпай,  
Отауыңды көп тіге бер.

*Мүрек қалауы*



## ҚЫЗЫЛАҒАШ МЕКТЕБІ

---

Ұлағатты ұстаз атом полигонының жабылуына және атом сынағы басталғанда елді мекендердегі (тұрғылықты) адамдарды аман алып қалуға зор үлес қосқан, өмірінің соңғы жылдарында партия қызметінде аянбай еңбек еткен, аяулы да ардақты азаматымыз Аймақов Мутан (Махмут) ағаға Қызылағаш елді мекенінің орта мектебінің аты берілуіне байланысты құттықтау

Мектебім алтын бесік аманатым,  
Келешек ұрпақ үшін жазам атын.  
Сыйым жоқ қолмен ұстап беретұғын,  
Қолымда ақ қағазым міне хатым.

Ұшырдың өз ұяңнан қырандарды,  
Талайдың еңбегінің бағы жанды.  
Бағдарлап қарасаңыз өткен өмір,  
Еліңе қосып бердің дарындарды.

Бұл мектеп көп адамға азық болған,  
Ұясы қасиетті бақыт қонған.  
Өнерлі өнегелі ұстаздары,  
Бойына рухы биік жігер толған.

Жалынды бұл ауылдың азаматы,  
Дарқандығымен еліне шыққан аты.  
Білімнің ақ маржанын сепкен ауыл,  
Ескерілмей қалмақ емес асыл заты.

Шәкірттері бұл мектептің елдің алды,  
Болады баршаңызға осы жарғы.  
Бүгінгі күн бағы жанып бұл орданың,  
Аяулы ағамыздың атын алды.

Бәріңе бұл берілген қомақты үлес,  
Атақ пен абыройың үшін күрес.  
Алдыңда талай-талай асуларың,  
Болмасын осалдығың, қалмай ілес.

Қайырлы құтты болсын атақ даңқың,  
Білімнің ерлігі үшін тағы тартын.  
Жолыңда білгірлермен, білімділердің,  
Мектебім арта берсін сенің парқың.

*Жүрек қаламы*



## Балдыздарыма ақ тілеу

---

Балдызым сен оңарсың,  
Гүл-гүл жайнап толарсың.  
Бақытты мынау күніңде,  
Қызығына өмір тоярсың.

Менің тілегім құптарым,  
Жарассын мынау жұптарың.  
Түлеп ұшқан шағыңда,  
Жайнасын көңіл бұлттарың.

Ардақтай жүр жарыңды,  
Қолға тиген бағыңды.  
Сыйымды бол енеңе,  
Жеріңе бол танымды.

Сыйла, бағала барыңды,  
Құрмет тұт жаным арыңды.  
Туысыңды тудай сақтай жүр,  
Сыңдырма әсте сағыңды.

Аналық сезім оянсын,  
Балалықты қоярсың.  
Биік болып шаңырақ,  
Ұрпағыңды өрбітіп жаярсың.

Үйіңнен қонақ кетпесін,  
Жаман жолдас шеттесін.  
Барыңды бөліс жақсымен,  
Көңілі достың ептесін.

Балдыз келінім  
Нұрсағаттың зейнетке  
шығуына байланысты ақ тілеу

---

Келіпсің міне Нұрсағат,  
Зейнет деген жасыңа.  
Қасыңда міне бәрі отыр,  
Амандық берсін басыңа.

Кешегі сәби бала едің,  
Апа болдың бір үйге.  
Ата болдың балдызым,  
Ақ самайлы кіреуке.

Ұрпағың өсті ел болдың,  
Даналық қонар басыңа.  
Дұрыстығы болды қай жолдың,  
Қартайған мынау жасыңда.

Аталап жүрсін немерең,  
Апалап жүрсін немерең.  
Осындай бақытқа бөленген,  
Мықты болсын керегең.

Алла берсін жасыңды,  
Абырой берсін асылды.  
Мұхтар менен екеуің,  
Көбейте бер қосыңды.

Жездең — Ақан  
Апайың — Ғайникамал

Жүрек қалауы

## БАТА

---

Ұлдарың болсын былай бір-бір төбе,  
Олардан өсіп-өңсін өңкей төре.  
Бақытты өмір сүріп ортасыңда,  
Балдызым атқара бер талай мере.

Немере, шөберең келе берсін,  
Жүз деген Жамбыл ата жасын берсін.  
Ағайын туыс құда жекжат арасыңда,  
Абырой, атақ, даңқың ас берсін.

## БАҚЫТҚАН ҚҰДАҒИ 80-де

---

Отырмыз бүгін тойлап сексеніңді,  
Барша жұрт жамағаттың бәрі келді.  
Томпаңдап таңсәріден қыздарың жүр,  
Ағызып ән мен жырдың сәні кірді.

Тойланған талай тойдың иесі бұл,  
Қызық пен қуаныштың киесі бұл.  
Ұлдарың ұлықтығын танытып жүр,  
Толғандай бүгінгі күн кеудеге нұр.

Немерең күйеу балаң сән құрады,  
Той думан иесінен сөз сұрады.  
Анаға деген ыстық сезімдерін,  
Айта алмай бір отырып бір тұрады.

Келіндерің дамыл таппай жүгіріп жүр,  
Толтырып дастарқанның мәзірін бір.  
Болса да енеміздің тойы жақсы,  
Әр жерге білгендері қойылып жүр.

Тыным жоқ бұл тойда барлық жұпта,  
Биін де ойынын да бәрін құпта.  
Жасарып құдағим сексенінде,  
Әне отыр төр-төрінде оны ұмытпа.

Еске алып кешегісін бүгінгісін,  
Жориды ойға салып көрген түсін.  
Бүгінгі кең пейілді дарқан ана,  
Атқарған өмірдегі барлық ісін.

*Жүрек қалам*

Қуаныш қызығыңды тойлата бер,  
Аймалап айналанды жайната бер.  
Немере, шөбере, шөмшектерің,  
Соңынан сайрандатып ойната бер.

Өмірдің аппақ бүгін таңы кірсін,  
Бақдаулет судай тасып ағып жүрсін.  
Есіліп еркіндіктің шуағында,  
Құдағиым — Бақтыханым өмір сүрсін.

Жүздеген жасыңызды Алла берсін,  
Береке бірлігіңіз арта берсін.  
Сол тойда дәп осындай сәніңізді,  
Мына отырған халайық тағы көрсін!







Үйлену тойында туысқандар



Ұлым Спандиярдың тойында



Балдыз-жиенім Серіктің қызы Мақпалдың тойында



Муташ балдызымның ұлы үйленгенде



Біздің балаларымыз құдағи Нәзкен



Жанұялық достарымыз  
Маутқазы жары Күлпәш және біздің жанұя



Қызылағаш орта мектебінің ұстаздары



Қарындасым Мағрифат пен біздің жанұя 1986 ж.



Құдалықтағы туыстар



Үлкен келінім Меңсұлу алдында немерем Мерхат,  
қызым Гүлнұр, ортаншы келінім Айгерім



Немерелерім: ортада ұлдарымның балалары Сержан,  
Аружан, Аяжан, Ернар, Мерхат және біз



Менің жанұям 1972 ж.,  
алақанымда ұлым Надияр



Аршалы мектебінің ұстаздары



Тетелес қарындас Бақаш пен жұбайы Айкен



Біздің жанұя: төрт ұлым мен екі қызым



Жоғарғы орында: Атам – Мухамедқали, анам – Төлеухан, Хали  
жақындарымыз; Мухтан, Ережеп, апалар.  
Отырғандар: Темірбек, Ақан, Аймухан, Айқан, Қабылахмет





Айгерімнің әкесі Мұхтар ағасы (құдалар) және мен



Гульназдың әкесі, шешесі, апасы.

Құда – Қаһарман, құдағи – Сайраш, Кәмәш




Кәмәш келіндерімен: Меңсұлу, Айгерім, Гүлназ



Суретте құдағи: Әзхан балалары және немерелері.  
Алдыңғы қатарда: Әзхан құдағи, қызым Ақерке, жиенім Бота,  
мен, жиенім Айнұр, жарым Кәмәш.

# Лирикалық шумақтар



## ЖАРЫМ ҒАНИКАМАЛҒА

---

Еркешім қызыл гүлім алтын ұям,  
Сен үшін қолда қалам, жанда сиям.  
Өзіңмен жүрегімде жалғыз үміт,  
Бақытты көш жолындай саған қиям.

Жарымсың қараңғыда ай боп туған,  
Нұрыңмен шапағатты бетім жуғам.  
Талықсып шарашағанда әр жұмыстан,  
Мен үшін шүперекке жанын бұған.

Ақшаң жүз ай қабақты сұлу еркем,  
Әрқашан жанымда бол болып көркем.  
Суы болып аққан өзен саласындай,  
Өмірімнің өрнегіне өзіңді ертем.

.....

Келші жарым,  
Отыр келіп қасыма.  
Сабырсыз ой сая таппай,  
Оған кейіп жасыма.  
Орта толар қуаныш көп,  
Қызық мол.  
Әлі-ақ келер бақ дәулетің,  
Қайта айналып басыңа.



## МАХАББАТЫМ ҚЫЗЫҒЫМ

Махаббатым қызығым,  
Нұры толсын жүзіңнің,  
Әлпештеген анасың,  
Мейірбанды баласын.

Ұзақ болсын ғұмырың,  
Жарасымды жұбыңның,  
Көмескі болмай өмірің,  
Гүлдеп өтсін көңілің.

Хор бағындай аялы,  
Туғаныңа аяулы.  
Жарасымды жансың сен,  
Ағайынға қалаулы.

*Жүрек қалауы*



## МЕНІ СҮЙЕП ДЕМЕШІ

---

Бойда қуат, жігерімді жасытпа,  
Ойда арманым, жүрсің әр кез тасып та.  
Сенен табам, бақ-дәулетін өмірдің,  
Ішегіндей домбыраның басып та.

Көңілдегі күйім болып тербелші,  
Гүлім болып өміріме дем берші.  
Жастық дәурен ойымнан бір кетпейсің,  
Сәл-сәл ғана мені сүйеп демеші.

Өтті дәурен дүбірлеген кездерім,  
Оңашада сені іздер тездерім.  
Қимастықпен қиыла бір қараған,  
Еске аламын боталаған көздерім.

Арман қуып жастық жігер таласқан,  
Қарайлайды, бізге қарап, көк аспан.  
Қандай едің мөлдір бұлақ алдында,  
Қол ұстасып, білек қысып жарасқан.

Дір-дір етіп саған жақын келгенде,  
Қос анарың көкірегіме тигенде.  
Шымырлайды, шыдатпайды демің де,  
От боп жанып денең сенің игенде.

Қандай тұнық көз жанарын қарағым.  
Исіңнен жұпар ескен тамағың.  
Өмір-бақи «мас» болыпта жүрер ем,  
Жастық дәурен келсе қайтып шырағым.



## ӨЛЕҢІМ-МАХАББАТЫМ

Мен саған ғашық болып жүре берем,  
Өмірдің тауқыметін бірге көрем.  
Айым боп аспандағы нұрын төккен,  
Түсімде түнделетіп сені көрем.

Мен саған ғашық болып жүре берем,  
Бойымда тасқындайды жыр мен өлең.  
Өмірдің отты лебі шалқи берсін,  
Білмедім ыстық жалын қай күн сөнем.

Мен саған ғашық болып жүре берем,  
Мәжнүніндей Ләліге ерген сені көрем.  
Өлеңім ғашық болған жас жеткенде,  
Дыбыстап әрбір әрпін тере берем.

Мен саған ғашық болып жүре берем,  
Көгімде аспандайды ғашық әлем.  
Ыстық қой жерім менің махаббатым,  
Тірімде бұл дүниемді кімге берем.

Өлеңім-махаббатым жалындай бер,  
Өңімде бақытқа енген таңымдай бір.  
Бақытым мұныменен таусылмасын,  
Алланың маған берген сиындай бір.

Жүрек қалауы



Жоғалтасың деп жарым қиналады,  
Жүзікті қолымдағы қимағанды.  
Сенімсіздік білдірдің айналайын,  
Жүрегімді айтқан сөзің тырналады.

Жүрегімді айтқан сөзің тырналады,  
Сезім де ойға кетіп бұрмаланды.  
Бұрыннан білмеуші ме ең адалдығым,  
Түсім емес, өңімде жырлағанды.

Түсім емес өңімде жырлағанды,  
Көріп пе ең? Жүріс-тұрыс бір жалғанды.  
Махаббат сезімінде қиянат жоқ,  
Тек қана мен білмедім сенің сөзің тырналады.

Сенің сөзің тырналады көрдім бүгін,  
Айыпты болып қалдым қандай күнім?  
Айтшы сен жүрегіңнің жарықшағын,  
Жеңілдетіп алайын жүрек жүгін.

Сен айтсаң ол, менің өнердегі махаббатым,  
Махаббатым — деп айтам.  
Сөзді, жүрек жібін ағытатын,  
Онсыз мен жаза алмаймын өлең құрап  
Ол менің өлеңдегі салтанатым, жазар хатым.





## АҚ ҚҰСЫМ

Сен менің арманым,  
Өмірімді жалғадың.  
Көкірегімдегі ақ құсым,  
Бақ құсым боп сайрадың.

Сенсіз өмір қараңғы,  
Билеп алған санамды.  
Ауырмашы жан-жарым,  
Қозғамашы жарамды.

Жүрегімде қалғансың,  
От боп лаулап жанғансың.  
Сол жалынның шоғымен,  
Жүрекке дерт салғансың.

*Жүрек қалауы*



## АРМАНЫМ АҚ ЖОЛЫМ

---

Жаныма кел жарым,  
Білейін сен барын.  
Ұстасып білектен,  
Бір ғажап тілекпен  
Өмірден армансыз өтейік.

Аттырып ақ таңын,  
Өмірдің бақтарын.  
Аралап беткейді,  
Еске алып өткенді,  
Ұрпақтан ұрпаққа жетейік.

Толықсып ай жүзің,  
Таусылмай дәм тұзың.  
Ерікті еліңде,  
Көк орай беліңде,  
Өркендеп есейіп жасай бер.

Балауса кезіңде,  
Бал едің өзің де.  
Еркімді ап ер жеттің,  
Махаббат отын тербеттің  
Бағыштап мен үшін жаныңды.

Арманым ақ жолым,  
Береке жан жағың.  
Шаттықтың ақ туын,  
Тіге бер, тіге бер  
Қартайған шағыңда.



## АУЫРМА, ЖАНЫМ АУЫРМА

Ауырма, жаным ауырма,  
Ауырғаның батады жаныма.  
Ұшықтайын бері кел,  
Ұшығыңнан жүр жазыла.

Ауырма, жаным ауырма,  
Ауруға көніп сарылма.  
Есіңді жи еркеле,  
Бойыңда қуат барыңда.

Сенсіз маған күн қараң,  
Бір күнім сенсіз мың күндей.  
Тоқтағандай тіршілік,  
Сольп қалған бір гүлдей.

Ауырма, жаным ауырма,  
Кірші келіп баурыма.  
Тұрлаусыз өмір болмасын,  
Ризамын Алла барыңа.

Тілегіміз сенің саулығың,  
Сағындық сенің ду үнің.  
Өзің барда көсембіз,  
Сөзге дағы шешенбіз.  
Сен жоқ жерде бәріміз,  
Ит қуалаған мешелміз.

*Мүрек қалауы*



Асылымсың арымсың,  
Кеудемдегі барымсың.  
Сен жоқ жерде бұл өмір,  
Мен сыймайтын тармысың.

Кешегі менің бал бағым,  
Махаббатым жан жарым.  
Көрінбесең көзіме,  
Атпайтындай таңдарым.

Өмірге мен ғашықпын,  
Бір өзіңе асықпын.  
Аллам берер тілекті,  
Пейілі емес пасықтың.



## АҚ ҚАЙЫҢ

Айналайын ақ қайың,  
Сені күтіп баптайын.  
Жапырақ жайшы көгеріп,  
Жар үмітін ақтайын.

Көңілімнің жырысың,  
Өмірімнің гүлісің.  
Өшпес мәңгі махаббат,  
Жүрегімнің сырысың.

Ақ қайыңға құмармын,  
Оған өзім сыңармын.  
Тал шыбықтай бұралған,  
Кезің қайды шынарым.

Балдан тәтті кездерің,  
Боталаған көздерің.  
Сағындым соны сағындым,  
Өтерін дүние сезбедім.

*Жүрек қалауы*



## САҚТАЙ ЖҮР СОЛ КЕЗДІ

---

Өтсе де жылдар озып,  
Кетпейді сезім тозып.  
Арманы болашақтың,  
Жетелер қолын созып.

Атқызған жаңа таңын,  
Өмірді жаратамын.  
Секілді ұшқан құстай,  
Өрбітіп балапанын.

Бұл бақыт сыйға тартқан,  
Сұрасаң қай бір қарттан.  
Жалынын жастық шақтың,  
Сақтаған көзбен жаттан.

Махаббат билеп келді,  
Айқасқан білектерді.  
Ескірмес таңғажайып,  
Бір сезім жүректегі.

Арман боп қалдың ба?  
Толықсып жандың ба?  
Сақтай жүр сол кезді,  
Есіңде, жадында.

Өмір гүл,  
Шаттана күл.  
Асыл жарым,  
Бақ дәулет.  
Үлкен арман,  
Сыйлап бәрін.  
Береке бірлігімнің,  
Ұйытқысы бол.  
Келтіріп өмірімнің,  
Өшпес сәнін.

## ӘЛІ ЕСІМДЕ

Жағалап келем жарды мен,  
Түпсіз терең шатқалды.  
Аралап келем, аралап,  
Арманды қуып асқарды.

Шатқалдай толған, шытырман,  
Ойларымды қуып тастады.  
Жағалап келем, жағалап,  
Басқа бір әуен басталды.

Толқындай тулап бойымда,  
Арманым толып 25 жастағы.  
Көрік боп өңге, мінезге,  
Іздедім сені, айқабаз, сүйірілген қастарды.

Жаным-ау, жүрсің бе әлі ойымда,  
Жалғыз аяқ жол жар қабақ бойыңда.  
Қабақтан түсіп, шатқалда, су аққан,  
Жүруші-ек жаным, жайлаудың ду тойында.  
Сол тойдың бір өзің көркі едің,  
Менде де, сондай мінез, ерке едім.  
Еліктіріп өзгені емес өзімді,  
Бойымды билеп ойымды алып елтедің.

Сұңқардай сұлу ол кезде нәзік ең,  
Тоты құстай таранған кезің ең.  
Лапылдап жүрек армандай болып,  
Жүргендей бір сәт соны сезіп ем.

Шығамын кейде, шаңыраудың биік басына,  
Ертіп алып өзіммен бірге жан-жарақатымды.  
Жүргендейсің өзің де бірге қасымда,  
Арашалап арымды таза махаббатымды.

Жүрек қалауы

## КӨП ІЗДЕДІМ

---

Көп іздедім сабағынан өмірдің,  
Көп іздедім көктемнен көңілдің.  
Көп іздедім жүрегімнің түбінен,  
Ұмыттың әлде сені күнде жоқтадым.

Көп іздедім сағынышпен өзіңді,  
Көп іздедім мөлдіреген көзіңді.  
Көп іздедім толқып сенің бұрымың,  
Иығыма түсіп тұрған кезіңді.

Көп іздедім қайда кеттің арманым,  
Махаббатым от боп жанған жан-жарым.  
Телміртпеші, телміртпеші сүйіктім,  
Бір көрінші гүлім менің баз бағым.

Наз өмір жарқыраған жазым менің,  
Қызғалдақ гүл бәйшешек сазым менің.  
Құлпырып көңілімнің күнгейінде,  
Жүре бер сәулетайым назым менің.



## ӨМІРІМДІ БАРЛАШЫ

---

Жазылмай жатқан жырым көп,  
Айтылмай жүрген сырым көп.  
Өмірдің өткен бұлағы,  
Бірің келіп бірің кет.

Мен оңаша жүргенде,  
Ойнап кейде күлгенде.  
Сені аламын есіме,  
Там тұмдап жүрек игенде.

Көңілің сенің қалмасын,  
Өмірімді барла шын.  
Арада іріткі кикілжің,  
Тілеймін солай болмасын.

*Жүрек қаласы*

## ЖҮРЕМІН ӘЛІ ТАБЫНА

---

Барып келдің еліме,  
Елдің жайын білдің бе?  
Сағынышпен жолдаған,  
Достарыма сәлем бердің бе?

Елім қандай мекенім,  
Жерім шүйгін екенін.  
Ойын-сауық тойларын,  
Өз көзіңмен көрдің бе?

Біздің ауыл тұрғыны,  
Самалды кеш бұлбұлы.  
Өседі онда қыпша бел,  
Хош иісті қыр гүлі.

Қалды-ау сонда балакез,  
Қимас қалқа қара көз.  
Тебірентер жүректі,  
Қалқа айтқан бірер сөз.

Кезіктім талай ағына,  
Күймей жанып шоғына.  
Лапылдаған жүрегім,  
Жүреді әлі табына.



## ЖАЛЫНҒА МЕНІ ҰСТАМА

---

Өмірге аттап басқанда,  
Махаббат есігін ашқанда.  
Сырыңды қанық ұқпадым,  
Жазып пең терең дастанға.

Сүйем деп айтқан жалғыз сөз,  
Жаралы жаным жай табар.  
Оңашада болсаң кез,  
Жар үміті ақталар.

Жарым деп айтқан сөзіме,  
Жанымды менің қыста ма.  
Кездескенде өзің де,  
Жалынға мені ұстама.

*Жүрек қалыңы*



## ӨЗІҢДІ СӘУЛЕМ МЕН НЕ ДЕЙІН

---

Таң арай, атқан жерін ұя дейін,  
Құлама құз жартасты қия дейін.  
Толғантар жүрегіме бір ой түссе,  
Қайда тұр қалам менен сия дейін.

Жазира жадыраған дала дейін,  
Көкпеңбет темір киген қала дейін.  
Көзіңнің оты лаулап түссе еске,  
Өзіңді, өзіңді сәулем мен не дейін.

Қойлы ауыл алқабында қотан дейін,  
Өрісте мал иірілсе жатам дейін.  
Сағынып салған әнім жетсе саған,  
Өзіңді, өзіңді сәулем шаттан дейін.

Жиырма бес жігіт жасы мен келейін,  
Сөзіңді сенің айтқан жөн көрейін.  
Сертіңде өзің берген тұра алмасаң,  
Жүзіңді тамылжыған мен не дейін.

Көп күннен  
тарығып,  
Көңілім  
қамығып.  
Алыстан  
сабылып,  
Ұяттан  
арылып.  
Болдым кез  
өзіңе,  
Өзіңе  
не қылып.  
Білмеймін  
бармын ба,  
Тірі бір  
жанмын ба.  
Жүректен айрылған  
әлде бір  
сормын ба,  
Әйтеуір белгісіз  
Бұл бетім көргісіз  
Шалдыққан, шаршаған  
Көңілге енгісіз  
Біржанмын.

*Жүрек қалауы*

---

Тоғысқан жүректер,  
Айқасқан білектер.  
Құшады сүйеді,  
Аңсағанын тілеп бір.

Ұшқындап от нәрі,  
Жалындап бақтары.  
Осы ғой жаным-ау,  
Өртенер шақтары.



## ҚЫЗЫҚПА ЖАНЫМ

---

Көңілім көркім,  
Өмірім еркім.  
Қызықпа жаным,  
Басымда бөркім.  
Ойсыз бір  
    қызғаншақ  
    қол емес,  
Тозатын  
    төзімсіз  
жан емес,  
Ұытпа жанымды  
    аулақ кет.  
Көрінгенге ауар,  
Кірпіктіге жауар  
Көңілім менің  
    мал емес.

*Жүрек қалауы*



## Ғ-ның ХАТЫНА ЖАУАП

---

Жазып тұр сәулем,  
Жазып тұр сәулем  
Арнаған маған хатыңды.  
Сөзіңе жарық,  
Болайын қанық  
Білмесем де затыңды.  
Мұнда көп достар,  
Құрбы-құрдастар  
Баламан бірін өзіңе.  
Ардақты жансың,  
Жүрекке жарсың  
Басқаны алман ізіңе.  
Жыл өтер жылдар,  
Сан белес қырлар  
Табысам сонда өзіңмен.  
Айтармын жырды,  
Ақтарып сырды  
Сөйлеспей жаным төзіммен.  
Күте бер соны,  
Күте бер мені  
Күте бер сол бір шақ  
Алмалы елім  
алтын бақ.





## БІР ӨЗІҢДІ ҰНАТАМЫН

Сыбдыры жоқ  
тып тыныш,  
Оңашаны ұнатам.  
Шынайы күлкі  
айдынды,  
Тамашаны ұнатам.  
Жарасымды сәнімен,  
Жас ұрпақты  
ұнатам.  
Айтылған бір  
жақсы сыр,  
Адалдықты ұнатам.  
Сәті түскен  
қонақпен,  
Дидарласуды ұнатам.  
Жақсы туыс  
ағайын,  
Мен-мен демесе ұнатам.  
Асқары биік  
адамның,  
Даналығын ұнатам  
Жауырыны тимес  
балуанның,  
Даралығын ұнатам  
Қыр гүліндей  
жайнаған,  
Қас сұлуды ұнатам.  
Төбінгісінен  
тер шыққан,  
Сәгулікті ұнатам.  
Жардан артық  
құмар жоқ,

*Мүрек қалауы*



Одан өзге  
сыңар жоқ.  
Бәрінен де  
сен жақсы,  
Бір өзіңді ұнатам.



# МАХАББАТЫҢДЫ ҰРЛАП КЕТТИ ЕСКІ ДОС

(Бір достарыма)

Көк жиектен  
бұлттар асып  
тығылды,  
Түн еркесі  
ай күлімдеп  
айттырғандай  
шыныңды.  
Шөп-шөп егіп  
су бетінен сүйеді  
жарқыратып,  
Айдын-көлді  
түнімді  
Қозғау салып  
сылдырлайды  
қамыста.  
Ұзақ тұрып  
тосарыңа  
түн қысқа,  
Не де болса  
айтсам дейді  
ойымды.  
Бір сезім бар,  
билеп барады  
бойымды.  
Тіл күрмеліп  
ойпыл-тойпыл жүректе,  
Мұндайда бір  
әдептілік керек пе?  
Білмедім мен  
білмедім мен  
сол кезде,

Жүрек қалауы



Қыздың еркін  
жүргенімді  
билепте,  
О, ынжықтық  
талай күнің  
кетті бос,  
Махаббатыңды  
ұрлап кетті  
ескі дос.



## ОТ БОЛЫП ЛАУЛАП БАРАСЫҢ

Ай аймалап  
мені дағы  
    қызды да,  
Жолын берді  
    көкжиекті  
    сызды да.  
О! Махаббат  
    қандай едің  
    еріксіз,  
Ерітіп бір  
    жіберердей  
    құзды да.  
Сүйдім дедің  
    дүлей күшпен  
    алыстың,  
Қос шынардай  
    қосағыңмен  
    табыстың.  
Тылсым дүние  
    еркім ашып  
    есігін,  
Есің кетіп  
    елтіп жаның  
От боп  
    лаулап  
    барасың.

\*\*\*

Жар құшағы жастықтың,  
Жерге тамған болаттай.  
Көруге сені ынтықпын,  
Қоймас жаным құмартпай.

*Мүрек қалауы*



Бір асыл зат шыңдағы,  
Жарқылдаған арымсың.  
Мейлің жыла, мейлің күл,  
Көкірегім алмас жарылсын.



## ОЙ ХОЙ ДОСТЫМ НЕ ДЕРСІҢ

Ұнатам  
мен аруды  
сұңғақ бойлы,  
Ақылды  
инабатты  
болса ойлы.  
Кішіпейіл  
торғын жібек  
мінезі бар,  
Көршіге, туысқа да  
болса жайлы.  
Ағалап  
қарсы алдыңнан  
шығып тұрса,  
Бұралып  
тал шыбықтай  
сынып тұрса.  
Табылып  
керегіңнің  
бәрі өзінен,  
Әзілің  
қарындасқа  
жүріп тұрса.  
Сиқырлы  
сымбатымен  
сені тартып,  
Сүлдерің  
қыз алдында  
құрып тұрса.  
Не дерсің  
ой-хой достым  
сен осыған,

*Жүрек қалауы*



Жүрекке  
жылы тиіп  
айтқан сөзі.

Тамырың  
тоқсан тарау  
иіп тұрса,

Жарасып  
мінезімен  
ақыл ойы

Өзіңе көңіл  
хошы  
бұрып тұрса.





## ЖІБЕРМЕДІ КӨЗІМДІ

Жанымды менің тыңдашы,  
Досым болып сырласшы.  
Садағаң сенің кетейін,  
Ойымды оқып жырласшы.

Өмір өзен бұлағы,  
Жер ана оның тұрағы.  
Дана жол менің барарым,  
Алдымда жанған шырағы.

Жолаушымын ел кезген,  
Ашылмаған көп сөзбен.  
Ұғады менің сырымды,  
Бірге жүріп көз көрген.

Өткіздік талай шақтарын,  
Балауса өмір бақтарын.  
Сыналып та жүрдік біз,  
Қызықтадық жатпадық.

Отына жандық махаббат,  
Ойнадық, күлдік болдық шат.  
Көндіктік өмір тезіне,  
Болды бізге ар қымбат.

Жағаладық саялап,  
Аруларды даралап.  
Таң сәріден тұрамыз,  
Кешке қарай қарайлап.

*Мүрек қалауы*



Жарды осылай таңдадық,  
Көзге көрік жанбадық.  
Кезікті талай арулар,  
Обалына қалмадық.

Өзіңді сүйген, өзіңді,  
Ұнататындай сөзіңді.  
Жандық, құштық, аймалап,  
Алды осылай төзімді.



## «ӨР» ДЕСЕҢ

Тіршіліктен не пайда,  
Тіршілік қамын білмесең.  
Өнеріңнен не пайда,  
Өнерліге ілім бермесең.  
Сөзіңнен сенің не пайда,  
Жұлдыздай ағып жүрмесең.  
Өрлігіңнен не пайда,  
Өлшеуі өмір сүрмесең.  
Даралығыңнан не пайда,  
Халқыңның қамын жемесең.  
Басып жүрген жерің бұл,  
Ұраны «түркі» — демесең.  
Тағылым ал да, ықылас қыл,  
Даналар биігін «өр» десең.

1989 ж.

*Жүрек қалауы*



## ТАМШЫ БОЛСЫН

---

Демеймін, мен, артымды мұра қалсын,  
Атымда, осыменен, шыға қалсын.  
Мақтаудың сірә маған керегі жоқ,  
От болып жанбаған соң қандай дақсың.

Жалынсыз, шоқтың мәні сөнеріме,  
Іске аспас оның қалай дерегің не?  
Жарқырап бұл өмірде жүре алмассың,  
Айтшы маған ақылшым берерің не?

Қолға алдым қаламымды оны мұны жинақтамай,  
Жүргенді жаным сүйеді, бұл өмірде бұлғақтамай.  
Берген соң Аллама маған бір түсінік,  
Өзімше мен де жидым бір ақтаңдай.

Ей! Алла қаламымды сәтті қылшы,  
Ой салар адамдарға мәртті қылшы.  
Кісеннен ашылғандай ойларымды,  
Жүректі балқытатын тамшы қылшы.



## ЖҮРЕКТЕ СЕЗІМ ҚАЙТАЛАЙДЫ

Көңілімнің қуанышы,  
Өмірімнің жұбанышы.  
Аппақ ойлар айналайды,  
Жүрегімнің сағынышы.

Сенсің менің аңсағаным,  
Дүниеге жар саламын.  
Жаным мұңсыз толқындайды,  
Қуанамын нәр аламын.

Махаббатым гүл боп атқан,  
Таң нұрымен сырғын ашқан.  
Жүректе сезім қайталайды,  
Арман болып сені тапқан.

*Жүрек қалауы*



## СЕНІҢ АРҚАҢ

---

Өмірде алданышым өзің ғана,  
Ұлдарым, қыздарым мен бірбір жаға.  
Жайдарлы мінезіңмен қуантасың,  
Қайғырсам, уайымдасам мені баға.

Сансыз сыр, сұрақ қоям мен өзіме,  
Берілем, бекем буып бар сезімге.  
Жанымның, жырыда өзің, гүлі де өзің,  
Берілмес мұндай бақыт күн кезіге.

Жатпайды көңіл шіркін ойсыз тұйық,  
Өмірмен қош айтысар күнде жуық.  
Қолыма қалам алып жазайыншы,  
Барымды ойымдағы буып-түйіп.

Кезіктірген сенімен бір Аллаға,  
Айтамын алғысымды жанға-сауға.  
Сүреңсіз суық еді, өмір қандай,  
Жылыттың махаббатыңның отын жаға.

Жүргенім менің осылай сенің арқаң,  
Бақ қонған, берекелі көңілің дарқан.  
Жанымның шуағы болып жылыта жүр,  
Қолымнан ұстадағы жүрші қалқам.

Ойымда байланылған өз ойыңа,  
Жүре алман сенсіз жарым мен жайыма.  
Қолыңның ыстығынан жүрек иіп,  
Басайын алға қадам, кел жаныма.

Мені ойлап, жаным менің тарықпашы,  
Жыр болып өміріме қалықташы.  
Өмірдің осынау асау кезеңінде,  
Жаныма қуат берші, жалықпашы.

## АРМАНЫ БОЛМА БАСҚАНЫҢ

Келсеңші сәулем, азапқа салмай жанымды,  
Берейін саған, жүректе ыстық нәрімді.  
Өзіңді көрмей ынтығым менің басылмас,  
Кеңейтші жаным бойымда қуат барымды.

Аңсадым сені, аққудай көркем сәніңді,  
Түсінем жаным жалындаған шағыңды.  
Болайын сенің өміріңе аманат,  
Идіріп бойды, қарсы алайын таңымды.

Ажарлым менің жаныма тақау келсеңші,  
Сүйіктіңнің халін сұрап бір көрсеңші.  
Үміттің отын ерте сөндірмей,  
Жаныңның жылуын себелеп, берсеңші.

Есейген мұнау жігіттік шағымда,  
Жалында отым жалында.  
Талаптандым іс қылдым,  
Бағым ба? Әлде сорым ба?.

Жаста емеспін қасқамын,  
Керегі жоқ басқаның.  
Өзіңе ниет білдірдім,  
Арманы болма басқаның.

1965 жыл

*Жүрек қалауы*



## БАҚЫТ ҚОЙ

---

Тағы да өңімдей боп келдің маған,  
Барлығын сездің бе сен бір сыбағаң.  
Ойымды оятайын ұйқыдағы,  
Бақыт қой арманымда сенің бағаң.

Көзіңді күлімдеген сағынамын,  
Басқаның арман құсын не қыламын.  
Жанымның жауқазысың тәтті шырын,  
Жүректің лүпіліне табынамын.

Ай өтті, жылдар өтті сағынышпен,  
Жүрмін мен әуре болып тынып іштен.  
Отына махаббаттың күйдім тағы,  
Жанып бір, жалын болып төзіп іштен.





Денең сенің көз тартады, тоймайды,  
Сұлу мүсін мыстан соққан қойманы.  
Таңғажайып хор аруы деп білерсің,  
Ғайып болған сол кештегі ойманы.

Сезім шіркін көзді жұмды байлады,  
Жүрек елтіп тіл күрмелді сайрады.  
Қанатындай аққу құстың себелеп,  
Махаббаттың оты лаулап жайлады.

Аппақ ару сыр шертеді жадында,  
Жоқты іздеп жаным менің сарылма.  
Өткен күнді еске алып жүрсің сен,  
Елесі ғой бойда қуат барыңда.

Көрген түсті өңім бе деп ұғасың,  
Түннен қайтып шын өмірге шығасың.  
Қапылыста жоғалтып-ап барыңды,  
Бір арбаудың ығына кеп бұғасың.

Тастан соққан мүсін емес, ол шындық,  
Маздап жанған от үстінде біз жүрдік.  
Сезу үшін махаббаттың қызығын,  
Бірде жанып, бірде суып көп құдық.

Таластық та, жанастық та барына,  
Жүре бердік ақ аруға табына.  
Шыр айналдық шырпылы бір өңірде,  
Не бітірдік күткенменен сарыла.

Жүре-жүре бір қазыққа байландық,  
«Ақ ару» боп есігіңде тойланды.  
Еншіңе кеп, тиген мүсін ғайыптан,  
Жамау-жамау жүрегінде жайланды.

Жүрек қалауы



1981 жыл

## БІР ҚАРЫНДАСҚА

---

Қарағым атың қандай, затың қандай,  
Өмірдің алма кезек жарқылындай.  
Көкірек шері оянып, қайта түлеп,  
Жанымның жан жарасы ашылғандай.

Қарағым бойың қандай, ойың қандай,  
Денеме нәзік сезім таралғандай.  
Жарқ етіп қабақтарың жарқыраған,  
Ер адам бір өзіңе тұрмас тоймай.

Қарағым өзің қандай, сөзің қандай,  
Көзіңде жасын оты жаралғандай.  
Еппенен саусақтарың клавиш басқан,  
Сүйірілген тал шыбықтай бірде талмай.

Қарағым жасың қандай, досың қандай,  
Сөзіңнің төттілігі дәмді балдай.  
Ағалап өз жасыңды айтқан кезде,  
Мас болдым ішпесем де, ішкен жаңдай.

Қарағым сәнің қандай, жаның қандай,  
Сүйірілген алма мойын төнің қандай.  
Қиғаш қас, ашаң қабақ, пісте мұрын,  
Жүзіңді жарқыратар туған айдай.

Сымбатты сұлу мүсін ақша маңдай,  
Мына көз бір өзіңе тамсанғандай.  
Бірігіп ақыл ойы екі жақтың,  
Жұптары қатарласып жарасқандай.



## ҚҰСЫМ БОЛШЫ ҚОЛЫМДАҒЫ

Құсым болшы бір бақыт қолымдағы,  
Болайын бар тілегің жолыңдағы.  
Заңғарымдай көк аспан ашықсың сен,  
Мақсатым бол байлығым жанымдағы.

Қанатымдай бақ құсым желпіп жүрсі,  
Бал-балдырған күніңдей ойнап күлші.  
Жан-жарамның апшақ гүлін сенен табам,  
Жүрегімді жүдетпей өзің келші.

Арманымдай ақ жарқын сәулетайым,  
Баспасыңшы көңіліңді ешбір уайым.  
Ардағым деп ардақтап мен жүрейін,  
Барымдағы өзімдегі сенің жайың.

Жылдар өтер күндер, өтер себелеп Бақыт нұрын,  
Арнадым өмір бойы мен саған өмір жырын.  
Айналдым асыл ару асыл жарым,  
Табамын бір өзіңнен бақыт сырын.

*Жүрек қалауы*



Көңілде назым,  
Жүректе сазым.  
Сен менің, сен менің,  
Ақ, құсым жазым.

Басымда бағым,  
Ақ ару таңым.  
Сен менің, сен менің,  
Арманым жаным.

Көгімде көктем,  
Жүрегім өпкен.  
Сен менің, сен менің,  
Гүлімсің еккен.

Асылым жаным,  
Бір нәзік сезім.  
Сен менің, сен менің,  
Балауса кезім.

Айналдым сенен,  
Барымды берем.  
Мен сенен, мен сенен,  
Бақытымды көрем.



## СЕНІ ІЗДЕДІМ

Сені іздедім, жаным-ау, сені іздедім,  
Жолаушылап жол тостым күнде іздедім.  
Арманымдай қайда кеттің, жолықпадың,  
Бұл қалай ерте менен қол үзгенің.

Ойласам сені іздеу айып па, еді,  
Түсімде әлде көрген ғайып па едің.  
Орның да сен отырған, ойсырап тұр,  
Сертіңнен кеше берген тайып па едің.

Қарайлап, күнде барам, келдіме деп,  
Есіктен, тосып алам, енді ме деп.  
Болар деп жанға дауа бір дерегі,  
Отына махаббаттың жаңды ма? — деп.

Өзіңді мен өзіме теліп жүрмін,  
Саған мен аяулым-ау сеніп жүрмін.  
Ләйліге ғашық болған Мәжнүніндей,  
Сенделіп мен осында келіп жүрмін.

Көп ойладым мен сені, көп ойладым,  
Жүрегіме мәңгілік боп сен бойладың.  
Болмады жарама ем мен торылдым,  
Таба алмай бір өзіңді қарайладым.

*Жүрек қалауы*



## ӨКПЕЛЕМЕ

---

Өкпелеме жаныма жақын тартқаным,  
Өкпелеме сені ойлап жатқаным?  
Мен сені сезіміммен аяласам,  
Жүрегім сен деп соғып жатпады ма?

Өкпелеме күннің ерте батқанына,  
Ертеңгі күн туу үшін батпады ма?  
Біз жүрген жерімізге жылу беріп,  
Бойыңа нұрын сеуіп жатпады ма?

Өкпелеме түннің шырақ жаққанына,  
Кірдік қой қою қара қақпанына.  
Табысып екі беттің аймақтары,  
Аймалап бірін-бірі жатпады ма?

Өкпелеме бұл дүниеде барымызға,  
Дақ түсірмей жүрейік арымызға.  
Бойыңдағы ол асыл қасиетің,  
Батпасын қасірет дерті жанымызға.

Жауынгер дәптерінен  
СҰРАСҚАН



## АЗАТ КУБА

Қарқырап күн-түндігі белге бүкті,  
Қыздырды ашу-ыза алып ішті.  
Атылды жалынды оқ боп жүректерден,  
Қандай жау азаттықтан болсын мықты.

Сансыз қол сыртылдады қиды жікті,  
Алдында жорғалады азғын түкті.  
Қарсы алмай жауыз оғын тыжыранды жер,  
Үстінен бомбылар да ыршып түсті.

Миллион жан, радио, газет, құлақ тосты,  
Жауызға бермек емес асыл досты.  
Жүрегі Фидельменен бірге соғып,  
Жер шары бір дөңбекшіп басын қосты.

Бермейміз жауға сені Азат Куба,  
Бермейміз жасау үшін Жаңа Жоба.

1961 ж.



Менің құрбым менің достым,  
Қиялшыл тағы жолдасым.  
Менің оқытушым, менің оқушым,  
Елімде еркін қанатым.

Керек жоқ бізге, сұрапыл соғыс,  
Керек жоқ оған, көңілсіз туыс.  
Адамның адал, арында бетің,  
Бақытты еңбек, көңілді тұрмыс.

Тыңдаймын, сенің үніңді неше,  
Жол салдың космосқа кеше.  
Халықтың шаттық тағдыры десе,  
Жолыңды бердің, жаныңды кеше.

1962 ж.



## АЙЫПҚА БҰЙЫРМА

Кезіктім қай күні өзіңмен,  
Көктемнің ай күні кезімен.  
Кездесіп қалуым мүмкін бе,  
Алысып шыққан түн сезіммен.

Кезіктім көңілдің көктемі,  
Жүректі жүрекпен өпкелі.  
Көзіңде жайнап тұр сәулесі,  
Махаббат оттарын сепкелі.

Кезіктім жайылды жапырақ,  
Күн көзі нұр шашты жадырап.  
Сол нұрға бөлендім толқыдым,  
Жыр толды жүрекке нәрін ап.

Ашылды көңілдің бұлағы,  
Қызық қой сәулешім бұл күні.  
Сыр ашар, сырласар құрбым ең,  
Бұлбұлды сол бақта күн-түні.

Сылдырап, сылаңдап ағар су,  
Сәлешім сол кезде бетің жу.  
Жаныма аманат боп жүрсін,  
Аспанда сол судан ұшқан бу.

Жүрсем де алыста қиыр да,  
Болсам да қуаныш бір жиында.  
Еске алам өзіңді-көзіңді,  
Сәулешім айыпқа бұйырма.

*Жүрек қалауы*



1961 ж.

## МЕНИ СОНДА ІЗДЕСЕҢ

---

Жартасқа біткен жас қайың,  
Жабырқамай өсіп тұр.  
Келуші ем саған жаз сайын,  
Құшақ жая тосып бір.

Сенде өтті жақсы айым,  
Құштармын сондай өмірге.  
Сенімен бірге жасайын,  
Дақ түсірмей көңілге.

Тараларсың күзде сен,  
Жазда қайта бас алып.  
Мені сонда іздесең,  
Үш жылдан соң тос алып.

1960 ж.



## ТЕҢІЗ ШУЫ

Кейде толқып, жарды сүзіп,  
Кейде атылып аспанға.  
Кейде ыңырсып шуды бұзып,  
Ұқсайды иіссіз жатқанға.

Жонды тіліп алып кеме,  
Алға тартып барады.  
Бұрқыраған долы күшпен,  
Қарыштайды тұрмайды.

Менің жаным уақыт жарып,  
Көз ұшында талады.  
Сол кемедей толқын қағып,  
Елімді еске салады.

Мен отырмын жағасында,  
Мұхит-теңіз арасында.  
Ойға алсаң туған жерді,  
Күйіп-жанып қаласыңда.

*Мүрек қалауы*

1962 ж.



## ДЕМАЛЫСТА ШАҢҒЫШЫЛАР

---

Аяқтан ыршып, шыңылтыр қар,  
Күлкіге еніп көк аспан.  
Орманды алқап, иіліп тентек,  
Зәулімде іздер жол тосқан.

Ырғалып дене, толқиды жебе,  
Жүйткіп алға жөнөді.  
Қолдасып білек, адымдап тілек,  
Ерінге-ерін төнеді.

Иықта пагон, от шашып жүзі,  
Күлкімен ойнап, мөддіреп көзі.  
Жарысып шаңғы, өзімен-өзі,  
Бір-екеу кетіп барады.

Шаңғы соңын, боран, қуалай,  
Қарауытады көлеңке.  
Таңғы аспан құлпырғандай,  
Жүзінде көркем, наз ерке.

1962 ж.



## ДОСТЫМ ӘН САП ОТЫР

Ұшқыр қиял көңілін нұр тербеп,  
Сансыз сенім ұя тауып жүректен.  
Аспанға атып, толқын шашып тұр кернеп,  
Жиырма екісі азаматтың тілекпен.

Артқа тастап, жаншып, таптап қауыпты,  
Кеуде ашып көкірегімен итеріп.  
Сазға басып, ырғалтып ән байыпты,  
Достым кешке ән сап отыр.

Ән ырғағы елжіретіп, елітіп,  
Мұзайымен қоса толқып өзі де.  
Өткенді ойлап терең бойлап,  
Бір ғажап, бейне, ілігеді көзіне.

1962 ж.

*Жүрек қалауы*

Жүгірдім бүгін,  
Жүгірдім тағы.  
Алдымда үлкен,  
Өмірдің бағы.  
Мәуелеп өскен,  
Онда көп жеміс.  
Сол ағаш тегіс,  
Шалынды көзге  
Ұмтылдым,  
Қол создым,  
Болмас деп  
өзге.

1957 ж.

## БАҚЫТҚА ЕНЕМ

---

Мен сүйемін өмірдің осындайын,  
Басқадай өлең дұға қоса алмаймын.  
Алдыңда шарт жүгініп басымды ием,  
Табиғат сенен сырды жасырмаймын.

Балаңмын қойныңдағы құндақта өскен,  
Басамын алшақ адам құрғақ төспен.  
Өзіңде аналық махаббатың,  
Қарсы алам күлімдеген әйдік беспен.

Жүгірем, зыр жүгірем шырын терем,  
Әр адым басқан сайын бақытқа енем.  
Құшаққа ап өзің берген сыбағаңды,  
Төсіме мықтап таңын зырлап келем.

1958 ж.



## БАСТАДЫМ ДАСТАНЫМДЫ

Ақын емессің  
солдатсың  
соңдадағы,  
Деді жүрегім  
жырыңды  
жолдадағы.  
Бір көрші  
шырын ба екен  
дәмін алып,  
Жиегін өз еркіңше  
торладағы.  
Деген соң қолыма алдым  
мен де сені,  
Аузымнан ақтарылар  
сөздің жөні.  
Мінеки мен бастадым  
дастанымды,  
Жүректен ақтарылса  
өлең кені.

*Жүрек қалауы*

1960 ж.



## ӨЗІҢДІ ҚҰШҚЫМ КЕЛЕДІ

---

Сая тапшай от жүрек,  
Сағынып отыр өз елін.  
Сырқырап денем, сай-сүйек,  
Іздейді құшақ сүйгенін.  
Оңай емес саған да,  
Бұл күндерді білемін.  
Еркін жүріп жағаңда,  
Асыр салып жүргенмін.

Сүйкімді сәнді туған жер,  
Алатаудай қол бұлғап.  
Қалды суым айна көл,  
Қара жерден жолды ұрлап.

Жағасы құрақ суы мол,  
Сонда жеткім келеді.  
Сағынышпен сары бел,  
Өзіңді құшқым келеді.

1961 ж.





## ОРМАН

Орман, орман, қара орман,  
Кеудем толы ду орман.  
Шыршалы биік еңселі,  
Шырайлы біткен ну орман.

Орман, орман бойында,  
Ордалы биік баласы.  
Орманды елдің тойында,  
Бабамның арқа данасы.

Орман, орман, ну орман,  
Өрге шықсам жара алман.  
Өрден түссем еңкейіп,  
Өзіңнен көзді ала алман.

Орман, орман, орманым,  
Өзіңде өсті арманым.  
Қайың, терек аралас,  
Жүгіре бердім жан-жағын.

Құшағыңа алдың өзімді,  
Бұйығып аяқ талмадың.  
Жаныма сергек әсем үн,  
Денемді билей шарладың.

*Мүрек қалауы*

1962 ж.

## МҰҢАЙМА ДОСТЫМ КӨҢІЛ АШ

---

Тым тырыс,  
жым-жыртпын,  
сенде достым,  
жым-жыртсың,  
не ойладың,  
не ұқтың.

Соңынан сонша  
көп бұқтың,  
жетер достым  
көңіл аш.

Қайғырма босқа  
қармай бас,  
өңіне қарап,  
жар алма.

Өңі сұлу  
сөзі ду-ду,  
ара тұрмас  
жан-жарға.



## ЖЕТКЕНШЕ МАҚСАТЫМА...

---

Өзін дос, өзің құрбы-қарындасым,  
Көңілің сенің бұған тарылмасын.  
Айт десең, мен айтайын сөздің расын,  
Өзіңнен басқа бір жан табылмасын.

Аз емес келді міне, менің жасым,  
Ұшқалақ, арсыз емес, қара басым.  
Алдымда, нар тәуекел бір өткел тұр,  
Сүнгітсем шығарма еді одан тасым.

Жүрегім қайнап тұрған жалынды шоқ,  
Мәуесі қолымда жүр көңілім тоқ  
Етемін еңбек адал жасымаймын  
Жеткенше мақсатыма тынымым жоқ.

1962 жыл

*Жүрек қалауы*



## ШЕКАРАШЫ МАХАББАТЫ

---

Алма бағы шешек жарды,  
өзен ақты сылдырлап.  
Тербетесің өзің жанды,  
алтын сәулем жыр-жырлап.

Келші сәулем жаныма өзің,  
тербелейік кел бізге.  
Әрбір таңда өмірім өзің,  
жүрексіз біреу дегізбе.

Жүрегім бар, жүрегім бар,  
саған дағы, Отанға.  
Шекарасын ұлы елімнің,  
бастырмаймын жат-жанға.

Деп күзетем әрбір минут,  
Отанымды өзіңді  
Десе маған жауды күйрет,  
көрсетемін төзімді.

1962 жыл



## САҒЫНДЫМ

Белес-белес жерімді,  
Сағындым ана елімді.  
Сағындым ана құшағын,  
Тарқатамын шерімді.

Сағындым сені достарым,  
Алас ұрған жас шағым.  
Күтіп жүрмін сол кезді,  
Қосылатын бастарың.

Сағындым сенде барымды,  
Сағындым ауылым бәріңді.  
Сағынышпен өтті күн,  
Кеудемнен шыққан жалынды.

Сол жолыңды басатын,  
Тілегім іске асатын.  
Сәтті күн бірде туар ма,  
Махаббатым өзіңе,  
Шашу болып шашатын.

*Мүрек қалауы*

1962 жыл

# АНАМА

---

*Анам Шаяхметқызы Төлеуханға*

Аяулы менің анашым,  
Сүйікті қандай тазасың.  
Ойымда жалғыз өзің боп,  
Жанынан рақат табасың.

Өмірге еңсем адымдап,  
Жолыма шырақ жағасың.  
Тілеген-тілек бәрі боп,  
Мені әдилеп бағасың.

Аяулы менің анашым,  
Ақылың биік-дара, шың.  
Менің үшін әрқашан,  
Ақ иықты данасың.

Асылда, асыл, асылсың,  
Басқа ойлар тоқтап басылсын.  
Көре алмай сізді қарт ана,  
Кеудеме жүрек тасырсың.

Сенің әрбір сөздерің,  
Даналықтың ұрығы.  
Ұялы терең көздерің,  
Өшпес сәуле ғұмыры.

Сол жарыққа табындым,  
Өзіңді ана сағындым.  
Колыма бүгін қалам ап,  
Құлаштай кере жазылдым.



## АСТАНАМ – АЛМАТЫМ

---

Сен менің сүйікті Астанам,  
Өзіңе қуанамын, шаттанам,  
Жүрсем де алыста, қиырда,  
Жүремін сен үшін, сен үшін салып өн.

Жетермін сол күнге қалармын барып та,  
Астанам балам деп қамықпа.  
Жөргектен шыққаның кеше еді,  
Біткен жоқ бойыма алып үн  
тарықпа, тарықпа.

Аялап төсіңді құшайын,  
Қызыл гүл бейнеңді тосайын,  
Ардақты Астанам, Алматым.  
Бойымда жастық шақ қайратым,  
Өзіңе-өзіңе жұмсайын.

*Жүрек қалауы*



Паң кірпік  
өткір көзді,  
шолақ мінез  
қадалған  
Гісте мұрын  
болсаңыз кез,  
ысқырып  
аб жыландай  
келіп қалды.  
Шықырлап  
шаңыт басты  
есік алды,  
тығылып  
қораға мал,  
малшы күпті  
жолаушы  
жарым естеу  
жолда жүкті  
қызғаншақ  
қапылыста  
сүйіп алып  
қаратпас  
өз еркіне  
екі бетті.

1961 жыл





## ТУҒАНДАРЫМА ХАТ

Бір нәрсе дүниеден жырақ біткен,  
Әр адам махаббатпен аңсап күткен.  
Ол үйің, ол сенің салтанатың,  
Онда отыр сүйікті анаң тізе бүккен.

Ардақты анама,  
Кең жайлау ағам,  
Кеңпейіл жеңгеме,  
Қарындас бауырға,  
Туысым жақыным,  
Жерлесім ауылға.  
Көп сәлем балаңнан,  
Тынысың жараңнан.  
Есен сау жүрсіз бе?  
Ауылдың ағасы.  
Көп күннен тарыққан,  
Жанымның жарасы.  
Сізді ойлай болдым жер,  
Көзімнің жасы көл.  
Көп сәлем тағы да,  
Інішек бауырға.  
Даниял, Мекешім,  
Мағрифат, Нүкешім.  
Жүрегім нұр төсім,  
Алтыннан салмақты.  
Құрметті ардақты,  
Есен сау жүр мекен.  
Қанатты төртеуі,  
Көп сәлем тағы да.  
Анама, төтеме,  
Түн бесігін бөлеген.

*Жүрек қалауы*



Жыласа сәби көреген,  
Ерте тұрып кеш жатқан.  
Болсам дағы тебеген,  
Әддилеп қолда уатқан.  
Су сұрасам бал берген,  
Жүрегіме нәр берген.  
Анашым мен тәтешім,  
Осы істеген қамқорың.  
Жүрегімнен әсте кетер ме?  
Көп сәлем тағы да,  
Ауылға, аймаққа.  
Туған жер, өлкеге,  
Құз жартас желкеңе.  
Ой мен қыр гүліңе,  
Сүкімді күніңе.  
Қарағай жыңыңа,  
Сандық тас шыңына.  
Сай-сала талыңа,  
Сабыңды көліңе.  
Сәметай көгіне,  
«Көктұсақ», «көкпекті».  
Арасын жайлаған,  
Бақытты еліме.

1960 ж.

## АТЫМДЫ КІМДЕР АТАДЫ

---

Қапалы жүрегім қапалы,  
Жаныма қатты батады.  
Хат келмей жақын туыстан,  
Қапа боп денем жатады.

Қапалы жүрегім қапалы,  
Қай күні таңым атады.  
Жұлдызым өрге жүзбей тұр,  
Көңілім баяу тартады.

Қапалы жүрегім қапалы  
Ақтарар күн бола ма хаттарды.  
Ойлар ма екен мені олар,  
Атымды кімдер атады.

*Жүрек қалауы*



# Сыйында ойдың байландымы

## ЖАЗҒЫТҰРЫМҒЫ ЕЛЕС

---

Маужырап аспан  
Әлем бір, араласқан  
Тыпыршып бұлттар таласқан.

Менің де жаным  
Тыным бір таппай  
Өзімді өзіне теліп жарасқан.

Аласұрып бойым,  
Толықсып ойым  
Аспанменен табысқан.

Ақ бұлттар жарып,  
Тамылжып тамып  
Көк ала құйын жағаласқан.

Телегей теңіз,  
Екпінді егіз  
Суырылып шығып шарқ ұрды.

Бірікпей беті  
Шаңытып шеті



Түр-түрге еніп құлпырды.  
Атылып зорға,  
Ұрынып жарға  
Көк теңіздей тербелді.

Түсімдей көрген  
Ісімдей өнген  
Миллион бұлттар шарлады.

Атылып оқ боп  
Жарқырап жоқ боп  
Тебрентті гулеп жер көкті.

Алалы көктем,  
Үнілеп өктем  
Дүбірлетті тербетті даламды.

Жаңбыр боп жауып,  
Апшысын жердің қуырып  
Жер емшегін идірді.

Керемет құбылыс,  
Болғандай бір іс  
Тыным алдым тиылдым.

Жанымда қалқып,  
Бойымда балқып  
Бұлтқа ендім сыйындым.

Ойымды бөліп,  
Шуағын төгіп  
Күн шықты артынан.

Көлегейлеп бетті,  
Қимылдап епті  
Тұрмын мен қалқалап.

Самал жел өпкен  
Шығып бір шеттен



Балалық шақты арқалап,  
Еске алдым мен де,  
Еске алды ол да  
Тамылжып тұрған атырап.

Арманым болып  
Ұзарып толып,  
Басамын ойды шаршаған.

Екпінді жүріс  
Айнала тегіс  
Саябырсып сая тапқандай.

Лүпілдеп жүрек,  
Босаңсып білек  
Алас ұрған сәттерде.

Нұрланып жүзің,  
Күлімдеп көзің  
Аспандай маған қарайсың.

Мен тұрмын ептеп,  
Бұлттарды шептеп  
Жаным-ау өзің қалайсың.

Өмірге ертіп,  
Көңілге елтіп  
Жанымды тербеп жанайсың.



## МҰҚАЛМАЙДЫ ОЙЫМДА

Ақындардай жыр жаза алман,  
Ойымда мақсат көп арман.  
Кеудемді кернеп жыр толғап,  
Бұлағы үміт таралған.

Көсіле біткен даламдай,  
Кейде отырам жазам бой.  
Айналам тыныш қапырық,  
Билеп алған санамды ой.

Жіберем ойды қырқа атып,  
Шерімді қайтам тарқатып.  
Көкірек кернеп ашылып,  
Айдында жүзем шырқатып.

Құс боп самғап аспанда,  
Жерде отырып жатсам да.  
Шегіне көктің шегілем,  
Күн шығып кейде батқанда.

Арамын елдің аралап,  
Жақсысын алып саралап.  
Сапардан қайта оралам,  
Келемін екшеп даралап.

Жұпар иісті жайлауым,  
Сенде еді ғой байлауым.  
Қарашы деме күндеме,  
Тілімнің бұлай сайрауын.

Сыдырап аққан бұлағым,  
Жасыл қойнау шырағым.

*Жүрек қалың*



Өзендерім көлдерім,  
Менің сүйікті тұрағым.

Даламда өскен ақ қайың,  
Боз ала тауым сай-сайым.  
Бойымда қуат барында,  
Аралап сені қайтайын.

Кеудемде жүрген армандай,  
Ақырғы демім қалғандай.  
Асығамын, ағамын,  
Отым лаулап жанғандай.

Қиялыммен қалқимын,  
Бойда қуат балқимын.  
Алас ұрып арындап,  
Жалын ұрып шалқимын.

Он сегіздегі жасым-ай,  
Көрілік келді басым-ай.  
Мұқалмайды ойымда,  
Жүректе дертім басылмай.





## АРПАЛЫСҚАН СЕЗІМІМ

Өлең жаздым жетпіске келген шағымда,  
Білмеймін мен сорым ба? Әлде бағым ба?  
Ойымда айқын екшеледім топшылап,  
Талпыныс қып бір мәрттіліктің жолында.

Өзім ширақ, сөзім ширақ, таңым да,  
Өлең болды малым, мүлкім жаным да.  
Тылсым дүние есігінен кіріп ап,  
Ой кешемін, күндіз түні сарыла.

Жаста болам арпалысқан жалынмен,  
Тасты шайнап, оты байлап жаныммен.  
Түнгі ұйқы тыным бермей озады,  
Көріліктің айқасамын таңымен.

Ұстап алам, беймазалы кезімді,  
Ойға бүктеп, Арпалысқан сезімді.  
Құшағыңда бір елестің жанамын,  
Жіпке байлап тізе берем сөзімді.

Кейде ойда, барлаушы боп, жүремін,  
Ой дәптерін ақтарамын білемін.  
Өмірдегі өткен, кеткен бәрін де,  
Дәптеріме естелік қып тіземін.

Болмаса деп өмірдің кір ластығы,  
Тозаңдардың ширатылаған қастығы.  
Тілеп өмір тазалығын келемін,  
Жаһаннама жарасымды жастығы.

*Жүрек қалауы*



## БАР АРМАНЫМ...

---

Бұлт боп аспандағы  
бұлқынамын,  
Шатырлап күркіреп те  
жұлқынамын.  
Жанымды жұлып жеймін  
жер таппаймын,  
Болмысқа болдырам деп  
талпынамын.  
Өз ойым өзімдегі  
өз тірегім,  
Баршаға үміт артам  
не керегім.  
Жоғымнан жоқ іздеймін  
таппасам да,  
Өзгеде емес өзіңде  
бар берерім.  
Болған соң өмір деген  
саяхатым,  
Жазамын мен де оған  
саяхатын.  
Бойымда қуатым бар  
жігерім бар,  
Табамын керегімді  
таласатын.  
Естимін, елтимін мен  
толқын өнін,  
Жаратқан жапар Алла  
адам жанын.  
Өмірде күпіршілік  
болмаса деп,  
Жүректен ақтарылар  
от пен жалын.



Жаратқан бір Алланың  
хикіметі,  
Орындау адамзаттың  
ол міндеті.  
Ақыл, ой, парасаттылық,  
талғам, тағлым,  
Рухыңда болмысыңда  
ар сүңдеті.  
Өтірік, өсек, аян  
жаман қылық,  
Дарымасын денеңе  
жат құдіреті.  
Егіліп ергелі кеш  
жалынамын,  
Сақта деп қас пен жаттан  
жаным арын.  
Өмірім көркім дағы  
осы емес пе?  
Ойымдағы, бойымдағы  
бар арманым.

*Жүрек қалауы*



## БИЛЕП ЖҮРСІН САНАҒДЫ

---

О, адалдық, тазалық арым бұл,  
Таң сәріден табынатын тәңірім бір.  
Тілеуім де сенерім де бір өзің,  
Сен сияқты бойымдағы барым бұл.

Табиғатым нән ағаштай көсілген,  
Арамдықты өткере алмас ес білген.  
Тумысымнан жасыл орман жан-жағым,  
Аулақ болдым жолды тосқан месілден.

Тау жынысы, алмас болат өсірген,  
Судан таймас ер жігітте шешінген.  
Бекем ұста ойыңды да бойыңды,  
Жала жапқан жала қорлық кесірден.

Бұл арманым өмірімнің ұстамы,  
Дарқан далам өзіңдей өңір құс бағы.  
Шектелмесін, шеттемесін бар ғалам,  
Айқындалсын ғұмыр-өмір тұстағы.

Арамдамай жүрсін бізді даралар,  
Көкрегімде шер боп қатқан жарам бар.  
Билеп жүрсін ей адамдар санаңды,  
Кешегі күн ағып өткен даналар.



## ӨЗГЕНІ СЫЙЛА БАҒАЛА

Өзгені сыйла бағала,  
Ол да сенің туысың.  
Ұранымыз «Алаш» болған соң,  
Берік болар құрылысың.

Бүгін сенің жүргенің,  
Алланың салған бір ісі.  
Болмас оған сыйынбай,  
Әрі де болған тынысы.

Өсіп-өндік ел болдық,  
Атаусыз едің кешегі.  
Оған тәубе етейік,  
Жаратқанның меселі.

Ойлан да оңды өмір сүр,  
Бостандықты ту етіп.  
Қапыда қалма ағайың,  
Жүрмесін біреу құл етіп.

Санаңды сарқа, іс істе,  
Алымды сонда баларсың.  
Туысты-туыс, туыс де,  
Салымды болса оңарсың.

Өмірімді сыйла бағала,  
Өмірің сенің жетекшің.  
Кәсіп қыл да еңбек ет,  
Ақыл айла есепшің.

*Жүрек қалауы*



## ЖҮРСІН ӘР КЕЗ САНАҢДА

---

Қараңғы түнек қапастан,  
Құтылар күнім болар ма?  
Билік айтқан топастан,  
Жерім менің оңар ма?  
Жеріңді салдың саудаға,  
Халқыңа ол жағар ма?  
Жер кіндігін қопардың,  
Құрып та бітті шараң да.  
Жүрсін әр кез санаңда  
«Глобализация» деген пәлеге,  
Барамын ба елім барам ба?  
Қызыңды алып жат нәсіл  
Ұлтыңды құрттың оңам ба?

1996 ж.



## ОЙЛАР-ОЙЛАР

Неге мені  
қолтықтайды  
тыныштық,  
Жүруші едім  
күйіп жанып  
бір ыстық.  
Жаным менің  
арпалысқан  
көп ойлар,  
Өмірді біз  
сүру үшін  
тырыстық.  
Ойлар, ойлар  
елемейтін  
суықты,  
Ойлар сөйлеп  
бір қыздырды  
суытты.  
Жүреміз біз  
жайдақ басып  
көп ойдан,  
Бұл ойларда  
кім жеңілді  
кім ұтты.  
Бұл ойларда  
данышпаның  
даңқы бар,  
Бұл ойларда  
жай адамның  
парқы бар.

*Жүрек қалауы*



Ақыл, ойлар  
даналықтың,  
даралықтың ұрығы,  
Менің дағы  
бұл ойларды  
жалғастырар нарқым бар.





## АРМАН ОЙЛАР

Аппақ арман аңсағаным құрметтім,  
Ойы емес сыр шертетін бір беттің.  
Жазар едім том-том етіп барлығын,  
Болсам егер нағыз ақын суреттің.

Менің жаным қысқа қайырым айыз ғой,  
Сағыныштан бір басыма келеді ой.  
Аңсап өткен балалық шақ күндерім,  
Көтереді көкірегімді кернеп бой.

Өмір өткел, асқар-асқар белдерім,  
Не ғажап түс секілденді көргенім.  
Сыйға – сый, сыраға – бал дегендей,  
Алданышпен жүріп өткен жолдарым.

Ескермешпін балалық шақ таңдарын,  
Ойын кетіп нені сонда таңдадым.  
Қызығы көп қырқылжың бір жігіттің.  
Ой өрісі қалай жетіп толғанын,

Іс жасадым тұрақтамай көңілім,  
Болғаннан соң сыйға толы өмірім.  
Сол өткенді жазып пішіп көруге,  
Қалам алдым, қаламадым сөнгенін.

Ғажап өмір махаббаттың құшағы,  
Бал-бұл жанған жігіттікке ол ұқсады.  
Жанап жүрдім, арман қуған ойларды,  
Ойлар мені жетектемей тұсады.

*Мүрек қалауы*



Жүрмін қазір сол өмірге қайран боп,  
Жүруші едім, аласұрып, тайраңдап.  
Бойда қуат ойда арман аңсаған,  
Разы болдық сол өмірге жайраңдап.

Жазы өтіп күзі келді өмірдің,  
Бәйшешегі алыс қалды көңілдің.  
Құшақтасып бір жұптасып жуыстым,  
Ақ шашыммен самайдағы телімнің.

Ақтай алмай жас өмірдің міндетін,  
Босқа жүріс арындадым құр кеттім.  
Мені сөкпе жас ұрпағым туысқан,  
Нәрі үшін еске аларсың бір беттің.

Баспасыншы енді қайтіп сені мұң,  
Болсын жарық ажарың да күн мен түн.  
Мен өзімді жетектедім, ілестім,  
Ойымда айқын, киелі бір суреттің.

Салдым шимай ақ қағазбен алыстым,  
Жақындаттым жоғы барын алыстың.

Ой арманым бойымдағы сәуле шаш,  
Боларына кәміл сенем табыстың.



## СОНЫ СЕЗЕМ

Өлеңді жазары бар,  
жазбасы бар,  
Өлеңнің кейбір дара  
таңбасы бар.  
Ішінде сол таңбаның  
болмасын да,  
Жүрегімнің отты лепті  
жалғасы бар.  
Заманның құрдасы бар  
жолдасы бар,  
Басында дара перзент  
жол басы бар.  
Ақ иық ақылшысы болмасам да,  
Болайын нөсер жаңбыр  
шаң басы бар.  
Өзеннің сарқырама  
арнасы бар,  
Басталар сарқырама  
жар басы бар.  
Болмасам да сарқырама  
бұрқ-сарқ еткен,  
Болайын сарқырама  
шөл басы бар.  
Өмірді байқап көрсең  
үлкен өзен,  
Өзеннен нәр алады  
әрбір кезең  
Секілді салалары  
қан тамырың,  
Тамырға билік берер  
ұлы безең.

*Жүрек қаламы*



Жақсы да, жамандықта  
жаныңа ем,  
Болмайды ойлы адам  
ешкімге жем.  
Жеткізер даңғыл жолмен  
мақсатыңа,  
Сезімтал үлкен жүрек  
соны сезем.



## ОЙЫНДА ОЙДЫҢ БАЙЛАНЫМ

Тізбектелген ойларым,  
Мені еркіме коймадың.  
Жыр кып жаздым жанымды,  
Өтіп кетсе де тойларым.

Оңайлықпен көнбейтін,  
Өмір шіркін өлмейтін.  
Мен ұстадым таласып,  
Ұстарамды шелдейтін.

Көңіл шіркін көп ойдан,  
Табатындай бір пайдам.  
Алас ұрам аршындап,  
Жетем бе оған. Әй, қайдан?!

Кегін алар батырдай,  
Кеудемде жатыр батыл ой.  
Шыңнан ұшқан қырандай,  
Жазылып қанат жазам бой.

Ойымды талқыға саламын,  
Керегін шептеп аламын.  
Сынбай кетсе садағым,  
Ойымнан нақыл табамын.

Нақылды терсем ақындай,  
Жүремін елге жақындай.  
Босқа өткен күндерім,  
Есемді берер мақұлдай.

*Жүрек қалауы*



Кезегін күткен шырғындай,  
Кезекте менде тұрармын.  
Ойымды билеп адал іс,  
Оңынан ойдың шығармын.

Ойында, ойдың байландым,  
Тас түлектей сайландым.  
Жекелеп алып еншімді,  
Жетегінде ойдың тойландым.

\* \* \*

Алма кезек дүниенің тұрағы,  
Онда болады Алланың бар сұрағы.  
Есіңді жи тіршілікте амал қыл,  
Сыйға тартқан бір Алланың бұлағы.



## ӨКІНБЕЙМІН

Жазбаймын шимай салып  
көп шатпақты,  
Сөздерім тимесе деп  
жанды, жақты  
Алланың берген нәрі арқасында.  
Бола гөр жүрек оты  
бақты, бапты,  
Келемін, жас жеткенде  
етіп талап,  
Өтіп жүр өмір шіркін  
мені жанап,  
Жөргекке іңгелеп  
түскен бетте,  
Заманның кермек дәмін  
алғам қалап,  
Оған мен бүгінгі күн  
өкінбеймін,  
Өзімді-өзім тежеп  
бекін деймін,  
Екі ботам, төрт құлыным  
аман болса,  
Байлықтың көзін ашқан секілдімін.

*Жүрек қалауы*



## АҚЫНДАР

---

Ақын жаны үзіліп тұрған нәзіктік,  
Нәзіктікті жүре-жүре кеш ұқтық.  
Махаббатым өміріменен тоғысқан,  
Сынай-сынай өзіңменен кезіктік.

Аппақ ойлар арқалаған ақындар,  
Ақындарға тиіспеңдер батылдар.  
Дара тұлға өмірге гүл себетін,  
Онда жүрек соғысы бар, нақыл бар.

Адамзаттың сезгіштігі киесі,  
Онда жатыр ғалам шардың иесі.  
Сен білмейтін, ойламайтын ойларда,  
Оған ғана, оған ғана тиесі.

Ақын жаны ойларменен көрікті,  
Ойлар оған даңғыл жолы серікті.  
Ол сезетін құпияға толы сыр,  
Ұнатады шын достықты берікті.

Батылдықта ақын жанның күәсі,  
Шындықты айтар жасырмайтын мұрасы.  
Ақындарды толғататын көп ойлар,  
Өмірдің ол адалдығы, турасы.





## ӨМІРДІҢ АППАҚ ТАҢЫ

---

Мен сүйемін, өмірдің аппақ таңын,  
Жүрегімде талмайды, жаттап бәрін.  
Көкірегімде өмірдің бар болмысы,  
Саралап керегіңді, алам бәрін.

Сағыныш өмірге мен ғашық жанмын,  
Жылытып өз-өзімді от боп жаңдым.  
Мархаббат, махаббатта бір өзіңде,  
Бойыңда менің тізген асылдарым.

Бұл өмір, құрмет тұтар, келді кезің,  
Мақтаныш, қуанышта іште сезем.  
Атойлап жар саламын бар әлемге,  
Бостандық, ұлы дүбір айтар сөзім.

*Жүрек қалауы*



## БОЛМАСЫН ЖАНЫҢА ЖАТ

---

Қырқысқан, қарда қылыш тоқпақ барын,  
Не керек? Оларды тос, тоқтат бәрін.  
Өйткені жаныма жат, еліме жат,  
Ардағын, азаматын жоқтатпадың.

Болмасын елімізде ұрыс-керіс,  
Шаршаған, шатақ қуған оң мен теріс.  
Орнықсын елімізде бақ пен дәулет,  
Кершімен оңалтайық алыс-беріс.

Халқымның қадірлі ісін құрметтейік,  
Баршаға тағлым болсан бір беткейлік.  
Оңынан орындалсын жоспарымыз,  
Сол үшін күш салайық, міндеттейік.



О, адалдық,  
 Аңсағаным биік қой.  
 Уа, ұрпағым,  
 Көкейіңе, түйіп қой  
 пиғылың  
         жат болсын  
                 қашанда.

Пәк боларсың,  
 ақ боларсың,  
 Бір Құдайға  
         жақ боларсың.  
 Адалдықтың  
         ақ жібін  
                 аттамасаң,  
 Дәулет бітіп басыңа  
         бақ қонарсың.  
 Дәулетің судай тасып,  
         асып аралар,  
 Сонда аспа балам,  
 ақылға жеңгіз,  
         парықта.

Ол да өтер өмірден,  
 сен де өтерсің,  
 Бұл жалғанда  
 тұтқа болар  
         пенде жоқ,  
 Түспесін араға кеп  
         қызыл шоқ.



## МЕНИҢ ЖАЙЫМ

---

Жасымның келген тұсы, жетпіс бесте,  
Өмірдің өткен, кеткен бәрі есте.  
Сыры мол, сиқыры көп бұл өмірдің,  
Ұмытылмас, қайталанбас, калар есте.

Барымды бағыштадым бір Аллаға,  
Ілінбес менің жаным еш жалаға.  
Туғаннан, тұмысымнан пәк бір жанмын,  
Құйылған адалдығым сай-салаға.

Жалқымын, жаным таза, ойда арманым,  
Кезіккен көк аттыдан пайда алмадым.  
Өмірдің асау өзен бұлағынан,  
Су іштім, жапырақ жайдым, шөл жалғадым.

Білеңіз менің жайым тап осындай,  
Жарқ еткен өмір шіркін бір жасындай.  
Жасымнан таразылап бақтым ойды,  
Көңілге кір келтірмей бір тасымай.

Өмірдің тасқынына ілестім де,  
Болмысты болдырам деп күрестім де.  
Сәулесіз адыра қалған сол бір кезім,  
Кімдермен жаға жыртып тірестім де.

Өткенді ойласаңыз не бір қиыр,  
Тұрлаусыз, берекесіз жалғыз түйір.  
Жаныңды ашытады қамықтырып,  
Шындық жоқ, оралмайтын, болмас қайыр.

Жүректің жанса дағы оты маздал,  
Жүресің үнің шықпай бойда «саз тап».  
Алланың бергеніне тәубе қылдым,  
Жүрмейін оны-мұны қайта қозғал.

## ОЙЫМДЫ ҰЙҚЫДАҒЫ ОЯТПАШЫ

Басында биік өскен, бал қарағай,  
Ойыны балалықтың, хан талапай.  
Жүруші ек, балық аулап, жар жағалап,  
Отымыз жаңа тұтап, жанатындай.

Есімде асыр салып, ойнаған жер,  
Ойынына балалықтың тоймаған жер.  
Тай мініп, тулақ-жауып, сасыр тайға,  
Биені құлындатып той қылған жер.

Ойынның қызығына тойып алып,  
Қайтушы ек үйге қарай, түн жамылып.  
Не деген ыстық едің балалық кез,  
Бірде ысып, бірде суып, күйіп жанып.

Қай заман балалықпен қоштасқалы,  
Өзіңмен, уа, көрілік достасқалы.  
Өгіпті талай күндер, арман болып,  
Жетпістің иығынан жаста асқалы.

Ойымды ұйқыдағы оятпашы,  
Жүрейін ойыменен қуып арман.  
Өмірдің аппақ таңы балалық шақ,  
Басқасы көрген түстей, бәрі жалған.

*Мүрек қалауы*



## САҒЫНЫШ

---

Өмірім менің сағыныш,  
Сарғая күтем сол күнді.  
Алыста жүрсем сағынам,  
Сағына күтем сол жанды.

Сағыныш таңым әр күнім,  
Ұйқыдағы түсім де.  
Сағынышпен бітеді,  
Жұмысымда, ісім де.

Сағынам алыс күндерді,  
Балауса шақ түндерді.  
Сағынам ауыл адамың,  
Аяғын басқан жерлерді.

Сағынам биік құз басын,  
Сағынам жүрек жалғасын.  
Сағынам сені асыл жан,  
Сағынышымды Аллаң бұзбасын.

Сағынам алыс арманды,  
Орап алған ойымды.  
Сағынам жақын жандарды,  
Жасайтындай тойымды.

Сылдырап аққан бұлақтар,  
Сағынышымды бұзбашы.  
Жантая кетсем құрақ бар,  
Жүрек отын қозғашы.



Сағыныш күндер ұзарды,  
От жалын боп шыр алды.  
Әкемді де сағынам,  
Сол соғыста тоналды.

Өзімді де сағынам,  
Ұйқысыз күндер қамалды.  
Уайым қайғы сағыныш,  
Жаза алмассың жарамды.

Сағыныш деген бір әлем,  
Ғасырлап өмір тозбайтын.  
Сағынамыз бәрін де,  
Сағыныштан ешкім озбайтын.

Сағыныш түбі сары алтын,  
Сағынышсыз өмір қара тас.  
Сағынышпен күнім өте бер,  
Сағыныштан ойым болсын мас.

*Жүрек қалауы*



## СЕН ТЕРБЕШІ...

---

Кеудемді мен, арманым боп қопардым,  
Қопарылған арманымнан от алдым.  
Жолым түзу, бетім жарық болсын деп,  
Ұлылардың ұлығынан бата алдым.

Лапылдаған сол жалынның күшімен,  
Бірге жүріп, бірге ойлап түсіммен.  
Өлең жаздым, өмірім, мәнді болсын деп,  
Айналыстым жаста сүйген ісіммен.

Жырым кетті самал ескен шуақ боп,  
Қала берді өткен өмір сұрақ боп.  
Көп ғасырдан аңсаған бұл бостандық,  
Қуат берді кеудеме бір тірек боп.

Жетектеші ойым менің қыратқа,  
Бір адым жер шығар биік тұр артта.  
Сен тербеші, ақылменен даналық,  
Жүргізбеші сенен аулақ жырақта.

Досым едің бұрын маған сенетін,  
Ой, қырымды даламды да сүйетін.  
Қолым создым, ойымды да ал өзің,  
Бір өзіңсің жан жылуын беретін.

Бұл ісімде аяқталар болмасын,  
Ғасыр үні мені шыңдап оңдасын.  
Мен сыйынған, адалдық пен тазалық,  
Ақ қағазға тізілетін жыр болсын.





## ОЙ АРМАНЫМ

Көңілім менің асқындайсың арындап,  
Бара жатыр толқын өмір жырымдап.  
Кетіп барам бір елестің бойында,  
Құшағыңда қыстырылып жалындап.

Қайда апарар қысыр көңіл құшағың,  
Ойымды алдың, бойымды алдың тұсадың.  
Ұқсаймын ба? Айдың желсіз түнінде,  
Кезіп жүрген бір кезбеге мысалым.

Жуысты ма, бойымдағы толқыным,  
Ой-арманға кірдім даға толқыдым.  
Тасқынындай аққан судың бұлағы,  
Теңселдім де, иілдім де, тұра алдым.

Ой-арманым, араладым, шарладым,  
Өткендерді еске алдым барладым.  
Кез болыппын бір елестің тезіне,  
Жан таластым, өмір үшін қармандым.

Сол өмірдің асқындаған биігі,  
Тез оңалдым, ақыл берді жетпіс бестің иығы,  
Содан бері талай-талай күн өтті,  
Тердім ойды болмасын деп сұйығы.

*Жүрек қалауы*



## ЖОҚТЫ ІЗДЕДІМ

---

Қасіреттің қайығына мініп ап,  
Жоқты іздедім, жоқ пен бірге тоналдым.  
Тобындамын жетімдердің жел үзген,  
Жел біледі, қайда барып қонарын.

Араладым тауды, тасты, сайды да,  
Таба алмадым, жанға сая жайды да.  
Барар жерім, басар тауым қалмады,  
Көңіл сынды, алған беттен тайды да.

Ойымменен бітірдім мен қанатты,  
Табатындай бақ, дәулетті, жанатты.  
Көк аспанда шарықтап та жүріп ем,  
Ирелеңдеп, белгісі жоқ жол жатты.

Түсіп көрдім соқпағына сол жолдың,  
Талай жерге табан тіреп мен қондым.  
Барымды да, жоғымды да іздедім,  
Таба алмадым, жүрек сыздап мен тондым.

Саласы жоқ, жаға жатыр айдала,  
Демеймін мен, мені сендер аймала.  
Кезіккенде ұрпағыңа не айтарсың,  
Деп жүрмесін туған-туыс қай бала.

Панасыздың күнін кештім жалықтым,  
Кейбір жанға ақылшымын, парықпын.  
Таба алмадым болымсыз бір тіректі,  
Жүріп өттім, талай жолды тарықтым.



## СӨЗ ЕТТИМ БІРТАЛАЙ

Елегізіп бойым да,  
Жаным тыным таппайды.  
Отырсам да жайымда,  
Дауалап ойым даттайды.

Қағілездік бойымда,  
Әсерлі әуен баптайды.  
Аққан өзен сарыны,  
Толастамайды, жатпайды.

Өмір өзен ғұмырым,  
Шеткіз, шексіз бірталас.  
Арпаласқан тұғырым,  
Жүрер алда қарбалас.

Соңынан ерген ермекпін,  
Ғасыр сынды тағдырдың.  
Көрерімді көрмекпін,  
Есебі боп жалғыздың.

Шартараптың айнасы,  
Мені байқап қарашы.  
Есепте бар санда жоқ,  
Бітті ме дерсің шарасы.

Орман болмас жалғыз тал,  
Тамырланып қаптамай.  
Маңдайға біткен жалғыз тор,  
Шаба алмас баптамай.

Шуақшы жырымды төгейін,  
Кісі сөзін жаттамай.  
Ойды-ойлар түрткілеп,  
Сөз еттім міне бірталай.

*Жүрек қалауы*



## ЖЫР ЖАЗАМЫН

---

Ой арманын өрнектедім ілгілеп,  
Жатсам, тұрсам алас ұрам білгім кеп.  
Адам жанын түсінуге құштарлық,  
Өсе берді күннен-күнге ірілеп.

Құшақ жайдым, қамқоры боп адалдың,  
Соның үшін адалдықтан нәр алдым.  
Таласпадым тұғыры биік жандармен,  
Өзімді-өзім шираттым да таралдым.

Нәзік сезім бойымдағы жырлаған,  
Ойымды-ой жырға қосып толғаған.  
Құрсауыңда оқыс сезім қалмаспын,  
Жан мен тәнім ақиқаттан жаралған.

Болмасам да үлкен ойдың иесі,  
Жыр жазамын өзіме ғана тиісті.  
Аллам мені «Руһың биік» болсын деп,  
Қолдай жүрші, асылдардың киесі.



## ШЕРІМДІ ҚОЗҒАДЫ КІМ

Өкініш, күйінішпен жаным қандай,  
Бойымда арман оты лаулағандай.  
Кеудемде тас боп қатқан мұңмен, зарым,  
Жетімнің шері тарқап тоналғандай.

Айналған шар айнадай тәлкек өмір,  
Барыңды базар қылған неткен жемір.  
Сартап боп сарғайсаң да, сағынсаң да,  
Еншілес ете білген қимай көңіл.

Айтады жақын адам «шатасың» — деп,  
Бермеген ешкім саған «батасын» — деп.  
Көрмедім мен өмірдің әділдігін,  
Жегідей ішті жеген «қатесі» көп.  
Өмірдің зары өткен боздағымын,  
Шерімді жүректегі қозғады кім.  
Қолымды созсам дағы жете алмадым,  
Тоналған, опық жеген озғаны кім?

Мен емес бұл өмірдің шүрегейі,  
Болымсыз қылшық жүнді бір өгейі.  
Орным бар, ордам да бар сыйласатын,  
Болмасам да өз елімнің бірегейі.

*Жүрек қалауы*



## КЕТПЕСІН КҮНДЕР ӨТІП

---

Күндер өтіп барады, күндер өтіп,  
Жүреміз біз ұйқылы ояу түнделетіп.  
Айым туып аспанда жарқырайды,  
Күндізгі күн батады түнделетіп.

Түнгі ұйқы тыныштық маужыраған,  
Демін алып аспанда қалжыраған.  
Жұлдыздарда жылт-жылт етіп жымылдайды,  
Иә, бақытты сәт — деп тағы маған.

«Бақыт» — атты досым бар жанымызда,  
Сен екеуіміз тірі жүрсек таңымызда.  
Туыспен бала-шаға сондай бақыт,  
Жолдас жора ағайын барымызда.

Сән түзеп келеміз біз, біз екеуіміз,  
Шегіне көріліктің біз жетерміз.  
Бақыт боп жылжып өткен бұл өмірден,  
Күндер өтіп барды, бізде өтерміз.

Күндер өтіп барарда, күндер өтіп,  
Бақыт құсы ұйқыда түнделетіп.  
Бағымды оятатын ұйқыдағы,  
Кетпесін белгісіз боп, күндер өтіп.



## ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ІС ІСТЕ

Ойлаңдаршы, қарашы,  
Бұл өмірдің тазасы.  
Бірлікпен, ақыл, ой,  
Адам ары, мазасы.

Рухы биік данасы,  
Болмас оның бағасы.  
Абай сынды кемеңгер,  
Толық қанды жағасы.

Істеген істің шаласы,  
Құнсыз болар бағасы.  
Тыңғылықты іс істе,  
Болмас ешкім таласы.

Таразылап өлшеп піш,  
Әділдік одан табасың.  
Даурықпа, даңлырт, арам күш,  
Бұзады адам санасын.

Шамаң келсе іс істе,  
Ләззәт одан аларсың.  
Жөн-жоқсыз кіріспе,  
Ұятқа батып қаларсың.

*Мүрек қалауы*



# Қызметте жүр адамдар іргенді

## УАҚЫТ ӨТІП БАРАДЫ

---

Жылжып күндер,  
Жылжып айлар,  
Сағат сайын  
Уақыт өтіп барады.  
Қатарласып бірге жүріп  
Арман тілек құшақтасып  
От боп жанып,  
Есіңді алып,  
Жалын қарап,  
Уақыт өтіп барады.  
Тәнімізге айықпастай  
Жара салып  
Адалдықты  
Арамдықпен жаба салып,  
Уақыт өтіп барады.  
Мазақ қылып, салып бүлік.  
Шаштан жұлып ар-намысты  
Уақыт өтіп барады.

Зілді батпан қабын ашып  
Қанды шеңгел асып-сасып  
Көндірем деп болсаң жасық



Уақыт өтіп барады.  
Жер құшағы таппай теңін  
Атқан оқтар алмай кегін  
Сүрсеңіз бір өмір билеп,  
Тепеш қылып оны да илеп  
Уақыт өтіп барады.  
Жанға дауа іздеп таппай.  
Өзім дағы тыныш жатпай,  
Қиналамын, қысыламын  
Жүрегімде қабыл алмай  
Бұл өмірдің ұсынғанын  
Уақыт өтіп барады.  
Ұзақ тұрып ойлансам да,  
Аша алмадым тылсым жанын  
Ойлай-ойлай қалды міне  
Құр сүлдерім.....  
Уақыт өтіп барады.

*Жүрек қалауы*



## ХАЛЫҚТА ТҮРТКІ АЛАҢ БАР

---

Өтірік, өсек бәрі алдау,  
Қала берсе жан жалдау.  
Барыңды беріп шағымыңды алып,  
Ұрының ісін тосар деп.  
Айыбыңды тартып, сеніміңді артып,  
Халық қорғаушысы десең де.  
Айлалы жегіш, маңдайы тегіс,  
Ісіңді ұрлап асар кеп.  
Замана түрі қаптаған ұры,  
Қорғансыз жүр адамдар.  
О, Жараңдар, жараңдар  
Жазылмастай жарам бар,  
Халықта түрткі алаң бар.

1999 ж.



## ЕЙ! АЗАМАТ....

Ей, адамдар  
көңілімде менің  
алаң бар,  
Кері тартар  
кеселі мол  
қадам бар.  
Жүрмесінші  
арамызды  
арамдап,  
Қасыңдағы  
мысық тілеу  
адамдар.  
Ей, адамдар!!!  
өркендеу бар,  
өлу бар,  
Қиындықтан  
қашпай бекер  
төзу бар.  
Өз санаңды  
салқын леппен  
кірлетпей,  
Жетуде бар  
жетістікті  
көру бар.  
Бірін айтып  
таққа кімді  
отырар,  
Екіншісін  
дайындайсың  
пара-пар.

*Жүрек қалауы*



Неге керек  
бықсық ойдың  
құрбаны,  
Ойланындар  
ойланыңдар  
адамдар.  
Ей, адамдар  
түсінбестік – деп  
санаңдар.  
Табан тіреп  
өсіп жатқан  
«алаң» бар,  
Жала жаппай  
басындағы биіне,  
Өткен істі  
болжап, байқап  
қараңдар.  
Оңсыздағы  
жазылмастай  
жарам бар,  
Түзетуге  
бұл жараны  
шамаң бар.  
Іске кіріп  
тіл ұғымына  
көшейік  
Мен сияқты  
сенің де ойлар  
санаң бар.

1997 ж.



## ЕЙ МҰСЫЛМАН БАЛАСЫ

Ей, мұсылман баласы,  
Зейін салып айналаңа қарашы.  
Тіміскілеп батыстан,  
Тарап келеді денеме.  
Не зулапат ашы удың жарасы,  
Айтпаймын мен не ғылым білім саласын.  
Жазатұғын денеме салған,  
Октябрьдің жарасын.  
Әңгіме етіп түсіндіргім келеді,  
Қуыс кеуде жалаң төс  
болмасын — деп,  
Адамзаттың баласын.  
Көңілім қалды, теледидар,  
Кейбір сиықсыз тараудан.  
Қалып барады адамын — деп  
Кейбір жастар, өзін-өзі санаудан.  
Сүйген жарын, теперіш қып, жүргендер,  
Кездеседі бұл заманда сан алуан.  
Көрмеймісің мына келген кесірді,  
Ойсыз бала есеңгіреп есірді  
Тартып алып ақ ұнтақты  
үңірейді тесірді.  
Жолдас-жора ата-ана мақұрым,  
Өзін-өзі билей алмай шешінді.

*Жүрек қалауы*

2001 ж.

## ЖҰМБАҚТАСҚАН ЗАМАНДА

Алпыс жасты кәрілік деп ұқпаймын,  
Ауру-сырқау олардан да бұқпаймын.  
Өз еркімді өзіме берсе бір Алла,  
Денемді де көрпе астына тықпаймын.  
Зманымның мына өрлеу кезінде,  
Берілемін алас ұрған сезімге.  
Сезім шіркін кәрілікті ұға ма?  
Жетсем дейді дәуірлеудің тезіне.  
Өмір сүрдім жұмбақтасқан заманда,  
Таңбасы бар зіл қараның жағамда.  
Кекірейіп кейін тартып тұратын,  
Сол бір кезде сол мұнымды кімге барып шағамда.  
Ойлатпайтын ойым қалай дұрыс па?  
Шынайы ой қалушы еді бұрыста.  
Тәңір берген ақылменен арыңды,  
Берсең дағы бойыңдағы барыңды.  
Жоқ деп сені итермелеп шығатын,  
Күңгірт өрге сүйрелейтін бұйрықтап.  
Соныменен салыстырып бағыңды,  
Сындырушы еді соқыр қылып сағыңды.  
Міне жеттік дедік еркіндікке қолымыз,  
Қотыр болды қажай-қажай жонымыз.  
Ұры қары қаптап кеткен дүниеге,  
Бірі былай бірі олай кес-кестеп.  
Адал ниет ар, намысты арамдап,  
Кетіп барады бұлдырланып, қараңдап.  
Мен жатырмын терезеден сығалап,  
Жүргізбейді денем мені бұғалап.  
Апыраймен арпалысып ойларым,  
Түзелмейді-ау қамшы тимей бойларым.

1999 ж.

## ТОНАЛҒАН МҮЛІК

Арсыз бар мақтан тұтар  
жиган «бұйым»,  
Алады ол арзан құнға  
болар «дүйім».  
Қарақшыдай талқандап  
астан-кестен,  
Халықтың еңбегімен  
салған үйін.  
Береке-бірлік деген  
ойдан шыққан,  
Көлденең шауып өтер  
Алла сыйын.  
Алланың берері көп алары да,  
Сөз ұқпас кешелер  
тонайды кеп.  
Бұларды ноқталаудың өзі қиын,  
Заманның бір өзгеріс  
болары анық.  
Айтамын мен өлеңді  
қазір налып,  
Ақиқат пердесімен  
өлшеп пішкен  
Әділ заң жақсы тұрмыс  
Болары анық.

*Жүрек қалауы*

1994 ж.

## ҚҰНЫҚҚАҢДАР

---

Үй іші тез оңалды  
Алдымен машина алды,  
Қаладан үй салды.  
Табан тоздырмай,  
Ымын-жымын  
білдірмей пара берді.  
Түйені түгімен, биені бүгімен,  
атастырып қала берді.  
Мұның өзі де жегіш келеді,  
Түсімі бар жерді  
торығыш келеді.  
Есебінен бір жаңылса,  
Қалтырағыш тоңғыш келеді.  
Пысықтығы қалып ондайда,  
Қойдан момақан,  
бетегеден аласа бола қалады.  
Жанашыр мықтыларын іздейді,  
Кінәсіз едік біз дейді.  
Солай да солай деп  
мықтылары жолдама беріп,  
Өсіріп болған істі өшіріп.  
Сүттен ақ судан таза боп,  
Басқа жерден шыға келеді.  
Алда-жалда ісің  
түссе бұларға,  
Қоразданып қомданып,  
Сылтау айтып сызданып,  
Жоқты барды тергіш келеді.  
Мен осыларды көргенде  
Шынымды айтсам жыным келеді.  
Осындайлар жоғарыға  
сыйымды келеді.  
Қалтасы мол өзі еріншек  
тиынды келеді

2003 ж.



## НЕГЕ ЖАНЫМ

Айқай емес  
шалыс құлақ  
естіген,  
Жан айқайы  
жас баланың  
ес білген.  
Олар неге?  
айқайлайды  
жылайды?  
Тастанды көп  
анасын ол  
сұрайды.  
Неге жаным  
күйзеледі  
осынша,  
Еске аламын  
есім кетіп  
досымша.  
Неге ғана  
жетімдердің  
тобы көп,  
Санаспайды  
оныменен  
жоғы жоқ.  
Неге заман  
түзелмейді  
зарлатпай,  
Мұндай сұмдық  
қайдан келді  
сәби жанын  
қорлатқан?

*Жүрек қалауы*



Үйрендік пе  
    әлде заман  
                    өзінен,  
Киіндікте  
    көк шекпенді  
                    бөзінен.  
Аңқау қазақ  
                    біз боламыз — өзіміз,  
Алданамыз  
    арбаламыз  
                    тірісінде көзіміз.  
Даналығың,  
    ағалығың,  
                    сөзің не?  
ҰЛТЫМЫЗДЫ  
    құл қып берме  
                    кезіккеннің езіне.



## ТОЗ-ТОЗ БОЛҒАН

Түпсіз терең ойлардан,  
Ала қашам бойымды.  
Көкірек керген сорлардан,  
Іздемеймін тойымды.

Талқандалған талпыныс,  
Міндеттейді дайынды.  
Әне, міне қақтығыс,  
Іше алмассың шайыңды.

Тоз-тоз болған белім бар,  
Көтере алмас көбікті.  
Жамау-жамау ісім бар,  
Бермес саған ерікті.

Байсымақтар тағы бар,  
Сені қылмас серікті.  
Жылмақойлар көз тоймас,  
Қарасаң қандай көрікті.

Адам дейтін адам жоқ,  
Оны ескерер заман жоқ.  
Бар билік тұр қолыңда,  
Оған жетер дәрмен жоқ.

*Жүрек қалауы*



## АШ, ЖАЛАҢАШ, ТОНАЛҒАН

---

Милар отыр басында,  
Өңкей доллар санаған.  
Жағалайды қасында,  
Жағымпазы пара алған.

Күштінің өзі, өзі де,  
Табан тіреп бататын.  
Оның сақшы көзі де,  
Қорғап оны жататын.

Айласы мол, айлакер,  
Кемтарларды тонаған.  
Оны қойшы, оны да,  
Өзің білер өз ағаң.

Саудада жүр көп жылпос,  
Өңкей тиын санаған.  
Былыққа белден баттасып,  
Кедейлерің жүр тоналған.

Күн көрістің әдісі,  
Құлдықта жүр бар кісі.  
Баспана жоқ басында,  
Тарылып тұр тынысы.

Байшыкештің барлығы,  
Қалталап тиын санаған.  
Жоғарғының жарлығы,  
Кедейлерді қамаған.

Еңбек азат болса егер,  
Болар ма еді сорлы адам.  
Қарашада қаста жоқ,  
Басшыларда баста жоқ  
Тұман бүркеп торлаған.



## ХАЛҚЫҢДЫ СОРЛАП ЖЫЛАТПА

Мен жүрмін,  
жыртық үйдің  
есі боп.

Ескен жібін  
туырлықтың шешіп ап  
Әттең заман  
қайда кеттің  
бабалар

Бұл жалғанның,  
бұл жалғанның  
киесі боп,

Өтер арман,  
өгер заман  
зарлаған,

Бұл өмірде  
кең үйімде  
тар маған,

Бұл өмірде  
Сыйыспайтын  
жәйіт коп

Өзін-өзі  
асып жүрген сорлаған.

Бұл өмірде  
алдау, арбау  
бәрі бар

Құныққаның,  
жемқорлардың  
«тағы» бар.

Билік деген  
сөзге келмес  
қаталдық,

*Мүреп қалауы*



Шенділерден  
осылайша  
бата алдық.

Қазақ деген  
ұлтың құрып  
жоғалар,

Ойласаңшы  
осыны  
бір тобалар,

Үйсіз, күйсіз  
халқың сенің  
панасыз,

Көзбен көріп  
естісеңіз нанасыз,

Шенділерде  
шекпенде бар,  
шенде бар.

Бірақ тағы  
оларда жоқ  
сөзді ұғар,

Ертең халқың  
не болады  
ағайын,

Етпейікші  
өтірік сөйлеп  
жоқты бар.

Сәбилерді  
жатқа саттық  
есіріп,

Боздайды олар  
ата-ана деп  
ес кіріп.

Жаттың тілін  
меңгереді,  
жүреді



Ол калайша

қазақ екенін  
біледі,

Осылайша

тарам-тарам,  
тарам қып,

Жүрмейікші

елімізді  
қараң қып.

*Жүрек қалауы*



## ЕЙ, АДАМДАР!!!

---

Ей, адамдар  
көңілімде менің  
алаң бар кері тартар  
кеселі мол  
қадам бар.  
Жүрмесінші  
арамызды  
арамдап  
қасыңдағы  
мысық тілеу  
адамдар.  
Ей, адамдар!!!  
өркендеу бар,  
өлу бар  
қиындықтан  
қашпай бекер  
төзу бар  
Өз санаңды  
салқын леппен  
кірлетпей,  
Жету де бар  
жетістікті  
көру бар.  
Бірін айтып  
таққа кімді  
отырар  
Екіншісін  
дайындайсың  
пара-пар.  
Неге керек  
бықсық ойдың  
құрбаны.





Ойланыңдар,  
ойланыңдар  
адамдар.  
Ей, адамдар  
түсінбестік – деп  
санаңдар.  
Табан тіреп  
өсіп жатқан  
«алаң» бар  
жала жаппай  
басыңдағы биіңе,  
Өткен істі  
болжап, байқап  
қараңдар.  
Онсыздағы  
жазылмастай  
жарам бар,  
Түзетуге  
бұл жараны  
шамаң бар.  
Іске кіріп  
тіл ұғымына  
көшейік  
Мен сияқты  
сенің де ойлар  
санаң бар.

*Жүрек қалауы*



## ҚҰЛҚЫН

---

Азамат елін қорғап далада жүр,  
Жегіштер жеңін түріп арада жүр.  
Алғанын бөлісе алмай қырғи қабақ,  
Бастары іске түсіп жалада жүр.

Үлкені кішісіне бөліс дейді,  
Бұл өзі ағып жатқан табыс дейді.  
Қай жүріс оңды, солды біздің жүріс,  
Өтемін құдай берген жұмыс дейді.

Шенімен шекпенімен сатылаған,  
Былыққа тұра белден батып алған.  
Ұлығың шіреніп кеп көз алдыңда,  
Әкімнің мандатын ол сатып алған.

Қайырымсыз бастықтар көп көзін салған,  
Алғаны жегені бар өзі толған.  
Халықты көбісі жүр қан қақсатып,  
Мінбеден сөз сөйлейді көбі жалған.

Арада топтасқан көп жымысқылар,  
Олар да, долларлатып жұмысқа алар.  
Болмаса, қалтаңда, төлер құның,  
Шыға бер, әуре болма, бар басқалар.

Жегені шенділердің епті бүгін,  
Арайлап бұл заң оған септі нұрын.  
Топ асып топалаңдап құласа да,  
Кетпейді, ол биліктен мықты тұғын.



Осылай жегіштер жүр, ырғай басып,  
Құлқыны тойымсыз қу қырдай нәсіп.  
Бас бұхта бастықтан кем қалмайды,  
Тонайды елдің мүлкін етіп кәсіп.

Шекпені шенділердің алтындалған,  
Астыңда қымбат көлік жалтылдаған.  
Тұрағы хан тағынан кем түспейді,  
Күтуші нөкерлер бар былқылдаған.

Жұмақтың өзі де емес төрі де емес,  
Сайраңдап сән құрады болмай елес.  
Атын айтпа затын айт деп отырар,  
Ардақты мейман досы құрған кеңес.

Есептеп бухгалтері есеп берер,  
Қымқырып елдің мүлкін жесек өнер.  
Еңбегін құл-құтанның азайтайық,  
Долларлап шет банкіге салсақ көнер.

Не болса о да болсын, оба болсын,  
Құрдымға кетсе кетсін күйіп жансын.  
Біз тоқпыз жанымызда ұайым жоқ,  
Қалғаны не де болса, ада болсын.

Осылай сырласады шенді шекпен,  
Сорайық ұсталғанша бізде еппен.  
Қалтаға басып алсақ миллиардтарды,  
Есеміз болмас біздің желге кеткен.

Қашаннан біздің байлық тоналмаған,  
Ине жіп көріп тұрсыз құралмаған.  
Шегінен шенділері тартып жатыр,  
Табыс жоқ елде ерік оңалмаған.

Салынбай жатыр өне талай заңғар,  
Тоналған қаржылары болған жалған.  
Өтірік күпілдеткен ақпаратпен,  
Заңның да істері жоқ о да арман.



Өтірік өрге баспас сүйрегенмен,  
Амал жоқ белім сынық күйрегенмен.  
Амалсыз өмір сүрген қара халық,  
Тағы да осындағы жүдеген мен.

Мен айттым бойымдағы асылымды,  
Болмаймын елге таба жасырынды.

Қылықтары шенділердің ұнамай тұр,  
Өз елін өздеріне қасы қылды.

Біз емес пе кешегі «бостанық» деп ұрандаған,  
Қарашы. Уа! Шенділер тура маған.  
«Ар» да жоқ, ұждан да жоқ, ұят та жоқ,  
Бұл надан халқын қалай сыйламаған.

Шекпені шенділердің түзу бүгін,  
Олардың аражігін бұзу қиын.  
Біріккен бір-бірімен жең ұшынан,  
Шешілмес мұныменен даулы жиын.

2008 ж.



## ЖИЫНДАР

(приватизация кезінде)

Өгіп жатыр жиындар,  
Жері жоқ одан тиылар.  
Бытыр бар да,  
Биыл бар  
Ау жиындар, жиындар.  
Сөз сөйлейтін бұйымдар,  
«Тақ, тақ» – деп  
есептейміз екшелеп  
келіп қалдық.  
Американы өкшелеп  
Ағайын туыс бәріміз,  
Түзеліп келеді сәніміз.  
Ау жиындар, жиындар,  
Лақтырыңдар тиыңдар  
Итке берген сүйектей,  
Хлықты солай тиыңдар!

*Жүрек қалыуы*

1997 ж.



## ОЙҒА ТҮСКЕН ШУМАҚТАР

---

Не нәрсеге өзің дүр,  
Қарашы соны ойлап бір.  
Толықсып ойың жеткенде,  
Кердеңсіңбе шеттенбе.  
Кішіпейілдік танытып,  
Ет ақылды бет перде.

Бала-шаға бәрі де,  
Тіршіліктің қамында.  
Аралас-құралас ағайын,  
Қолыңда дәулет барыңда.

Тозған елдің басына  
Азған келер,  
Біраігі бар елдің басына  
Озған келер.

Ар мен намыс ақылдас,  
Білсең оны жақын бас.

Мұғалім деген халық бар,  
Оны сомдар қалып бар.  
Білім теңіз бұлағы,  
Оны игерген қалықтар.

Жетім қозы тас бауыр,  
Қолыңды қалай сермерсің.  
Көтермесең тас та ауыр,  
Шеріңді кімге шертерсің.

Өстіп жүріп бір күні,  
Көз жұмарсың бітерсің.



Таң боп атпас түнекке,  
Мәңгілікке жетерсің.

Көңіл шіркін тәттісі ай,  
Өткенді ойлап не етерсің.

Өмірімнің ащысы ой,  
Өкси-өкси кетерсің.

Көңілім жас шал болғым келмейді,  
Өмір лас міңгірлеп жерлейді.  
Азап пен тозақтың арасы,  
Жүгім көп жүрісім өнбейді.

Ағайынның көптігінен не пайда?  
Туысқа мойын бұрмаса.  
Жеріңнің кеңдігінен не пайда,  
Еліңді іңдет торласа.  
Іңдет емей немене,  
Қызыңды жат жұрт қорласа.

Жан айқайын жүректің,  
Күші дейді-ау білектің.  
Бейшаралар солар ғой,  
Махаббатсыз тілектің.

Байлық кімнен қалмаған,  
Надандық оны жалмаған.  
Арам біткен мал-мүлік,  
Көкірегін шерлеп торлаған.  
О да өтіп дүниеден,  
Қия алмай байлық зарлаған.

Билік кімнен қалмаған,  
Кедейді сорып жалмаған.  
«Әділдігін айтам» деп,  
Шешімі оның байтал деп.



Әжесінің құнындай құн сұрап,  
Қараны талап зорлаған.

Бармын деп бауырым астанба,  
Бір тосу бар асқанға.  
Жолым оңды болсын деп,  
Жомарттық қыл басқаға.

Асылыңды ардақтап,  
Жүрші жаным бағалай.  
Жүрген көп қой жалғанда,  
Досты досқа санамай.

Дос болсаң сондай бол,  
Достыққа берік бол.  
Алысқан қолыңмен,  
Досыңа серік бол.  
Дос деген сөз қымбат,  
Достықта болмас жат.  
Біреумен болдым дос,  
Әрі ықылас, әрі жас.  
Көңілге риясыз,  
Достыққа біздер мас.

Көлкісе сіздің көңіл бір,  
Емін таба алмассыз.  
Жалғаулы жұрнақ өмір дүр,  
Қапылыста қалмассыз.

Шықсаң сыртқа, саябыр,  
Алып ұшар денеңіз.  
Ойыңыз ауыр, қайда бір,  
Жүрекке сонда көніңіз.

Алла деген асыл сөз,  
Адалдықтың белгісі.  
Ізгі ниет, жақсы іс,  
Адамдықтың белгісі.





Жүрсек те ұлы сөздің базарында,  
Қараймыз кейбір жанның ажарына.  
Түймедейді түйедей еткен сайын,  
Көнеміз көңілшектің тозағына.  
Ісі бар ажарының беті қайтпас,  
Қолда билік, шені бар екі айтпас.  
Басыңды қанша ырғап көтерсең де,  
Өз еркің өз жанарын бір мұқалтпас.

Жүрмейік біз түсінбей,  
Бұл өмірдің қасиетін.  
Болған соң өңкей төре,  
Табынарың бас иетін.

Қадірлі жан досым,  
Ерекше бір басың.  
Өмірге құштарлық,  
Табысар жалғасын.

Сырымды ұғарсың,  
Жырымды ұрарсың.  
Бойыма тағатын,  
Талисман тұмарсың.

Біреу едім екеумін,  
Екеу едім төртеумін.  
Аллам берген несібем,  
Ағайын оған не етермін.  
Қызғаныш етпе тарылма,  
Қанағат ет барыңа.  
Сендей жақсы табылмас,  
Мендей адам бағына.

Адалдықтың ала жібін арқалап,  
Бойымдағы күш жігер мен бар талап.  
Сәулесіндей жарық дүние көзіңіз,  
Жүріп келем, жүріп келем,  
Бір заңғарды жағалап.



Сенсіз өмір маған тұйық қараңғы,  
Сенің орның бөлектеніп тұрады.  
Жүрегімді жерге сүйреп қор етпей,  
Көрсетсеңші дөңге шығып қараңды.

Анам ба?  
Әлпештеген бесігімде  
Жүрдім бе?  
Әлде кімнің есігінде.  
Ер жеттім еркеледім,  
Құлын тайдай.  
Дос таптым туыс таптым,  
Өсе келе.  
Пәк жаным,  
Пәк күйінде қала берді.  
Білместен түсінбестен,  
Есем кімде?

Айналайын балам бізді ойла,  
Самайға түскен күзді ойла.  
Кердең қағып жүре алмай,  
Бетті елге бұра алмай.  
Отырған мына шал-кемпір,  
Бұрынғы өткен күнді ойла  
Ойлан балам соны ойла.

Ақылым менің жан балам,  
Көңілімде менің алаң бар.  
Алдыңда сенің анаң бар,  
Тілімді алсаң жан балам.  
Арыңа таза берік бол,  
Ұрпағыңның жалғасы.  
Жарыңа әр кез серік бол,  
Өзің өскен ұяңа.  
Кір келтірме,  
Шығар биік қияңа.



Біз біздерміз,  
Біздің жұмыс жаз дерміз.  
Жаз шыққанда күз дерміз,  
Күз басталса қыс жақын.  
Туысты қашан іздерміз,  
Осылай көмәш опыып  
Қалмайық туыссыз сопыып.

Ақын да емеспін ақындыққа,  
Жақын да емеспін.  
Жазамын кейде,  
Құшағына еніп ап.  
Өмірдегі ойда қалған,  
Болымсыз бір елестің.



Киелі аруаққа тиіспе,  
Киесі сені атады.  
Иелі адамға тиіспе,  
Иесі сені атады.  
Сумақай білек суық қол,  
Айтып айтпай немене  
Жаныма жаман батады.

Асыл дегенім бор екен,  
Бар дегенім жоқ екен.  
Аққан терім маңдайдан,  
Өмірімнің соры екен.

Аққа қара жұқпайды,  
Әділдіктің бір заңы.  
Сыйласпасаң туыспас,  
Ұрпағыңның бағбаны.

Пайымдап байқап қарашы,  
Болмастай ешкім таласы.



Қанша екенін өлшеп көр,  
Жақсылық пен жамандық арасы.

Санаң жеткен жерді санаңмен ұқ,  
Санаң жетпеген жерді данаңмен ұқ.

Арам пиғыл торламасын алаңды,  
Қатыгездер қорламасын адамды.  
Жүгінелік әділеттің заңына,  
Парақорлық былғамасын даламды.

Терең ойлап өлшеп піш,  
Не бір іс істесең.  
Таңғажайып ол бір түс,  
Мәрмөр тасты қашасаң.

Алпыс жасты жас деме,  
Ақылы азды бас деме.

Арманы бар адамның асары биік

Есек дәмді адамда,  
Келешек сірә  
болар ма.

Ақыл айтсаң наданға,  
Тыңдар құлақ  
Оңар ма.  
Ессіздің қолы жағаңда  
батырмын дер табанда

Басшы жоқ басқаратын  
арын сатпай  
Ерім жоқ еркін жүрер  
жанын сатпай  
Бәрі де алдау арбау  
қорғансыздық



Күтісіп көп төрені  
жүрер баптай.

Талап еңбек зор бақыт,  
Онсыз көңілің болмас шат.  
Ақыл, кеңес, арлы іс,  
Келер жанға қос қабат.

Мешеу болдық кеш ояңдық,  
Ештеңені ескермедік.  
Төбемізде жәй ойнатты,  
Тұла бойға ол байлапты.  
Ұлы тілін қадап-қадап,  
Аңыздағы Фархад соққан гүрзідей.  
Отандас деп жанжолдас деп,  
Астымызға көпшік қойып.  
Басымызға жастық қойып,  
Құрша мақтап.  
Өтірікті жүңдей баптап,  
Жерімізді ойран салып  
тілгілеп.  
Тілімізді, дінімізді оқыс сөзбен сүргілеп,  
Надандықтың кигізді бар қалпағын.  
Тағдыр өтті заман жетті,  
Жаңа заңмен қаруланып.

Бауырым қазақ топты жарып,  
Жүрміз қазір көкті шарып.



Әкемді менің силаңдар,  
ол тірі, әлі өлген жоқ.  
Мен білсем бірақ өмірге  
өлгендер қайтып келген жоқ.  
Әкемді менің силаңдар,  
мәйітін көзім көрген жоқ.  
Тірі жүрген әкелер



еншісін жерге берген жоқ.

Әкемді менің силаңдар,  
ол кетті сұрапыл соғысқа.  
Аза тұтпай жинаңдар,  
өмір берді ол туысқа.



Кеше ғана ағып жатқан  
бұлағым,  
ғайып болдың өзгеріп те  
тұрағың.  
Өмір дария өткелі көп  
қарағым,  
сол өткелді қайдан іздеп  
табарсың.  
Тапсаң жақсы өмір гүлін  
игеріп, өркендетер  
ер жігітті игілік.  
Отан – анам «қазағым» – деп  
танып,  
Жиылмай жатқан  
жүгімізді жиыс кеп.  
Сонда әкең  
риза болар  
ұлына, қадағандай,  
Бір жұлдызды  
туына.

1977 жыл



# Өмір беттері

## КҮТІП ЖҮРМІН КЕЗЕГІН

Жырымды жазам ана деп,  
Бістың қой ана құшағы.  
Сағынсаң ана келер ең,  
Жолыңды кімдер тұсады.

Оянсам күнде ұйқыдан,  
Әлдин сезем ананың.  
Жаратқан Алла «ана» – деп,  
Жерімді, аналап құшамын.

Бойыма біткен байлығым,  
Сенің ықылас сезімің.  
Түйіршігімін өмірдің,  
Қарашығындай көзіңің.

Аналаған сезімім,  
Жаным неге жаралы.  
Ұлыңнан қалай безіндің,  
Неге егтің жоралғы.

Қартайғанда тірегің,  
Болмас па едім анашым.  
Оралғанда білегің,  
Толмас па еді анашым.

Менен алыс кетсең де,  
Жақыңдығын сеземін.  
Ашылар деп бет перде,  
Күтіп жүрмін кезегін.

Мүрек қалсауы



## АНАҢДЫ КҮТ АДАМДАР

---

Қанды қырғын далада,  
Кіреуке киген аналар.  
Мойнына қылыш асынып,  
Қорғаның болған аналар.

Ұрпақ жайып жеріңе,  
Сені тапқан аналар.  
Түзетіп сәби бесігін,  
Елдігің болған аналар.

Заманның өтпелі кезінде,  
Ардағың болған аналар.  
Бақыт сыйлап үйіңде,  
Жан-жарың болған аналар.

Анаңды күт адамдар,  
Сорлап ана қалмасын.  
Анаңды күт адамдар,  
Көзіне ана жас толмасын.

Бұл дүниеден өтсе де,  
Анадай адам болмайды.  
Қанша жақсылық етсең де,  
Анаңның орны толмайды.

Анаңның айтқан ақылы,  
Көкірегіңе нұр себер.  
Анадан артық жақының,  
Ойласаң олай құр, бекер.





Ана деген асылың,  
Өмірдің ол тірегі.  
Сені аймалар шырағың,  
Ананың ғана білегі.

Асылдың болмас қадірі,  
Сыйламасаң анаңды.  
Анаңды күт адамдар,  
Сал да қолда барыңды.

*Мүрек қалауы*



## ҰНАРСЫҢ БАЛАМ, ҰНАРСЫҢ

---

Ұнарсың балам, ұнарсың,  
Сөзімді менің ұғарсың.  
«Жоқ» деген сөзден аулақсың,  
Бетіңді бізге бұрарсың.

Таза туған баласың,  
Тазалықты қалап аларсың.  
Үйімде менің гүлім бол,  
Жаңдандырар шаласың.



## КҮЗ ДЕ КЕРЕК АДАМҒА

Көшкен сайын кітаптарым сирепті,  
«Жиырма бесінші көктемге» ешкім тимепті.  
Түмекеңнің осы кітабын қолға алып,  
Қарап шықтым оқыдым да бар бетті.

Содан маған ниет бітті жазуға,  
Жетпіс бесті артқа тастап қазуға.  
Даярландым жиырмадағы жігіттей,  
Тозуға емес қайта түлеп озуға.

Көп ақтардым кітабыңды Тума аға,  
Күздеріңді ардақтаймын айналмаған тұманға.  
Өйткені ол менің туған күзім ғой,  
Сіз сияқты көктемде емес жан аға.

Күздің дағы көп қой жанға әсері,  
Тербеледі сәби жанның меселі.  
Беру үшін өмір сыйлап адамға,  
Күзде керек не дүниенің әсемі.

Күзде пысқан дәніміз де мықты ғой,  
Ұн иленіп нан болып бізге шықты ғой.  
Бойымызды тоңдырмайтын тон тігіп,  
Күздік жүнін қойлардың да қырықты ғой.

Қыс қыстауын даярлаймыз күзде біз,  
Жылынып бір жүру үшін сіз бен біз.  
Тамақтың да не асылын аламыз,  
Аман-есен шығу үшін қыстан біз.

*Жүрек қалауы*



Құмартамыз күзгі жапырақтың түсіне,  
Алтын күз деп аталады өзі де.  
Күздің күні қоймаларды толтырып,  
Шаруалар да кіріседі ісіне.

Күзде керек берік болып өсуге,  
Өлмеу үшін төзім керек кісіге.  
Күзде менің күш қуатым артады,  
Керек болар ол да кейде бөсуге.

Күзде туған менің жаным мықты ғой,  
Аман-есен балалықты ұмытты ғой.  
Салқын суым, салқын ауам ол қажет,  
Шынықтырып денемді де шықты ғой.



## ЖАҚСЫНЫ ЖАҚСЫ ДЕП БІЛ ШАМАҢ КЕЛСЕ

Жаманмен жолдас болмақ  
өмірге сын,  
Тағады ол жаман атақ  
көңілге сын.  
Болмасты болдырам деп  
әуре болма,  
Мысалы: өзгермейді  
күн менен түн.  
Түзелмес қисық ағаш  
еккенменен,  
Егін шықпас сортаңға  
сепкенменен.  
Өмірдің бар қызығы  
өтпелі ғой,  
Ақыл ойың мұқалмас  
кәрілік жеткенменен.  
О, заман даналардан  
қалған сөз бар,  
Өлшенбес адам рухы  
шекпенменен.  
Жақсыны жақсы деп біл,  
шамаң келсе,  
Жаман адам жақсармас  
қанша тер төккенменен.

*Жүрек қалауы*



## ОЛЖА ЕМЕС ПЕ, НЕСІ АЙЫП?

---

Қызғаныш билеп ішіңді,  
Өзгертпе жаным түсіңді.  
Өзгертсең жаным түсіңді,  
Алға да баспас ісіңді.  
Жоғалтып ақыл, арыңды,  
Етерсің тәркі барыңды.  
Қызғаныш деген қызыл шоқ,  
Күйерсің де жанарсың.  
Дүние шіркін бәрі «боқ»,  
Өткеніне наларсың.  
Ақыл, айла, іскерлік,  
Еңбек ет те бәрін ұқ.  
Еңбек түбі зейнет деп,  
Халқың айтқан нақылы.  
Көре алмайтын көр соқыр,  
Болмасын жаным жақының.  
Есің барда бәрін біл,  
Оқы, үйрен, алсаң тіл.  
Сөнген шоқтан не пайда,  
Өнер, білім ол қайда?  
Бос жүрісті қояйық  
Адал жолға барайық  
Еңбекпенен тапқан мал  
Олжа емес пе? Несі айып



Өр мінез, өрге сүйреп  
 Жақсы мінез  
 Болмасын көкрегінде  
 Тапшы мінез  
 Мінез бар кейбір жаңда  
 олпы-солпы  
 Ойлаймын бұл мінезді  
 бақсы мінез.  
 Өмірді сүру үшін  
 талғам керек.  
 Мінсіз қып, мінезіңді  
 таңдау керек,  
 Жақсының айтқан сөзін  
 миға тоқып,  
 Өмірді сүру үшін  
 барлау керек.  
 Алланың сүйіктісі  
 қыз мінезді,  
 Болады ол, инабатты  
 көркем сөзді.  
 Жаныңды жадыратар  
 талғамы үлкен,  
 Өзіне әуес қылар  
 сіз бен бізді.  
 Мінездің біз білмейтін  
 сырлары көп,  
 Адамның адамменен  
 қырлары көп.  
 Жаныңда өз мінезің  
 өз өзегің,  
 Ақындар осыны айтып  
 жырлайды кеп.

*Жүрек қалауы*



Мінез бар бой бермейтін  
долы мінез,  
Топастық бойға біткен  
сорлы мінез.  
Долданса: жер мен көктің  
арасында,  
Найзағай ойнатады  
жанады тез.  
Адамда болмаса екен  
мұндай мінез,  
Тілеймін баршаңызға  
маңдай мінез.  
Қайтымсыз бұл мінезді  
құптамаймын,  
Айналып құйынға ұқсап соғары тез  
Білгенімше мінездерді.  
шарлап өттім,  
Жаратқан бір Алланың  
болмысы артық,  
Арманы осы болар  
жаппар көптің.





## МЕН ӨЗІМ

---

Мен өзім бір  
қазақтың  
қара шалы,  
Өзгеден  
ерекше бір  
дара шалы.  
Туғаннан  
тумысым кем  
ата жайсыз,  
Болғаннан  
боларым көп  
шала шалмын.  
Кір жуып  
кіндік қаным  
төккен күні,  
Әкеміз аттаныпты  
қанды ұрысқа  
сол, күн түні.  
Ұрпақ бар  
үлкендерден  
оларда жоқ,  
Қосылар  
оларменен  
амал да жоқ.  
Тілеймін  
бір Алладан  
аманшылық,  
Езілген  
сабындай ғой  
дүние бақ.

*Мүрек қалыуы*



Біреуге  
кейде жүрген  
қорғандайсың,  
Есіріп  
есек мінген  
далбаңдайсың.  
Көкірекке  
шер боп қатқан  
сол бір мерез,  
Жұртыңды  
жау алғандай  
оңалмайсың.  
Жастықтың  
балалықтың  
арманы жоқ,  
Айтылған  
бұл сөзімнің  
жалғаны жоқ.  
Ер болдың  
есер бодың  
еркеледің,  
Сол заман  
сол бір кездің  
болғаны анық.  
Аңсайсың  
армандайсың  
достығыңды,  
Тай, құлыңдай  
тебіскен  
жастығыңды.  
Не пайда  
ойлағанмен  
өтті, кетті,  
Кәрілік  
жетпіс келді  
бізді күтті.



## ІЗДЕП КЕЛЕМ

Жүріп келем көшеде,  
Жүріп келем.  
Таныстарды іздеймін,  
Көріп келем.  
Жас кезімде жолыққан  
қайран ару,  
Кемпір болдың мінеки  
біліп келем.  
Іздеп келем сендерді,  
іздеп келем,  
Жаз өтсе де айналып  
күз деп келем.  
Ай еркесі  
ғашық болған  
сұлуларды,  
Тапжылмастан  
таң атқаннан  
іздеп келем.  
Іздеп келем сендерді,  
іздеп келем,  
Достарымды түгендеп  
жүз деп келем.  
Көре алмай  
жарқын жүзді  
ақ ниетті,  
Жүрегім қанжылайды  
мұздап келем.  
Арқалап қу өмірдің  
тауқыметін,  
Мен дағы қолда таяқ  
сыздап келем.  
Іздеп келем сендерді

*Мүрек қалауы*



іздеп келем.  
Мұңмен қайғы тоғысқан  
«күз» деп келем,  
Жадырар күнің бар ма  
арылатын,  
Шер тарқап бір-бірімізді  
сіз деп келем.



## ҚОРЛАМА

Өлгенде  
жаназамды  
өзің шығар,  
Оларды  
аулақ әкет  
жемтік құмар.  
Аллаға  
шын ниетің  
дұрыс болса,  
Жұмақта  
қадір тұтар  
болар мұнар.  
Алланың  
мен пендесі  
өлшеп басқан,  
Жерім жоқ  
адалдықтан  
аттап басқан.  
Топастық,  
тоң мінездік  
ұры-қары,  
Бойыма  
дарымаған  
бала жастан.  
Сол себеп  
арам ниет  
торламасын,  
Денемді  
кіршіксіз пәк  
қорлаамасын.  
Алланың  
бір өзіне  
мен тапсырдым,  
Ақиқат таразысы  
болары шын.

*Жүрек қалауы*



## ДОС КӨҢІЛІ

---

Дос көңілі  
ақшаға  
сатылмайды,  
Шынайы дос  
оққылықты  
жасырмайды.  
Достықтың  
өзі күміс  
сөзі алтын,  
Алтынды  
білгір ұста  
шашылмайды.  
Зергерлеп  
сөз алтынын  
нақыштасаң,  
Досың түгілі  
дұшпаның  
басы байлы.



## БАЛА КҮНГІ ДОСЫМ ҚОНЫСБЕККЕ

Өр кеуде,  
өрлей біткен  
көкірек,  
Кәрілікке  
мойын ұсындық  
бекім ет.  
Ыстық жалын  
жастық шақты  
таба алмай,  
Асқарынан  
асқар таудың  
есер леп.  
Салқын лептің  
сонау ескен  
самалы,  
Аңсайды екен  
аңсайды екен.  
Балалық шақ  
нөпір өскен даланы,  
Сол далада  
қалды менің  
ақ жарқын  
Қимас дос  
небір сәтті  
өткізген.  
Тізгініне  
балалықтың  
байлап-ап,  
Арманына  
келешектің  
жеткізген.

Жүрек қалауы



## ТОЙ

---

Той, той жиын той,  
Бой көрсетер ұлы той.  
Тойда думан шаттығың,  
Қызығың да бақ күнің.  
Тойда туыс жолдасың,  
Береке бірлік бір басың.  
Тойда құрған салтанат,  
Қимас сенің құрдасың.  
Тойда айтылған тілектер,  
Сүйсіндірген жүректер.  
Той тойламай қалмайық,  
Болғаннан соң бойға лайық.  
Ата-баба дәстүрін,  
Әрі қарай жалғайық.  
Тамашалап жыр құдіретін тыңдайық,  
Қыз бозбала  
Жиын тойдан қалмайық.

1978 ж.





## ҚАЙДА КЕТТІҢ БАЛА КҮН?

Бір орнында жанары,  
Жүрек оттай жанады.  
Еске түссе сол бір шақ,  
Шар тарапта талады.

Әттең дейсің пақырым,  
Күтесің бе ақырын.  
Көрілік жетті тым-тымдап,  
Қоштасар кез жақыным.

Талдан иген садағым,  
Сынып бітті сағағың.  
Ажырамастай дос едік,  
Қайда сенің тұрағың.

Асыр салып ойнаған,  
Ойынға бір тоймаған.  
Шыбық мініп ат қылап,  
Шалғынды төске байлаған.

Қырмызы гүлді жұлып ап,  
Қызығына тойып ап.  
Жүрген шағым бал шағым  
Жұртқа сырды жайып ап,  
Қайда кеттің бала күн?

Мұң арқалап кеттің бе?  
Жыр арқалап кеттің бе?  
Барар жерің балқан тау,  
Соған барып жеттің бе.

*Жүрек қалауы*



1987 ж.

## ТАП БОЛДЫМ БІР АУРУҒА

---

Өлең ауру, өлең сор,  
Жақындама ол сорға.  
Түсім де де өңімде,  
Тап болдым бір ауруға.  
Жаным тыныш таппайды,  
Ішкен асым батпайды.  
Алас ұрады бойымда,  
Қызық боп жүр ойымда.  
Ұйқым ды да қимаймын,  
Бірақ оны сыйлаймын.  
Қолыма алып қаламды,  
Сөз өрнегін торлаймын.

2013 ж.

-----  
Шіркін қазақ халқын-ай,  
Алтын діңгек салтын-ай.  
Қошеметшіл бірлікшіл,  
Дүбірлеткен даңқын-ай.

Ұлдары асқақ толқын-ай,  
Қыздары сұлу жарқын-ай.  
Белдерін бекем байлаған,  
Жүр өне істе тартынбай.

Келешек ұрпақ қамы үшін,  
Елінің әрбір таңы үшін.  
Аянбайды бұл қазақ,  
Жігерін сілтеп бар күшін.

2003 ж.

## ДОСТЫҚ ТУРАЛЫ

Адал достың арқаны ұзын болашақтың,  
Жүрісіндеі міні жоқ тамаша аттың.  
Саябырсымай жорғалайды тынымы жоқ,  
Болмайды оған тұсау айла шарқы қаспен жаттың.

Мен өзі достықты осылай бағалаймын,  
Туындай қолға ұстаған Хан Абылайдың.  
Жаным жат тұрлаусыз жолдастыққа,  
Білсеңіз менің міне жаным жайын.

Достық ол ажырамас адам көркі,  
Өлгенше үзілмейтін болар серті.  
Шынайы ықыласпен таң атырған,  
Не жетсін болғаннан соң ойда еркі.

Адалдық, ар мен намыс туыстас қой,  
Пендеміз болғаннан соң құс басты ой.  
Санаңа сіңіретін асыл дертің,  
Болмаса тұрақтамай көрсетер бой.

*Мірзеқалиұлы*

2010 ж.



## ОН СЕГІЗ ЖЕТІМ

---

Әйелсіз өткен күн жетім,  
Баласыз сонар зор жетім.  
Әкесіз бала құр жетім,  
Анасыз бала сор жетім.

Теңізді таппасаң сен жетім,  
Теңіздікті көрген ел жетім.  
Аққу, қазсыз көл жетім,  
Саласыз өзен ол жетім.

Самғап бір ұшқан қанатың,  
Қатаймаса сен жетім.  
Саясыз ағаш сол жетім,  
Санасыз өскен ұл жетім.

Саңлаусыз жеткен қыз жетім,  
Айтылмаса сөз жетім.  
Тартылмаса күй жетім,  
Есі кірмесе ой жетім.

Шабытсыз ақын бұл жетім,  
Думансыз өткен той жетім.  
Дүбірлі еңбек болмаса,  
Салалы байтақ жер жетім.

Елінде құлдық заманның,  
Тақсірет тартқан бар жетім.  
Баласы ғой ол да адамның,  
Болады неге сол жетім.

Аттан замана ұрпағы,  
Болмасын жерде бір жетім.  
Ақталсын ана топырағы,  
Теңдік ал теңел бар жетім.

2004 ж.



## ҰЙҚЫ

Ұйқы деген албасты,  
Оңдырмас ол кәрі жасты.  
Тебініп келіп жалқауға,  
Табар одан жолдасты.

Арыңды айрандай төгетін,  
Сілкілеп жер қып сөгетін.  
Арсыз неме аулақ жүр,  
Біз емес саған көнетін.

Ұйқы менен жалқауылық,  
Тең етіп оны қоямын.  
Шыбық алып қолыма,  
Шықпыртамын соямын.

Білсең мені ағайын,  
Тиіп кетсе таяғым.  
Оңдырмайды ондайды,  
Қайталанбас баяғың.

Ақыл айтар кезім бұл,  
Тасалама көзін құр.  
Адал ниет ақ пейіл,  
Айналаңда толып жүр.

*Жүрек қалауы*

1990 ж.

## КӘРІЛІК-БІРЛІК

---

Кәрілік ентелеп,  
Езіліп, еркелеп.  
Босаңсып буының,  
Әлжуа тартасың.  
Құлақта шуылың,  
Жоғалған ду үнің.  
Байқаймын таяқ-па,  
Әл де жоқ аяқта.  
Еркектің намысын,  
Сауғалар жан ісің.  
Өмірде тірлік,  
Кетсе де біріліп.  
Жүрмесің жетісіп,  
Жастықпен кетісіп.  
Аңсайды тоймайды,  
Несібесін ойлайды.  
Баяғы бұрынғы,  
Әдетін қоймайды.

2010 ж.

---



## ОЙҒА ТҮСКЕН ШУМАҚТАР

---

Ойымды неге бөлесің,  
Ашылмаған бір хат бар.  
Ақтарсам кітаптар сөресін,  
Қолыма алып сол хатты.  
Оқимын да таң қалам,  
Іздеп тауып сол хаттан.  
Не бір сөздің төресін,  
Болса деймін ылайым.  
Мереке қызыц, берекең,  
Жалбарынам тәңірге.  
Берік болсын деп бар ірге,  
Шайқалмасын шаңғырақ  
Жасың менен көріңде.

*Жүрек қалауы*



## ЖОЛДАС БОЛДЫМ ТАЯҚПЕН

---

Ызғар түсіп аяққа,  
Маңдайдан суық өтеді.  
Қолымдағы таяқта,  
Сүрінбесең не етеді.

Дос болдық екеу бір күні,  
Бір күнім мыңдап келдің бе.  
Сен бармайтын жер қалмай,  
Бірге өмір сүрдің бе.

Басыңда жоқ жалаңаш,  
Мен сияқты тоңбайсың.  
Тебінгі жеңіп өзіңді,  
Жұқаруды қоймайсың.

Мен де бітермін бір күні,  
Сен де бітерсің бір күні.  
Дүние жалған, қысқа ғой,  
Қимас бізге артық бір түнді.

2009 ж.





## ЖІБЕРМЕЙМІН ЕРКІНЕ

---

Өлшеп басып қадамды,  
Сарғайтатын санаңды.  
Заман озып біздерден,  
Сақал шашым ағарды.

Дәтке қуат ылайық,  
Бойымда күш бар әлі.  
Тізгін бермей еркіне,  
Жүремін мен серпіле.  
Өзімді-өзім жұбатып,  
Желмен есіп желпіне.

2001 ж.

*Жүрек қалауы*



## БАСЫМДЫ САҒАН ИЕМІН

---

Шалғынды, шалқар беткейім,  
Өзіңнен алыс кетпейін.  
Досымды әр кез түгендеп,  
Асуына арман беттейін.

Өзіңмен өткен көктемім,  
Шуағын алғаш сепкен күн.  
Жазылып жанымның жарасы,  
Жылытып жерді төккен нұр.

Даламды көркем сүйемін,  
Басымды саған иемін.  
Ыстық қой маған әр кезде,  
Самалды кештер өткен күн.



## СЫРМАҚ

Бұл сырмақ  
анамның  
көзі еді,  
Оюлап пішіп,  
жиектеп тіккен  
өзі еді.  
Қолында киіз басар  
жүнде жоқ,

Бар болғаны  
екі қойдың  
жүні еді.

Тірнектеп жинап  
жүндерін,  
Мойнынан аққан  
тері еді.  
Шамасы болар  
бес жылда,  
Киіз басар  
жүн еді.  
Қылышқтап түтіп  
бұл жүнді,  
Киіз басты  
жөңдеді

Бірақ бәрі  
қара қойдың  
жүні еді,  
Айырбастап шамасын  
ақ жүнге.

*Жүрек қалауы*



Бір сырмаққа  
тең еді,  
Ойыстырып оюлап,  
қиыстырып, қиюлап  
Әшекейлеп әлпештеп  
тікті анам  
маған арнап  
Шуда жіппен  
артқа салып,  
Талай күндер  
айлар өтті.  
Сырмақ бітті  
Жарқыратып  
Астыма әкеліп  
Салып берді  
Жүрмесін деп  
ұлым менің  
шеткері.  
Міне содан  
ширек ғасыр  
уақыт өтті,  
Анашым да  
о, дүниелік  
болып кетті.  
Менің ұям  
ер жетті  
бала өсті,  
Сәби ұрпақ  
қанаттанды  
ұяларын  
кең салды  
олар дағы  
мен алғандай  
енші алды.

## ЖІГІТТЕР ОЙЛАНЫҢДАР

---

Бауырым бар,  
Әлде жын ба әлде сайтан.  
Істеген ісімменен  
сөзін айтам,  
Шараптың қызуына  
түсіп алса.  
Жүреді олай-бұлай  
тойтаң тойтаң,  
Әйтпесе жақсы жігіт  
сөзі мығым.  
Өзім деген адамға  
берер ығын,  
Жігіттер ойланыңдар  
ақыл «дана».  
Дананың сөзін ұғып  
ісін сына,  
Әлде қалай арамыздан  
заман озып,  
Болармыз бәріміз де  
жерге пана.

*Жүрек қалауы*

2003 ж.



## БІЛГІР ТӘУІП ТОЛЫП ЖҮР

---

Арамызда  
білгір, тәуіп  
толып жүр,  
От боп жанбай  
бықсық шала  
болып жүр.  
Өтірікті өрге  
сүйреп  
бет-беттеп,  
Үй артында  
маңайында  
торып жүр.  
Алсам дейді  
жұлсам дейді  
шетінен,  
Ар намысты  
таптап, басып  
бетінен.



2001 ж.





## ӨСЕКШІ

---

Жеңіл ауыз  
                    желпілдек,  
Өсек құмар  
                    адам бар.  
Жүреді ол  
                    елпілдеп,  
Керек болса  
                    тыңдаңдар.  
Өзіңді айтып  
                    басқаға,  
Іліп алып  
                    құлақ деген  
                    таспаға.  
Табатындай  
                    олжаны,  
Бөліп жердей  
                    қалжаны.

Тұрақтамай  
                    бір жерге,  
Сырғақтайды  
                    таяғы.  
Жеңіл басып  
                    аяғы,  
Сөзді теріп  
                    есесін алып баяғы.  
Екіншіге  
                    жөнелді,  
Соны жырлап  
                    сырыңды ұрлап.  
Тағы кетіп  
                    барады,





Көзі шалып  
іліне ме деп  
бірдеңе.  
Оны даттап  
болады,  
Құмар әбден  
қанады.  
Шағыстырып досыңды,  
Әуреге салып  
басыңды.  
Күліп ойнап  
желпілдеп,  
Әне кетіп  
барады.

*Мүрек қалауы*



## ОСЫЛАРДЫ МЕН АЯЙМЫН

---

Өтірік, өсек-аяң  
көрге сүйрер,  
Басыңды  
өрте отырған  
жерге сүйрер.

Адалдық,  
қайран достық  
қиянатсыз,  
Орныңды  
босағадан  
төрге сүйрер.

Адалдың  
арқаны ұзын  
деген, сөз бар,  
Осыны түсіне ме  
кейбір мұңдар.

Жаныңды ауырғады  
жаралайды,  
Қап-қаптап  
өсек жиған  
сондай қулар.

Адалдың  
арманы көп,  
айтары көп,  
Барады  
өсек аяң  
ішімді жеп.

Бар болсаң  
бұл ағайын  
көре алмайтын.



Жоқ болса,  
қолың қысқа  
бере алмайтын.  
Бірақ та  
осыларды  
мен аяймын,  
Бейшаралық емес пе  
шындыққа  
баға беріп  
жеңе алмайтын.

*Жүрек қалауы*



## ДОСЫМА СӨЗ

---

Сағым болып жүрмеші,  
Шатастырып ойымды.  
Досыңды сөгіп күлмеші,  
Білмейтіндей жайымды.

Опасыз ол тұрлаусыз,  
Сағым бұлты аспанның.  
Үзбейік достым «алас» - қып,  
Беріктігін таспаның.

Шынайы дос ажырамас,  
Құндылығы өмірдің.  
Дүние боққа қарамас,  
Мәрттілігі көңілдің.

Тұрлаусыз достық болмасын,  
Аллам маған қосқаның.  
Ойымды жалғап жіберші,  
Жетегіне ермей басқаның.  
Ақырғы демім қалғанша,  
Денем мұздап салғанша.  
Досымды мен сыйлаймын,  
Көңіл толқып шалғанша.



## ТАБЫС КӨЗІ

Алас ұрған ойымды,  
Білсең достым жайымды.  
Көл көсір боп жүрер-ем,  
Сыйымды да тойымды.

Аллам маған бермепті,  
Тиімді бір еңбекті.  
Қол созамын талпынам,  
Орындау үшін міндетті.

Жүру керек әр кезде,  
Ілінбей-ақ көп көзге.  
Өзің үшін тап өнер,  
Тұңілме де сен безбе.

Сайтан ісі жоғалу,  
Іссіз жүру алдану.  
Табыс көзі еңбекте,  
Адамшылық қарману.

*Жүрек қалауы*



## АҒАЙЫМ ФАЙЗРАХМАНҒА

---

Сен кеттің мен қалдым күздей қуарып,  
Жаз едім ылғи, қалыппын мен де суалып.  
Орныға барсам, таба алмай бір тиянақ,  
Тұрады ол да, жетімсіреп құлазып.

Сен барда орным бөлек болатұғын,  
Осы кез шеткерірек «алатұғын».  
Сыймаймын жүрек мұздап басқа орынға,  
Болса да көп орындар баратұғын.

Сен менің таянышым ағатайым,  
Өтгің ғой бұл дүниеден жазатайым.  
Еркелеп келсем кімге назымды айтам,  
Болған соң басқалардан аулақ жайым.



## БӨБЕК ӘЛДИ

Әлди, әлди баласы,  
Әлдилеген анасы.  
Әлди көкем әлди-ау,  
Өмірімнің саясы.

Қайырмасы  
Әлди- Әлди- Әлди Әлди-ау,  
Әлди- Әлди- Әлди- Әлди-ау.

Бесікте жатыр әлдіім,  
Жақсы менің жәй күйім.  
Әлди балам әлди-ау,  
Бір сиын да, бір сүйін.

Әлди, әлди панасы,  
Дүйім жұрттың жағасы.  
Уана гой әлдіім,  
Елімнің боп данасы.

Әкесінің баласы,  
Ешкімнің жоқ таласы.  
Әлди бөбек әлди-ау,  
Емшек берем карашы.

*Жүрек қалауы*



## ДОСТАРЫМ...

---

Достарым менің көп-те едің,  
Арашаға түсе алмас,  
Әлде сендер жоқ па едің,  
Мен қиналып жатқанда,  
Есіктен сайрап кеп пе едің.  
Достарым менің көппе едің,  
Қамымды менің жеппе едің.  
Он жыл жаттым шырмауда,  
Өлі де, тірі де жоқ па едің.  
Достарым менің көп пе едің,  
Жалғыз-ақ жолмен жетпедің,  
Саған да араша түсе алмай,  
Алла-ау мұның не еткенің.  
Достарым менің көп пе едің,  
Жетер де жерге жетпедің.  
Тілеуің бір еді-ау азамат,  
Табысқа кенеліп шеттедің.  
Достарым менің көп пе едің,  
Аяусыз тағдыр не еткенің.  
Сайрауға тілің келе алмай,  
Сен де жатырсың теп-тегін.  
Достарым менің көп пе едің,  
Мақтауға құмар епті едің.  
Сұрай алмай халімді,  
Арзан достық шеттедің.  
Достарым менің көп пе едің,  
Ағайын-туыс жетпедің.  
Жетпіске келген шағымда,  
Пайдасыз дүние жоқ дедің.





Көп пе еді менің достарм,  
Аллаға тәубе еткенмін.  
Өсіп өнші ұрпағым,  
Келешегім менің шептерім.  
Көп пе еді менің достарым,  
Қиғулап жүрген жас шағым.  
Өтерде кетер дүние-ай,  
Бастарыңды неге қоспадым.

1996 жыл

*Мүрех қалауы*



## ӨЛГЕНІМ КЕЛДІ ТІРІЛІП

---

Жетпіске келген шағымда,  
Аллам қуат берген соң,  
Жасөспірім ұрпағым,  
Мені демеп жүрген соң.  
Баз өмірім жеңген соң,  
Жүрек жібіп қантамыр,  
Сыбызғы сырнай тартады.  
Босаңсып қалған көңілім,  
Мағынасыз болған өмірім.  
Шар шарапқа елеңдеп,  
Жамылғы сөзді желеңғып,  
Бойға қуат жиналып  
Көтереді көңілді.  
Биіктеп еңсем өрікпін,  
Жан-жарымды серік қып.  
Тағдырдың берген бақытын,  
Бөле-жара қызықтап.  
Туған-туыс бауырым,  
Емшектес менің тәуірім,  
Мені қолдап келген соң,  
Өлгенім келді тіріліп.  
Өмірімнің сыры ғып,  
Қамыққан көңіл басылды,  
Жүрегімнен шыққан жыр,  
Ақ маржан болып шашылды.

2009 жыл



## ӨКІНЕМІЗ ӨЛГЕН СОҢ

Өкінеміз  
өлген соң,  
Ақыл ойың  
жеңген соң,  
Бас бірлігін  
ойламай,  
Тіршілікте  
көре алмай.  
Бойда қуат  
болған соң,  
Ағайын күндес  
қазақта.  
Салып жүр  
талай  
азапқа,  
Соның бірі  
өзіміз.  
Көріп жүрсе де  
көзіміз, ойлатпайтын  
ақылмен,  
Алшақтатып  
жақынмен,  
Күндес қорлық  
ағайын,  
Жоқты, барды  
терген соң.  
Я өкінеміз  
өлген соң.

*Мүрек қаламы*



*2008 жыл*

## ӨМІРДІҢ ЗАҢЫ ОСЫЛАЙ

---

Дариядай көңлім көл көсір,  
Білсем дейді барлығын.  
Жанымда жоқ иелік,  
Туыстың көрдім тарлығын.

Әкеден қалған жалғызбын,  
Аймалар менің жайым жоқ.  
Аққудан білдім жалғыздың,  
Барары жоқ, байлау жоқ.

Өмір-ау, мені тоңғыздың,  
Жылынар жерім тағы жоқ.  
Күні құрсын жалғыздың,  
Болмаған соң жаның тоқ.

Жасымнан өстім жалқы боп,  
Көрмедім әке қадірін.

Бір бүтін емес жарты боп,  
Өтті осылай тағдырым.

Аллаға сонда не жаздым,  
Жетімдік көрдім сорладым.  
Көрмедім шуағын мен жаздың,  
Сонша неге қорладың.

Сыйына өмірдің сенбедім,  
Ортада қалдым сенделдім.  
Жаныма менің жоқшы боп,  
Аңсарым ауды сен келдің.



Болымсыз үміт оянды,  
Болмады ол да баянды.  
Алданыш қана бір елес,  
Бергендей едің саяңды.

Ол да аспады арыдан,  
Қолыңда жоқта барыдан.  
Елеусіз ғана туыстық,  
Жоқ жердегі жабыдан.

Өтіп жатыр көп күндер,  
Айларда өтті үдіре.  
Жылдарда шырқап барады,  
Уақыт тұрмас кідіре.

Жоқ жерден жоқты таппадым,  
Белгісіді іздеп бақпадым.  
Өмірдің заңы осылай,  
Жоғымды жоқтап жатпадым.

*Жүрек қалауы*



## ҰРПАҚҚА ХАТ

---

Достарым бар ақындықты қимаған,  
Оны ойласам өзім дағы қиналам.  
Бірақтағы пендешілік ойлар ғой,  
Жаман ойдан аулақ болам жиналам.

Шабыт бітіп, бойыма бір құдірет,  
Демеу етіп Аллама маған сыйлаған.  
Өлең болып сыртқа шықты жүректен,  
Тылсым күші кеудемдегі жырлаған.

Жақсы болсын, жаман болсын оңайын,  
Өлең отын маздатып бір жағайын.  
Достық сөзі, қастық сөзі бәрі-бір,  
Қамшылап бір өзімді, өзім сабайын.

Дедім дағы қалам алдым қолыма,  
Бағыштадым өзімді-өзім жолына.  
Өліп кетпей тірі тұрған кезімде,  
Жазып қалам ұстаған ой арманымды жадымда.

Келешекте аталайтын ұрпақ бар,  
Жазам соған, жазам соған көп хаттар.  
Солар білсе, мені көрсе арманым,  
Арманымды солар ұғып, сол жаттар.



## КЕЙБІР ЖАНДАР

Жүреді кейбіреулер, дардай болып,  
Жарамсақтанып, адалмын деп, жардай болып.  
Тілеуі жымысқы, ойы тар,  
Ұшатын аспандағы шардай болып.

Жүреді ол бозторғайдай ұшып, қонып,  
Жемсауы толғанынша асар сорып.  
Бітіріп өз жұмысын болғаннан соң,  
Тағы да жемтік іздер ұшып қонып.

Кездессең ондай жанға сәлеміңді бер,  
Қабағы қандай екен оны да көр.  
Жаратсаң бір жұмысқа ертіп апар,  
Қолыңда болса егер штамп пен мөр.

*Жүрек қалсауы*



## АЛА ҚҰЙЫН

---

Жарамсақ, атың сенің «ала құйын»,  
Өзіңнің құндылығың бес ақ тиын.  
Көршіге, досқа дағы, қасқа дағы,  
Боласың ойран топыр кейде жиын.

Төбеттің үргеніндей кісілігің,  
Қаба алмай ортасыңда жүрсің бүгін.  
Табысты табам дейсің теп-тегіннен,  
Көршілердің арқалардай қанша жүгін.

Ортада жүрген сен, сайқы-мазақ,  
Әкелген мұндай жанды қандай қазақ.  
Қазірден бастап қамдана бер,  
Барар жер, басар тауың сенің «тозақ».

1997 ж.





## БАЖАМ АЙМУХАН ДҮНИЕ САЛҒАНДА АЙТЫЛҒАН АЗА

---

Жарлы да өтер,  
бай да өтер,  
төрт түлігі  
сайда өтер.  
Бұл жалғанда  
қашанда,  
арманда болған  
пенде өтер.  
Өйтпеске жаным  
хақың жоқ,  
Өмірге мәңгі  
датың жоқ.  
Сен көргенді,  
мен көрдім,  
Сен білгенді,  
мен білдім,  
Өлім деген  
аждаха  
алмай сені,  
қоймайды  
есіріп ажал  
келгенде  
Қанағат етіп  
тоймайды,  
Бұл өмірдің  
заңы сол.  
Туу барда,  
өлу бар,  
Мәңгілік адам  
болмайды.

*Жүрек қалауы*



Көңіл айтам  
                  бәріңе,  
Жасыңменен  
                  кәріңе.  
Мамықтан болсын  
                  төсегі,  
Ай-аға едің  
                  кешегі.  
Алладан болсын  
                  есебі,  
Күпіршілік  
                  болса егер,  
Рақым етіп  
                  Алламыз,  
Кияметінде  
                  кешеді.



## КӨКІРЕГІМ ШЕРЛІ

Көкірегім шерлі,  
Шерімді кімге ақтарам.  
Асылымнан айрылып,  
Аллаға қалай жақпағам.  
Нәресте шақта,  
Омырауын ана аймалап,  
Ақ сүтін еміп,  
Жөргекте неге жатпағам.

Тірідей жетім,  
Елу үшке жеттім,  
Әке төрін баспаған.  
Қаным бір ағам,  
Бірің қол, бірің жағам,  
Жасымда мініп шыбықтай,  
Еркелеп неге шаппағам.  
Көнетоз көңілім,  
Еріксіз өмірім,  
Лаулап бір жанбай,  
Шала боп бықсып,  
Қалай ғана жат болам.

*Мүрке қалыңы*

1992 жыл

Күзгі бұлттай көңілім,  
Неге жүдеу тартасың.  
Бір өзіңмен өмірім,  
Шаттана күл қалқашым  
Мәпелейін күтейін,  
Жасың жеткен шағыңда  
Жазыл еркін жайраңда  
Жан ұяңның бағыңда  
Сенің еккен гүлдерің

Келеді ғой мәуелеп,  
Солар жүрсін қуанып.  
Солар жүрсін әжелеп,  
Сағындық деп айтады.  
Сағындым деп апамды,  
Ұрысса да өз апам  
Түзететін қатемді.

-----  
Ескі көңіл, қандай суық,  
Есік алды тымырсық.  
Бұлт келеді көкті буып,  
Жер емшегі тырысып.

Дем ала-алмай өзен жатыр,  
Бетін жапты, көк шатыр.  
Аққу, қаздар алыс кеткен,  
Айналаңда тап-тақыр.

Жапырақтар сылдыр, сылдыр,  
Алтын кілем жер үсті.  
Таңғы тұман бұлдыр-бұлдыр,  
Көгендеулі көл үсті.

Еңіп өңір басқа түске,  
Кіріскендей бір іске.  
Қыстың қамын ойлап аймақ,  
Сеніп жатыр бар күшке.

«Қыс қылышты» — деген сөз бар,  
Ол әркімнің есінде.  
Боздақтайды әуеден қар,  
Бүгінгі таң кешінде.

Әлде жазы, әлде қысы,  
Қайта аралап келгісіз.  
Әлде жаңбыр, әлде қар,  
Аяқ адам көргісіз.



## РУХЫҢДЫ СЕҢІҢ БИІК ҰСТАДЫМ

Елім бар қазақ елі, сағымды сындырмайтын,  
Жерім бар, ұлан байтақ, мен жырлайтын.  
Досым көп, бір ниеттес, адал жандар,  
Білгірлер, білімділер үзіліссіз туындайтын.

Шығысым, шырайлы өлке, ардақтаған,  
Жері бар, адам түгілі, аң баспаған.  
Табиғат жаратылысын ерекше бір,  
Одан мен керегімнің бәрін табам.

Алтайым асқақтаған жырдың аты,  
Түріктің белін шешкен қағанаты.  
Осында ұялары қоныс тепкен,  
Қазақтың белді-белді азаматы.

Мінекей соның бірі Қасым аға,  
Ер жүрек батылдығымен шыққан дара.  
Тұғалы сом білекті айбын асқақ,  
Көрінер анадайдан берік тума.

Оралхан, өнерімен өрге жүзген,  
Қара сөз құдіретін жырдай тізген.  
Ағызып бұлағындай өр Алтайдың,  
Ертіс пен қолтықтасып ірге түзген.

Батысында өлкемнің Абай жері,  
Бұл жерге қандай жерің тең келеді.  
Туғызған ұлы-ұлы ойшылдарды,  
Тарихты олар жасап тең бөледі.

Заманның озық туған кемеңгері,  
Тең келер бұған қандай ердің ері.  
Ардағы ақыл ойдың даналықтың,  
Абайдай данамыз бар сөз зергері.

Қаптатып том-том жазып үйіп берген,  
Қазақтың қара шаңырағы ұйып келген.  
Мұхтардай атамыздың абыройы,  
Өшпестей елдің рухын жиып терген.

Табылды кеше өшкен ардағымыз,  
Кеңейді осыменен жан-жағымыз.  
Жырлаған Абай болып Шәкәрімді,  
Мәңгілік естелікте біз аламыз.

Еске алсаң осылайша заман өрім,  
Жырымыз төкпейді ғой тегін терін.  
Кешегі қанды қолға қарсы шыққан,  
Қайымдай ардағымыз қандай едің.

Абаймен көршілесім Аягөзім,  
Жазбасам мен өзіңді болмас төзім.  
Ұрпағы қанат жайған ақындардың,  
Дастаны махаббаттың ойлы сезім.

Атағы дараланған ойы асқан,  
Қатарлас Абайменен тізе қосқан.  
Көрсеткен асқақтығын жыр құдіретін,  
Ол Әріп сол заманда бөлек дастан.

Осымен тосылмаймын таусылмаймын,  
Жыр етіп жаза берем ұрпақ жайын.  
Елімнің жері де бай елі де бай,  
Жыр үшін жаратылған ол бір тасқын.

Жерім жоқ мен еліме сыйынбайтын,  
Жүгім көп арқалаған жиылмайтын.  
Нәр алып топырығыңнан шығам биік,  
Жыр жазам бір де сәтте тиылмайтын.

Өнердің өрлігіне құштарыңмын,  
Пиғылға арам ниет тысқарымын.  
Осылар менің ардақты атым,  
Рухыңды сенің биік ұстарыңмын.



## КЕШ АЛДЫМ ҚАЛАМЫМДЫ

Кеш алдым қаламымды озатұғын,  
Зат емес ол ақыл ойы адамның тозатұғын.  
Көрейін өрге жүзіп өнерлідей,  
Шабыт қой өлең жолын жазатұғын.

Көңілдің көктемінен шыққан жырым,  
Тербейді кейде келіп жүрек қылын.  
Шуағы шартарапты орап алады.  
Күніңдей таза тұнық төккен нұрын.

Жырымды жұпын емес қалам серік,  
Қолымда қаламымда жүрсе берік.  
Тоздырмай тоңдырмаймын жүрегімді,  
Үрлеймін қызғанынша болып көрік.

Қызыл шоқ ақтарылса жырым оты,  
Болмайды заманымның маған соты.  
Керегін болашақтан таңдау алам,  
Өлместей өмірге енем болмай жалқы.

Жалқының күні құрсын өлемеген соң,  
От болып лаулап жанып көрмеген соң,  
Ой айқын оны мұны бұтып шатпай,  
Жарқырап ел алдына келмеген соң.

## ТІЛДЕСЕМІН

---

Мен кейде Мұқағалимен тілдесемін,  
Болғандай заманым бір, күн кешемін.  
Сойқаның әлі де көп жаңа ғасыр,  
Ойыма ойға түссе жыр десе бір.

Барың да жоққа айналып бұлқынуда,  
Заманның мынау асау толқынында.  
Ойлы адам өмір сүріп тек тұра ма,  
Қиянат болып жатса өз жұртыңда?!

Жерімнің қопарылған қара тасы,  
Жазылмай жатыр әлі жан-жарасы.  
Елімде етек алған кемтерлар көп,  
Зар илеп есік қаққан бар анасы.

Уланған улы газбен халқың анау,  
Жүрісі таңғаларлық болған жадау.  
Еліңде жат пиғылдар қаптап барад,  
Ойлары: оны-мұны жамау-жамау.

Дестелеп жиған мүлкің оңалып тұр,  
Жайлары маңсап қордың жаңарып тұр.  
Бірақта мына өсу жолдарыңда,  
Халқына деген ниет тоналып тұр.

Жырлаған Мұқағали адалдығын,  
Жүк артқан нар түйеге жамандығын.  
Ескерткен елеулі қып бәрімізге,  
Келешек ұрпағының тазалығын.





Төрінде төрелік қып отырғандар,  
Шіреніп мен-менсінбей жосылғандар.  
Ойлай ма қара халық мұқтаждығын,  
«Азалы кім?», «Жазалы кім?»  
Бар ма екен осыларда осыны ұғар.

Сарапшы керек емес өз жаныңа,  
Ар, ұят, намыс, бірлік түй жадыңа.  
Боламысың өр көкірек өнегесіз,  
Өсірген үрім бұтақ бал-бағыңда.

Осылай Мұқағалимен тілдесемін,  
Өлеңмен басу айтып үндесемін.  
Шындықтың шырылдаған шырпысындай,  
Ақиқат айнасында бірге есемін.

## ДАНИЯЛҒА

*(медицина ғылымдарының докторы, профессор)*

Сен кеттің бұл өмірден ғайып болып,  
Болмады содан бері орта толық.  
Аққумен, шаяндайын тарам-тарам,  
Мен қалдым суда мекен балық болып.

Арда едің арамызда болар мирас,  
Жан едің кіршіксіз пәк көңіл қалмас.  
Достықтың, адалдықтың ұрқын сепкен,  
Дара едің көп ішінде орның толмас.

Сен кеттің алабұртып, жасымды алдың,  
Өкініш, күйінішім басылмадың.  
Беретін бар жылуын жүрегiнiң,  
Сынығы ең тұнып тұрған асылдардың.

Қалды артта талай ойың, армандарың,  
Жетілмей орны толмай жазғандарың.  
Күрестің адам жанын арашалап,  
Еміне дауа іздеп барғандардың.



## НАҒЫЗ АҚЫН

Нең ақын, Абай болып өсиет айта алмасаң,  
Нең ақын, Мұқағалидай шындыққа бата алмасаң,  
Нең ақын, махабаттың атын жырлап,  
Тұманбайдай ғашық отына күйе алмасаң.

Ақын болсаң ел айнасы бола біл,  
Еліңменен жұртыңменен суыққа да тоңа біл.  
Ақынның туысы да тұрмысы да адалдық,  
Адалдық пен ар намысты қорғай біл.

Ақынның ар-ұжданы намысы ортасы ол,  
Ортаңа түзетіп айт тапсаң жол.  
Ақын боп жүргеннен соң жер басып,  
Айбарлы шауып түсер балтасы бол

Жаппас ақын табылар қайдан бір,  
Тапсырыстан ала-алатын пайдаң бір.  
Аулақ ұста пайда күнемдік елестен,  
Бойыңды да, ойыңды да қайда бір.

Ақын жаны пайда қуып көрмеген,  
Айырмасы бүкіл жұрттан өзгеден.  
Ақын ойы түр тұлғасы бар болмысы бәрі де,  
Елін, жұртын тыныштығын көздеген.

Ақынға жайлы орын керек емес,  
Кейбіреу ғұмырын сарып етіп іздейтұғын.  
Нағыз ақын ол елінің патриоты,  
Жауға да тілін қадап түйрейтұғын.

Болмасаң да ақындарға ұқсап бақ,  
Елің жұртың барлығы да ақын жақ.  
Сол себептен тарылмайсың, қиналмайсың әрқашан,  
Елеп, ескер міне достым келешекте келер бақ.

## МЕН ТІЛЕЙМІН БАҚЫТЫҢДЫ

---

Шуақ болып төгілші жырым менің,  
Көлеңкесі болмасын көңілімнің.  
Шомылдырып жүрейін күн нұрына,  
Әрбір үйдін бақытын, төріндемін.

Кірейін бақ құсы боп есігіңнен,  
Түзетіп сәби жанын бесігінен.  
Қарсы алшы иманды дос бақытты ана,  
Сақташы бақытыңды өгей өмір кесірінен.

Берейін жылуымды жүректегі,  
Айтайын жақсы-жақсы тілектерді.  
Адамның бойындағы асылымды,  
Келетін үлкен бақыт кезектегі.

О, адам ары болшы өміріңнің,  
Бірі бол өмірдегі серігімнің.  
Тілеймін мен бәріне бақытты өмір,  
Жүрейін бір шетінде керегіңнің.

Арманы бол мен ансаған күндерімнің,  
Мазасыз өтіп жатқан түндерімнің.  
Менің де бақытыма ортақтасшы,  
Мен тілеген бақытыңды, бақытты адам жүрегімнің.



## БАҚЫТЫҢДЫ ІЗДЕЙ ЖҮР

Аман жүр, ей адамдар, жолың болсын,  
Қайғырмаңдар орталарыңның орны толсын.  
Кеште болса ұстаған шырағымыз,  
Өмір бойы өшпестей маздап жансын.

Ей адамдар, қуатың барда бойыңдағы,  
Демей жүр адамдарды болмаған жәйлі жағы.  
Бола гөр сол адамға арашасы,  
Керек кез, керек күнде табылдағы.

Көргім келмейді көкірегі шерлі жанды,  
Өз шерім өмірдегі от боп жанды.  
Білемін қандай азап екендігін,  
Сондықтан уата біл сол бір жанды.

Сұм соғыс арпалысқан жанымды алды,  
Атасыз қалған ұрпақ өзімді алды.  
Біле алмай жеті атамды мен сандалдым,  
Осылай ойымдағы, бойымдағы бәріңде алды.

Не керек өткен күнді ойласаңыз,  
Шерлінің шерін айтып бойласаңыз.  
Боласың итке берген өлекседей,  
Жайымды менің біліп жайласаңыз.

Күн өтті, түндер өтті адыра қалып,  
Кете барды сол бір кездер жалмап алып.  
Мен қалдым жалғыз ағаш бойымдағы,  
Қуарған қу бұтадай қайраң болып.

Бақ іздедім түрегелдім арман болып,  
Өзімді-өзім арашаладым толған болып.  
Қиыннан қиыстырып шыңтым өрге,  
Жалғаннан жаратылған талдай болып.

Өзімді өрге салдым толыстымда,  
Көп жанмен осылайша табыстымда.  
Бақытым алда екен адал жандар,  
Ол бақытты жаңа таптым жуыстымда.

Талпынып бақытымды көп іздедім,  
Жаз өтті қысқа қарай күзде іздедім.  
Таптым ғой әйтеуір бір бақытымды,  
Мен оған жету үшін көп іздедім.

Із кестім айдалада түзде іздедім,  
Басымнан өтіп жаттты айда іздедім.  
Жылдар өтті бірде-бір тыйылмастан,  
Сонда да, бақытымды мен іздедім.

Ей адамдар, жібермеші бақытыңды бойыңдағы,  
Өмірдегі қуанышыңды, шаттығыңды ойыңдағы.  
Іздей бер мен сияқты арман қуып,  
Табасың сонда бақытыңды ертең болар тойыңдағы.

Аман жүр, ей адамдар жолың болсын,  
Іздеген бақдәулетің орны толсын.  
Мен бүгін сол бақытымның иесімін,  
Жанып тұр арман еткен барлық қосым.



## ТОЗҒЫЗБА ӨЗІҢДІ

---

Тағдырың бар, бақытың бір өзіңде,  
Ұстап ал қалма қапы дер кезінде.  
Айналып қайта келмес ол бір тұғыр,  
Жүрмесің бой алдырып құр сезімге.

Өмірдің біз білмейтін жолдары көп,  
Адасқан соқпағынан жандарың көп.  
Бар болса жүрегіңде тағылым, тарым,  
Жақсылық адалдықтың рухын сеп.

Үйрендік біз өмірден даналықты,  
Ар менен намыс пенен болған мықты.  
Санаға тағызым ет күйің келсе,  
Үйірме кеудеңе сен қара бұлтты.

Арда едің кеше жүрген сөзің мықты,  
Таусылып есеңгіреп қайдан шықтың.  
Тал да жоқ, талас та жоқ бір басыңда,  
Осынша сорлап келіп кімнен бұқтың.

Итиген ителгідей болдың бүгін,  
Арқалап жүргендейсің елдің мұңын.  
Жүресің оны-мұны алып ұшып,  
Көденең көк тиындай болдың құның.

## НЕҢ ЖАҚСЫ

---

Туып өскен жерің жақсы,  
Атамекен елің жақсы.  
Сылдырап аққан бұлағымен,  
Өзендерің көлің жақсы.

Құтты қоныс бөлің жақсы,  
Тату-тәтті теңің жақсы.  
Сый құрметке бөлейтұғын,  
Жодас-жора өзің жақсы.

Аға-бауыр жарың жақсы,  
Ата-ана көрің жақсы.  
Келіп жүрсе алыс кетпей,  
Жиендердің көбі жақсы.  
Қарындастың теңі жақсы,  
Апа жездең ебі жақсы.  
Су сұрасаң бал беретұғын,  
Жеңделеріңнің тегі жақсы.

Қоныс қонған көршің жақсы,  
Кіріп шығар қонысың жақсы.  
Артыңда ұрпақ жалғайтұғын,  
Балаларыңның бары жақсы.

Келіндердің ебі жақсы,  
Ықыласының соңы жақсы.  
Құда құдағилар бір-бір төбе,  
Күйеу балаң жөні жақсы.





Қалжыңдасып ойнайтұғын,  
Ойынға бір тоймайтұғын.  
Әзіл қойлы болса егер,  
Балдыздарыңның сөзі жақсы.

Жиенім деп еркелетер,  
Туған туыс арасында.  
Жөні келсе серке етер,  
Нағашыңның бегі жақсы.

Немерелеріңнің өзі жақсы,  
Жаудыраған көзі жақсы.  
Ата-апалап қалмайтұғын,

*Жүрек қаласы*

## ӨМІРІҢДІ СЫЙЛА, БАҒАЛА

---

Өмір, өмір, өмір гүл,  
Ол бақыттың, оны біл.  
Сүру үшін өмірді,  
Азабында, барын біл.

Ол, жақсылықтан тұрады,  
Ақыл, ойлы, саналы.  
Болсаң егер кесапат,  
Боларсың сен жалалы.

Өмірдің өсер гүлі бар,  
Шыққан күндей таны бар.  
Болмасаң оған жетекші,  
Болар саған о, да тар.

Өмір деген көктемің,  
Көгеріп гүлдеп өсетін.  
Емес жеміс теп-тегін,  
Алақаныңа келіп түсетін.

Өмір сенің көңілің,  
Жайқалып түлеп келетін.  
Сүйсең өмір көктемің,  
Сыйың болсың беретін.

Өмір деген ол мынау,  
Алпарысқан алыптар.  
Жойқын күштер ол анау,  
Тынысыңды тарылатар.

Өмір сенің байлығың,  
Керегінше алып қал.  
Болмасын десең ойда мұң,  
Шылбырынан шалып қал.



Өмір деген ол құйын,  
Бақ пен сордың арнасы.  
Малың басын бар жиын,  
Өміріңнің ол жалғасы.

Өмір сенің серігің,  
Шаттана да күле біл.  
Жылжыр жылдап көлігің,  
Көлігіңе міне біл.

Түсіп қалма қапыда,  
Ернеуінен өмірдің.  
Дұрыстап бас тетігін,  
Қиынына да төзе біл.

Сүйе білсең өмірді,  
Көтерерсің көңілді.  
Нұрын шашқан көкте күн,  
Елестетер төріңді.

Болмасын десең өмір тұл,  
Есігін аш та кіре біл.  
Онда бақыт, онда еңбек,  
Шаттық көңіл онда жыр.

Өміріңді сыйла бағала,  
Құйып ал да санаңа.  
Еңбегін еткен еш кетпес,  
Ақыл ойдан далаға.

Өмір құдірет үлкен сый,  
Аллаң берген базарлық.  
Өмір үшін барыңды жый,  
Адал ниет тазалық.

Жылжыр жылдап

Көңілді

## ТҮС ПЕН ӨҢ

(Сол кездегі бір шындық)

Түсіме кірді бір бейбақ, шел қаптаған көзіне,  
Түсіне алмай мен тұрдым өзімменен өзіне.  
А, құдайым бұл не қылған қылығың,  
Тіксініп бір қарадым, істеп жүрген ісіне.

Жаратушы бір Аллаға сыйындым,  
Арманымнан аңсап жүрген тыйылдым.  
Қаптап кеткен не сорақы қай қорлық,  
Өзімді-өзім шымшыладым жиылдым.

Сол бейбақ келді қапты арқалап,  
Жатты өмір буырқанып, бір тарап.  
Соңдарынан ілесе алмай көбі жүр,  
Қаптарына қарайлайды тұр-тұрлап.

Қаптан алды азын аулақ астарын,  
Жазды солай соры қайнаған бастарын.  
Осылайша бірін-бірі тым тымдап,  
Өтіп жатты, талай жылдар, көздің сүртіп жастарын.

Сол жылдардың жазы өтіп қыс келді,  
Қыс пен бірге мазасыз түн түс келді.  
Әрбір адам кейбір үйден шыға алмай,  
Жалмап жатты қайыршылық іс келді.

Сыңырлаған сары аязда жұғын болды күрекке,  
Байыз таппай тыпыршыды жүректе.  
Құрсауланды етпен тері арасы,  
Тікенек боп ол қадалды сүйекке.

Қара қошқыл тәні қалды далада,  
Ах ұрды демін алды шамада.  
Есеңгіреп ебі кетіп қалжырал,  
Ұшып түсті шала жансар қарада.

Ол, қара дақ емес еді адам баласы,  
Болмай жүген талай түндер панасы.  
Ұшқын іздеп жағалады өңірді,  
Жазыла ма деп ақыл ойдың жарасы.

Болмай жүрді талай күндер мазасы,  
Күндер өтті айлар, жылдар жазылмады жарасы.  
Ізdedi, қарайлады үміт отын сөндірмей,  
Жеткендей болды жетпей тұрып қазасы.

Бір сәулеге жолықты, жанап өтті нұрын сепкендей,  
Болды бейбақ жаңа туым жеткендей.  
Ол тастады қолындағы қаптарын,  
Жарық дүниеге бақыт дәнін еккендей.

Тұра келдім мен орынымнан шошынып,  
Қарап өттім айналамды құлашынып.  
Таппадым мен түсімдегі бейбақты,  
Солай еді, сол кездегі, тіршілік.

А, құдайлап бір Аллаға медет қып,  
Жақсылыққа аңсам ауды дедім құп.  
Өзіме-өзім түсімді айтып жорыдым,  
Сол бейбақпен, бақыттымен қосарланып болып жұп.

Жылдар өтті, жақсылықтың, нұры түсті жеріме,  
Дәулет бітті азат болған еліме.  
Неше ғасыр аңсаған бұл бостандық,  
Келді бүгін, күнім туды, барайық біз шеруге.

Дедім дағы сол бейбақты қосып алдым шеруге,  
Мұным енді түсімде емес өңімде.  
Қайғыма да, қуанышыма да ортақ боп,  
Жүріп жатыр қазір олар елімде.

Ол ұмытты қайғысын да қаптаған,  
Қап ішінде қайғы шіріп жатпаған.  
Ол да тыйды көзден аққан жастарын,  
Ел мұраты, өз мұраты жаттаған.

Енді қайтып көздің жасы ақпасын,  
Адамдарға қасірет есігін ашпасын.  
Мұратымыз орындалып әр кезде,  
Үрім-бұтақ ақ ниеті ақталсын.

Өткен өмір, елесі ғой бұл жай ғана,  
Өз өміріңді, ол өмірге байлама.  
Тоз-тоз болды, иеліксіз өрт алды,  
Жиған мүлік, істелген іс қаншама.

Есіңде жүрсін, ей адамадар шаршама,  
Өз еліңді, өз жеріңді бар сана.  
Бақытың да, байлығын да ол сенің,  
Бостандығың, айтарым сол, баршаңа.



## ЖҮРЕЙІК БІРГЕ

---

Жүрейік, ей адамдар шалыс баспай,  
Қуантып тұрайықшы бір-бірімізді алыстатпай.  
Бәріңде өткен кеткен қарсы алайық,  
Бұрынғы бірге жүрген таныс достай.

Жүректің жан жылауын себелейік,  
Өткізбей босқа өмірді бір жүрейік.  
Өмір ол дүниедегі асыл қазынаң,  
Қуаныш қызығына бөленейік.

Көңілдің гүлі болсын ұстағаның,  
Еліңнің үні болсын нұсқағаның.  
Бәрің дос үрім бұтақ жалғасы сол,  
Ел етіп мекеніңе тастағаның.

*Жүрегіміз*

## ҚҰШАЙЫН МЕН ДЕ СЕНІ ТӨЗІМ БАРДА

---

Бағым барма? Ей адамдар бағым барма  
Түсінбейтін мен оны таным бар ма  
Жүремін күн күнейттеп ой саралап  
Бақ қонар бүгін менің таным барда.

Келемін таңдар асып түн түнделеп  
Ойымды оятамын ойда түлеп  
Бойымда күш қуатым болғаннан соң  
Жүремін желдей есіп кейде гүлеп.

Бағым барғой ей адамдар бағым бар ғой  
Өмір сүрер бойымда жаным бар ғой  
Сол үшін жаратылдым адам болып  
Бақ қонса менің онда жайым бар ғой.

Келемін бақ қуалап бал бағына  
Отырар кімдер барып бақ тағына  
Арадай бал жинаған нәрін алып  
Сенемін өмір нәрлі бақ барына.

Ататын күнде менің таным бар ғой  
Таңменен оралатын сарым бар ғой  
Алатын бұл дүниеден өз орнымды  
Меніңде аз болса да бағым бар ғой.

Бағымды бақ қуалап мен бағамын  
Гүлін ап күтіп жүрмін мен сабағын  
Тілімде өзім жүрген өз жұмағым  
Тар болса да бір өзіңнен бақ табамын.

Жүректе отты лепті сезім бар да  
Менімен кездесетін кезің барда  
Тағдырым бақ қуалап жүргенен соң  
Құшайын мен де сені төзім барда.



## ҰЛТ РҰХЫН КӨТЕРУ АТА-ТЕГІҢНЕН БАСТАЛУ КЕРЕК

*Жуырда «Ертіс өңірі» газетінде «Тегіміз қашан түзелер» деген шағын мақала жарық көрген еді. Осы мақаланы оқығаннан кейін мен де өз ойымды ортаға салғанды жөн көрдім. Адам қанша жасқа келсе де оқып-үйрену — адам болғаннан кейін адами парызы емес пе! Өйткені, бізге тірі мақұлықтан бөлек етіп Алла тағала сана-сезім берді. Болашақты болжай болжай білуге, оған кішігірім болса да үлес қосуға бізді заманымыздың өзі үйретті.*

Біздің ата-бабаларымыз кеңестік қоғамға дейін де мәдениетті өмір сүрген, сан алуан білім-ғылымның тілін білген және де сол рухта тәрбие алып, ешкімнен де кем болмаған. Өздерінің ата-тектерін, болмыстарын сол қалпында кітапқа жазып, тасқа айшықтап түсірген. Мысал ретінде отырар кітапханасындағы жазбалар және Орхон-Енисей қазбаларынан табылған мұралар соның айқын дәлелі бола алады. Кеңес дәуіріне дейінгі кездерде де ата-бабаларымыздың аттарын ешқандай өзгеріссіз қолданған. Алдабергенұлы Сүйіндік деп немесе Сүйіндік Алдабергенұлы деп не ныспы мен әкесінің атын ешқандай өзгеріссіз, қосымшасыз атаған. Ал, кейін келе орыс елінің бодандығына кіргеннен бастап біздің қазақы атымыз жоғалып: «ов», «ев», «инге» көштік. Бұл жалғаулар біздің ұлтымызға жат, басқа халықтардың тіркеме сөздері. Олай болса, қашанғы біз «ов», «евтердің» жетегінде жүреміз? Меніңше бұл сиықсыз тіркестермен біз қазақ деген ұғымға, ұлтымызға қиянат жасай отырып, өзімізді-өзіміз кемсітіп, біреулерге тәуелді етіп жүрміз. Сол себепті бұл ұғымнан арылу керек. Көше аттарынан бастап қазақы болмысымыз білініп, ұлтымыздың дәстүрлі атауларымен аталуы қажет. Қазақ бола тұрып, өз Отанымызда өзіміздің қазақ екенімізді айшықтайтын құжатсыз жүргеніміздің өзі ұят. Бұл қашанғы жалғаса бермекпіз?

Рухың, адами болмысың өз ата-тегіңнен басталуы керек қой. Бұл жас ұрпақ жүрегіңде ұлттық рух қалыптастырады. Ұлттық рухымыз мықты болса, орнатып отырған қоғамымыздың да келешегі мықты сенімді болары айқын. Олай дейтінім қоғамның тірегі де, жүрегі де сол рухы мықты адам, жас ұрпақ емес пе!

Біздің ел басынан қаншама ауыр кезеңдер өтті. Бәріне төтеп берді. Экономикамыз қарыштай дамыды. Ұлы державалардың қатарына қосыламыз дейміз. Ендігі арманымыз — «Қазақстан-2050» стратегиясын орындап, мықты 30 елдің қатарынан көріну болса, соның негізгі шығу жолының бірі — ата-тегімізді «ов», «евтерден» арылату. Олай болса, «Ештен кеш жақсы», әлі де кеш емес.

## ХАЛЫҚТЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАЙЫҚ

Ғасырлар бойы қазақ халқы аңсап келген бостандық жаңа қырынан танылып, жаңаша нағыз бостандық туын берік қолдап іске кірісе бастады. Осы бүгінгі күнге дейінгі халықтың өмір сүріп келген бостандығы жемқорлар мен жегіштердің, алпауыт байлықтарға, аяқ астынан иелік ете қалған байлардың, коррупциялық өмірдің бостандығы еді. Аяғыңды қия бассаң қалтаға келіп тіреледі. Сайып келгенде қалталы адамдардың бостандығы болды. Елімізді коррупциялық күш жайлап бара жатқан кезінде, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл шешімі өте дұрыс орын тапқан шешім деп білемін. Мен қарапайым ел қатарлы көппен жүрген, өмірдің ащысын да, тұщысын да сол көппен бірге көріп келе жатқан жанмын. Сол себептен ел өмірін, халықтың тыныс-тіршілігін, өз көзіммен көріп, солармен бірге, ел іргесі аман болса екен, бүгінгіміз-ертеңіміз жарасса екен, жастармыз өсіп, ел қатарлы өмір сүрсе екен деген қағиданы мықтап бойға сіңірген адаммын. Өз басым осы Назарбаевтың жігерлеме кіріскен жаңа бастамасын қазақ мемлекеті болғалы күтіп едім, міне сол аңсаған арманым да, орындала бастады. Байлыққа, баюға мен ешқашан қарысы болып көрген емеспін. Сонау совет заманында да, әрбір адам өз жұмысымен қоса, сауда-саттық жасап үстемелеп қосымша пайда келтіріп отыруға ерік берілсе,

онда, адамдар да бай, адамдар бай болса ел де бай болмас па еді? — деп ойлаушы едім. Бұған жетуін жеттік, бірақ жеке бастың ғана, аз ғана адамдардың баюымен шектелдік. Бұл тұтас елдің баюы емес. Елдің баюы, ол тұтас халықтың баюы, мемлекеттің тұрақтылығы ол халықта. Халық аш-жалаңаш, ішерге тамағы, киерге киімі болмаса, басында баспанасы болмаса. Айылын шірене тартқан, ат төбеліндей біраз топтың баюы ол мемлекеттің байлығында, тұрақтылығын да шеше алмайды. Тыныш өмірдің кепілі бола алмайды және болып та көрген емес. Еліміз тыныш өмір сүру үшін қарапайым халықтың жағдайын барынша көтеру керек.

Ол үшін:

1) Халықтың банктерден алатын несиесінің пайызын төмендету арқылы несие беріп, олардың кәсіппен айналысуын қамтамасыз ету керек.

2) Халыққа, жұмыс істеуі үшін жағдай жасау керек. Мысалға елімізде 45-50 шамасындағы жұмыс істеу қабілеті бар адамдар жұмысқа алынбайды, неге? Осы жағдайды дұрыстап шешу керек.

3) Тәуір қызметке кіретін адамдар кімдер, олар қалтасында сомасы бар бай адамдардың үрім-бұтақтары немесе солардың жақын туыстары, жора-жолдастары осыны қысқарту керек.

4) Адам жұмыс күшін пайдаланатын адамдар, жұмыс күші арқылы еңбек етіп жүрген адамдардың, еңбек ақысын дұрыстап төлеуі керек. Айына 10-15 мың теңге беріп қана. Еңбек істеп жүрген адамдарды құл орнына санауды қою керек.

Тапқан табысын дұрыстап ала алмай, жанұясын бағуға қаражаты жетпесе, байығандар, байлықтарын қоярға жер таппай үсті-үстіне патша сарайындай үйлер салып жатса, келсін-келмесін оңды-солды жұмсап күндіз-түні той думандатып саят құрып жатқанда итке тастаған сүйектей қалдықты мұжын, кайыршыдай телміріп халық жүрсе. Елімізде қандай тыныштық болмақ. Бұл іс тыныштыққа әкеліп соқтырмайды, бұл да түбегейлі ескертуді қажет ететін жағдай. Шөлмек мың күн сынбайды бір күні сынады дейді халық нақылы. Күндердің-күні халық ашынады кім кепіл сойқан болмасына. Барлығының шегі бар емес пе, ешкімнің де ата-бабасынан қалған мүлік байлығы жоқ, әрбірден соң осы байлықты жасап отырғандар да, сол байларды байытып отырғандар да сол халық емес пе, ендеше сол халықпен дұрыстан

тіл табысып, олармен де санасқан жөн емес пе? Бүгінгі таңда көптеген байлардың баю процесі қалай өтті. Азын-аулақ жылдың ішінде өз қолдарымен, еңбек етіп байыды ма, жоқ әдле халықтың жылдар бойы совет заманында жиып-терген байлықтарын иелену арқылы байыды ма, осы сұрақты әлі де үкімет тарапынан зерттеу жүргізіп, түбегейлі тұжырымды іс шығару керек емес пе? Әдде сол қалпы жегенін жеді, алғанын алды деп қоямыз ба? Мұның өзі сол жаңа бастаманың, коррупцияға қарсы күрестің негізгі түп тамыры болуы керек қой.

## РУХЫМЫЗДЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫН ТӘРБИЕЛЕЙІК

Рух сауаттылығы: ол адамның ішкі ой жүйесі оның ақылы, сезімі... Осылар арқылы өзінің жүріс-тұрысын, іс-әрекетін, еңбекке деген құштарлығын, адамдар арасындағы көзқарасты реттейді. Ол адамдарға мен-мендікке, төкаппарлыққа, біреуді көреалмаушылыққа жол бермейді. Адамның неғұрлым рухы биік болған сайын, ол адам адамгершіліктің, саналы түрде еңбек ете алудың, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың ең жоғарғы сатысында болады. Рухы биік адамның жанұясында рухтың тазалығы сақталады. Әрине кейбір жағдайларда жанұя тәрбиесіне әсерінен гөрі, ортадан болып жатқан болмыстар, теріс бағытқа әкетуі мүмкін. Міне осы жағдай болмас үшін, адам рухын тәрбиелеу дұрыс жолға қойылуын керек етеді. Қазіргі кезде біз адамдарды оның байлығы, мансабы арқылы немесе сахна жұлдыздары деген түйсікпен бағалаймыз. Бұл да дұрыс шығар, бірақ адам баласы жақсылыққа жету үшін ғасырлар теңізінен өткен ата-бабаларымыздың өсиетін үйреніп мұраларына көптеп көз жүгіртуіміз керек, ол бабаларымыздың айтқан даналық сөздерін ақыл ойға салып екшелеп өз керегіне жарату жағын қарастыру қажет. Әсіресе байыған адамдармен кедей адамдардың рухани сауаттылығын арттыру керек. Олай дейтінім бай адамдар экономикалық тұрғыдан сауатты болғанмен көбісі рухани сауатсыз дер едім. Себебі қазіргі заманда байыған

адамдардың ой түйіні, түйсігі тек қана байысам, менде ғана болса деген пікір. Бұл пікірден аулақ адамдар да бар, бірақ олар аз. Ал кедей адамдарды өздеріңіз ақ түсінесіздер. Рухының төмендігінің салдарынан баста отырған басшыларымыздан бастап, төменде отырған мемлекет қызметін атқарып отырғандар. Халық мүлкін тонауға, мен-мендікке, төмендегі адамдарды менсінбеуге, өтірік айтуға құмар. Әрбір жанұяның тәрбиесі, кіре берген босағаңнан басталса, сенің қандай адам екеніңді түсіну үшін, сенің байлығың, мансабың емес, қолда барыңның бәрі реттеліп, ар-ұжданың тап-таза қалпында тұрудың өзі жеткілікті. Егерде жекеменшік мүлкің болса, оның айналасы қандай? Үйіңнің төңірегі абатталған ба? Адамдармен қарым-қатынастарың қандай? Оларға үлгі-өнеге көрсете аласың ба? Бай болсаң қоластыңдағы жұмысшыларыңның, қызметкерлеріңнің кал-жағдайы қалай? Олардың тұрмысы қалай? Сенен алған табысы жанұясын асырауға жете ме? Осының бәрінде көріп біліп отыру сол байлық ұстаған азаматтың, азаматшаның міндеті болып есептелуі керек емес пе? Менің жалғыз байлығымнан не пайда? Ол да менің қаным, ол менің Отаным «қазақ елінің» азаматы деп түсіне білген жөн ғой. Міне сонда ғана біз өзімізді рухы биік азаматтар қатарынан табар едік. Рухың биік болсын ағайын.

## БАРЫҢДЫ БАҒАЛАЙ БІЛ АҒАЙЫН

Барыңда жоққа санап, көлденең көк аттың сөзіне ерін, бір-бірін жамандау. Еліңді алға бастап жүрген азаматтардың ісінен тырнақ астынан кір іздегендей пәле іздеп, олардың жұмысына кір келтіріп, тіл тигізу, барып тұрған тұрпайылық, көргенсіздік емей немене? Мен сөз айта біледі екенмін деп мен-мендікке салынып, еліңді ел етіп отырған азаматтарды кінәләп, оларды етектен тарту, барып тұрған масқаралық емес пе? Біздің ата-бабаларымыздан мирас болып қалған өзіңді-өзің силасаң, жат жанынан түңілер деген аса көрегендік пен айтылған ақыл. Тегінен тегін айтылмаған шығар. Біз өзімізді-өзіміз сыйламай масқара

ете берсек, соңы не болмақ? Осыны ойладың ба ағайын? Ал келістік, сенікі дұрыс делік, сонда сенің қолыңнан не келеді? Қара басыңды дұрыс жолға қоя алмай жүргеніңде сен елді, басқарып кете аларма едің соны ойладың ба? Қандай да бір бастаманың ой-қыры көп болады. Оны сен жақсы білесің. Сонда сен соны реттей алар ма едің? Әрине жоқ. Әрбір жаңа жолда кез келген кедергілерді, қателіктерді басшыңа жаба берсең не болмақ, сонда сенің көрегендігің қайда? Бұл деген, әлсіздік, нақтылы, өзіне тән айтар сөз жоқ, өз ісіне берік емес адамның алыпқашпа идеясы, көрінгенің қол шоқпары іспеттес біреудің шылауында өмір сүріп келген адамдардың ойы. Жаңа жолда әлі де, біздің қазақы болмысымыз бен, кім көрінгеннің тізгініне жармасып, ілесіп кете беретін жайымыз бізді бір ортаға біріктірудің өзі күшті еді ғай. Алғашқы беттің өзінде-ақ ру-руға бөлініп, мал жайылымына таласып, ағайын арасына іріткі салып шоқпар сілтегінің де бар емес пе? Неге соны көрмей көр соқыр болдық. Кең байтақ жеріңді ешқандай бөлікке бермей, қаз қалпында сақтап қалудың өзі ғана, аса көрегендік емей-немене? Еліміз совет кезінде негізінен шикізат өндіретін республикаға айналмап па еді? Жерімізде сол кезде тозығы жеткен, шала-жансар істеп тұрған фабрика, заводтар істен шықты, оларды жүргізу үшін құрал-жабдық тар жетіспеді. Техникалық тұрғыдан оларды жаңартуға еліміз қауқарсыз еді, сол тұста Россия мен Белоруссия және т.б. елдермен салыстыруға келмеді. Себебі оларда совет заманынан қалған мықты-мықты құрал жабдықтар бар еді. Ал біз ше? Ол жабдықтардың өзі түгілі, заты да жоқ еді. Біз керегімізді солардан алатынбыз, ол кезде аты аталған мемлекеттер бізге қарасын да көрсеткісі келмеді. Біз барлық техникалық байлықтан шеттетілдік, міне соның салдарынан біздің істеп тұрған фабрика, заводтарымыз, құрал-саймандардың жетіспеуінен бірінен соң бірі істен шығып жатты. Оның үстіне, осы мамандықтар иелері шетелге көше бастады. Сонда бұған кім кінәлі? Өзімізден іздеудің қажеті жоқ. Әлде Советтер одағының құлдығында отыра беру керек пе еді? Міне сондықтан тәуекелге бел буылды. Ілгері ел бодық, осыған тәубе етейік ағайын. Ал малшаруашылығы болса, оның да оңып тұрғаны шамалы болатын. Оны өз көзімізбен көрдік. Бұл саланы ұстап тұру үшін мықты қаражат керек болды. Көптеген шаруашылықтар рентабелді болмады. Оларға көмектесуге үкімет әлсіз еді, кейбір мықты-мықты шаруашылықтар ғана өзін-өзі алып кете алды.

Үкімет күш алғаннан кейін, оларға көмек көрсетті. Соның әсерінен олар өзін-өзі басқарып әкетті. Ал шетелдермен қоян-қолтық араласа бастап кетудің басты себебі. Біздің мидай былыққан шаруашылығымызды реттеу үшін күш керек болды. Бізде озық техниканы меңгерген мамандар санаулы ғана еді, ғылыми тұрғыдан алғанда біз жаңа озық техниканы енгізіп, шеттен инвестиция тартпасақ әлі біз соңында жүрер едік. Ондай болған жағдайда, баяғыда бізді көрші мемлекеттер бөлшектеп әкетпесіне кім кепіл. Дана халқымыздың мынандай ойлары тегін айтылмаса керек «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» – деп немесе «Жарық күннің бетінде де дақ болады» – деп. Қателіктер жоқ емес бар, бірақ барлығын жіпке тізіп, айта берудің қандай реті бар. Қазір ешқандай елден кем қалып жатқанымыз жоқ, еліміз өркендеп дамып келеді. Негізгі күш ауыр индустриялы дамытуға бағытталып отыр. Егер бұл бағыт дұрыс жолын таба білсе, онда байлық көзі ашылады дей бер. Ауылда дотациялады, ол да өркендейді. Халықтың әл-ауқаты артады, ендеше Отанмыз мықты елдер қатарынан орын алары айқын да анық. Елімізді, қазақ елін «мықты-мықты» елдердің қатарына жеткіземін деп, тыным таппай терін төгіп жүрген кім? Әрине Отанымыздың тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы емес пе, ендеше неге сөз етеміз. Мен Н. Назарбаевтың көрегендігіне, алғырлығына, алдын ала болжай білетініне тәнтімін. Арымыз да, барымыз да, жанымыз да деп отырғанда, қалай болса солай сөйлудің керегі не? Не деген әбестік, нағандық, түсінбеушілік. Бұл деген іріткі салу, адамдардың арасын жікке бөлу емей немене. Кешегі қазақ халқын «Қазақ елі» етемін деп жүріп қара жамылған Алаштың ардақты азаматтарының кебін киіп жүрмейік. Көз жасымызды көл етіп, өліп-талып бостандыққа қолымыз жетті ме дегенде, не қылғаның ағайын. Сан ғасырлар бойы, қазақ деген атымызды өшірмей, алпауыт елдермен алысқан, елі үшін, жер үшін қасық қаны қалғанша жанын пида еткен, бабалар аруағын аяқ асты еткенің не? Ағайын. Есіңді жи. Барымызды бағалап, жоғымызды табайық. Бүткіл дүниежүзі бағалап, бас иіп отырған ардағыңды ардақтап, бағалай біл. Ағайын.

*Семей қаласы, 23 мамыр 2014 жыл*

# МАЗМҰНЫ

## ОТАН, ТУҒАН ЖЕР

Мәңгілік ел.....	6
Даламның ұлы перзенті	
Қазақ елінің тұңғыш Президенті	
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнадым.....	10
Нұры тұнған өлкемде.....	17
Кімнің бүгін таласы бар.....	22
Тыңда елім.....	24
Менің елім.....	25
Ата-бабам мықты ғой.....	26
Тоқтата алмас ешбір күш.....	27
Мен қыр қазағы.....	28
Қазақ елінің 20 жылдығына.....	31
Болам десең талап бар.....	32
Болмайық ұайымшыл.....	33
Еңсеңді көтер қазақ.....	34
Дауылдар.....	35
Жас жауынгер.....	36
Есіл дертім.....	37
Болашаққа сенемін.....	39
Желтоқсан батыры.....	40
Арттырыңдар.....	42
Мақсат тәжі.....	43
Қара көл.....	45
Тоғыз құдық.....	46
Ертіс өңірі.....	47
Ардақты менің Астанам.....	48
Кең байтақ елім бар.....	50
Ауылым Қызылағаш.....	51
Тас бұлақ.....	53
Жылу керек баршаңа.....	54
Таң нұры.....	56
Бостандықтың шырағы.....	60
Асау өзен.....	61
Болашағым қорғаным.....	62
Бағыңды бағалай біл.....	63



Мен қазақтың топ жарған.....	65
Ақ ордам.....	67
Сен менің бақытымсың.....	68
Төл елім.....	69
Өрлеу.....	70
Туған ауылым.....	72
Елім менің.....	74
Қазағымның астанасы.....	75
Рухыңды ұста биікте.....	76
Мәңгі біргеміз.....	78
Семейім менің семейім.....	80

## **АҚ БАТА, ТІЛЕК**

Қос қайың.....	82
Ақ тілеу.....	84
Немеарем Аружанға.....	85
Ұлағатты ұстаз.....	87
Жоғыңды жоқтап, әке жүрмін мен.....	88
Той-тойла.....	89
Біздің достық.....	90
Жиен немереме.....	92
Менің көрші ұлдарым.....	93
Ақ тілеу.....	94
Балам Бауыржанға.....	95
Ұлдарыма өсиет.....	96
Келші жаным туысым.....	98
Рахыманның (Ақан).....	99
60 жылдығына арнау	
Балам Гүлнұрға әкелік тілек.....	101
Бата.....	102
Бата тілек.....	103
Жарыс ұрандары.....	104
Үлкен немерем Сержанға.....	105
Арнау бата.....	107
Балдызым Мұраттың 40 жасқа, ұлы Бақытжанның 10 жасқа толуына арналған мерейтойына арнау тілек.....	108
Ойда жүрген құдам бар.....	110
Құдағиым Бақаштың 60 жылдық тойындағы тілек.....	112
Досым Мауытқазыға.....	113

Балдызым Ләйлә мен Ержан .....	115
Немерем Сержанның туған күні.....	116
Мұрат құданың 60 жылдығына .....	117
Сыйлас болған бауырым НұрахаMETтің жұбайы Нұрбанұдың 50 жасқа толу .....	118
Қызылағаш мектебі.....	120
Балдыздарыма ақ тілеу .....	122
Балдыз келінім Нұрсағаттың.....	123
Бата.....	124
Бақытқан құдағи 80-де .....	125

## ЛИРИКАЛЫҚ ШУМАҚТАР

Жарым Ғаникамалға.....	138
Махаббатым қызығым.....	139
Мені сүйеп демеші.....	140
Өлеңім-махаббатым.....	141
Жүзік .....	142
Ақ құсым .....	143
Арманым ақ жолым .....	144
Ауырма, жаным ауырма.....	145
Ақ қайың .....	147
Сақтай жүр сол кезді.....	148
Әлі есімде .....	149
Көп іздедім.....	150
Өмірімді барлашы.....	151
Жүремін әлі табына.....	152
Жалынға мені ұстама .....	153
Өзіңді сәулем мен не дейін .....	154
Ғ-ның әуресі.....	155
Қызықпа жаным.....	157
Ғ-ның хатына жауап.....	158
Бір өзіңді ұнатамын.....	159
Махаббатыңды ұрлап кетті ескі дос.....	161
От болып лаулап барасың.....	163
Ой хой достым не дерсің.....	165
Жібермеді көзімді.....	167
«Өр» десең.....	169
Тамшы болсын.....	170
Жүректе сезім қайталайды.....	171
Сенің арқаң.....	172

Арманы болма басқаның .....	173
Бақыт қой .....	174
Мүсін .....	175
Бір қарындасқа .....	176
Құсым болшы қолымдағы .....	177
Сені іздедім .....	179
Өкпелеме .....	180

## ЖАУЫНГЕР ДӘПТЕРІНЕН

Азат Куба .....	182
Айыпқа бұйырма .....	183
Мені сонда іздесең .....	184
Теңіз шуы .....	185
Демалыста шаңғышылар .....	186
Достым ән сап отыр .....	187
Бақытқа енем .....	188
Бастадым дастанымды .....	189
Өзіңді құшқым келеді .....	190
Орман .....	191
Мұңайма достым көңіл аш .....	192
Жеткенше мақсатыма .....	193
Шекарашы махаббаты .....	194
Сағындым .....	195
Анама .....	196
Астанам – Алматым .....	197
Аяз .....	198
Туғандарыма хат .....	199
Атымды кімдер атады .....	201

## ОЙЫНДА ОЙДЫҢ БАЙЛАҢДЫМ

Жазғытұрымғы елес .....	202
Мұқалмайды ойымда .....	205
Арпалысқан сезімім .....	207
Бар арманым .....	208
Билеп жүрсін санаңды .....	210
Өзгені сыйла бағала .....	211
Жүрсін әр кез санаңда .....	212
Ойлар-ойрлар .....	213
Арман ойлар .....	215
Соны сезем .....	217

Ойында ойдың байландым.....	219
Өкінбеймін.....	221
Ақындар.....	222
Өмірдің аппақ таңы.....	223
Болмасын жаныңа жат.....	224
Ақыл сөз.....	225
Менің жайым.....	226
Ойымды ұйқыдағы оятпашы.....	227
Сағыныш.....	228
Сен тербеші.....	230
Ой арманым.....	231
Жоқты іздедім.....	232
Сөз еттім бірталай.....	233
Жыр жазамын.....	234
Шерімді қозғады кім.....	235
Кетпесін күндер өтіп.....	236
Тыңғылықты іс істе.....	237

## ТҮЗЕТЕ ЖҮР АДАМДАР ІРГЕҢДІ

Уақыт өтіп барады.....	238
Халықта түрткі алаң бар.....	240
Ей! Азамат.....	241
Ей мұсылман баласы.....	243
Жұмбақтасқан заманда.....	244
Тоналған мүлік.....	245
Құныққандар.....	246
Неге жаным.....	247
Тоз-тоз болған.....	249
Ащ, жалаңаш, тоналған.....	250
Халқыңды сорлап жылатпа.....	251
Ей, адамдар!!!.....	254
Құлқын.....	256
Жиындар.....	259

## ОЙҒА ТҮСКЕН ШҰМАҚТАР

Ойға түскен шумақтар.....	260
---------------------------	-----

## ӨМІР БЕТТЕРІ

Күтіп жүрмін кезегін.....	269
Анаңды күт адамдар.....	270

Ұнарсың балам, ұнарсың.....	272
Күз де керек адамға.....	273
Жақсыны жақсы деп біл шамаң келсе.....	275
Олжа емес пе? Несі айып.....	276
Мінез.....	277
Мен өзім.....	279
Іздеп келем.....	281
Қорлама.....	283
Дос көңілі.....	284
Бала күнгі досым Қонысбекке.....	285
Той.....	286
Қайда кеттің бала күн?.....	287
Тап болдым бір ауруға.....	288
Достық туралы.....	289
Он сегіз жетім.....	290
Ұйқы.....	291
Кәрілік-бірлік.....	292
Ойға түскен шумақтар.....	293
Жолдас болдым таяқпен.....	294
Жібермеймін еркіне.....	295
Басымды саған иемін.....	296
Сырмақ.....	297
Жігіттер ойланыңдар.....	299
Білгір тәуіп толып жүр.....	300
Мүйіз.....	301
Өсекші.....	302
Осыларды мен аяймын.....	304
Досыма сөз.....	306
Табыс көзі.....	307
Ағайым Файзрахманға.....	308
Бөбек әлдиі.....	309
Достарым.....	310
Өлгенім келді тіріліп.....	312
Өкінеміз өлген соң.....	313
Өмірдің заңы осылай.....	314
Ұрпаққа хат.....	316
Кейбір жандар.....	317
Ала құйын.....	318
Бажам Аймұхан дүние салғанда айтылған аза.....	319
Көкірегім шерлі.....	321

Рухыңды сенің биік ұстадым.....	323
Кеш алдым қаламымды.....	325
Тілдесемін.....	326
Даниялға .....	328
Нағыз ақын.....	329
Мен тілеймін бақытыңды .....	330
Бақытыңды іздей жүр.....	331
Тозғызба өзіңді.....	333
Нең жақсы.....	334
Өміріңді сыйла, бағала.....	336
Түс пен өң.....	338
Жүрейік бірге.....	341
Құшайын мен де сені .....	342
Ұлт рухын көтеру ата-тегіңнен басталу керек.....	343
Халықтың қамын ойлайық.....	344
Рухымыздың сауаттылығын тәрбиелейік .....	346
Барыңды бағалай біл ағайын.....	347



Рахымхан Сәлменұлы

## ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Корректоры А. Иманғалиева

Компьютерде беттеген А. Маханбетжанова

ИБ № 7901

Басуға 06.01.2015 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.

Көлемі 26,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №3.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.



КАЗАК  
УНИВЕРСИТЕТИ  
Б А С П А У Т И